15-17 жас кездерінде оқушылардың сыртқы ортаны танулары толық қалыптасады. Ойлау қызметтері жоғары деңгейге көтеріледі. Олардың қозғалыс құрылысын түсіну қабілеттілігі жоғарылайды. Кеңістіктік, уақыттық қимыл әрекеттерді жекелей ұғыну, дәл қайталау, бүкіл қозғалысты тұтас орындау мүмкіншілігі қалыптасады.

Жоғарғы сынып оқушыларының алдыға қойған мақсаттарға жетуге ұмтылушылығы, қажырлылығы, шаршаған, болдырған кездерде шыдау қабілеттіліктері секілді ерік- жігерлік қасиеттері пайда бола бастайды. Бірақ олардың басқа мектеп жасындағы оқушыларға қарағанда дене қуаты қасиеттері даму пайыздары азырақ болады.

Жоғары мектеп жасында дене тәрбиесі сабақтары қыздар мен жас жігіттер арасында бөлек жүргізіледі. Олардың ағзаларының анатомиялық, физиологиялық және психологиялық өзгешеліктері, ерекшеліктері дене тәрбиесі жаттығуларын үйрету, дене қуаты қасиеттерін дамыту амалдары мен әдістерін әр түрлі түрде таңдауды, жүктемені әртүрлі беруді, сабақты бөлек ұйымдастыруды талап етеді.

Қыздарға қарағанда жасөспірім жігіттердің жүктеменің көлемі мен қарқынын ұзақ, жоғары деңгейде орындауларының функционалдық мүмкіншіліктері көп. Олар үлкен жүктемелерді жүрек соғу жиілігі аз, қан қысымы жоғары жағдайда орындайды. Осы жүктемелерден кейінгі ағзаның қалпына келуі қыздарға қарағанда жас жігіттерде аз уақыт алады.

Жоғарғы мектеп жасындағы оқушыларға сабақ бергенде ең алдымен күш, күш жылдамдығы жаттығуларына, күш төзімділігіне, аэробты төзімділікке көп көңіл аудару қажет. Қимыл үйлесімділігі қабілеттілігін дамыту жаттығуларының арасынан қимыл әрекетті тез, басқаша құра алу, тепе-теңдікті ұстай, бұлшық еттерді босаңсыта білу жаттығуларына назар аударса дұрыс болады.

Жоғарғы сынып жасындағы оқушылармен өткізілетін дене тәрбиесі сабақтары көбінесе жаттықтыру түрінде жүргізіледі. Жаттығуларды ойын әдісімен орындаулар азайтылып, сабақтарда көбінесе жарыс әдістері қолданылады.

Осы жас кезеңінде олардың дене құрылыстарын, дене қуаты және техникалық дайындықтарын ескеріп, жеке тапсырма беру әдістерін көбірек қолданамыз. Қосымша жаттығулар беру арқылы олардың жаттығулар техникасын тез меңгерулеріне, дене қуаты қасиеттерін дұрыс деңгейде дамытуларына көмектесеміз.

Мектеп бағдарламасындағы оқу материалдарын үйрену және меңгеру дұрыс ойластырылып, сабақтар бір-біріне байланысты, сабақтасты болып жүргізілуі қажет.

Жалпы білім беретін мектептердегі жоғары сыныпта оқитын жасөспірімдердің жоғары дайындығына қол жеткізу үшін олардың дене дайындығы үлкен маңызға ие. Оған қозғалыс қасиеттерінің қажетті даму деңгейі, бәрінен бұрын күш, шыдымдылық, жылдамдық, икемділік, сондай-ақ жүйкеге түсетін психикалық ауырлықтарға,

сыртқы ортаның жағымсыз әсерлеріне қарсы тұрақтылық пен батылдықтар да енеді.

Мектептерде жоғары сыныптардың әрбір оқушысы Президент сынамаларының нормативтерін сенімді түрде орындауына, спорттың әскери-қолданбалы түрлерімен үздіксіз айналысуға, туристік жорықтарды қатысуға, өз денесін жетілдіруге үнемі назар аударуға өз бойында батылдықты, ерік-күшті, моральдық-психологиялық тұрақтылықты, денеге түсетін көп көлемдегі ауырлықтарды көтере білу қабілеті мен даярлықты, бастапқы дәрігерлік жәрдемді көтере білуді және дене жаттығуларын орындауда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге барлық жағдай жасалуы қажет.

Осы айтылып отырған ұсыныстар жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарындағы жасөспірімдердің дене дайындығын күшейту, үшін жаттығудың сабақтық және сабақтан тыс түрлерін ұйымдастыру жүйесін қарастырады. Жаттығуды әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастырғанда, бұл шақырылу жасындағы жасөспірімдердің Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында қызым ет етуге жоғары дайындығын қамтамасыз етеді. Дене дайындығының осындай жүйесінің нәтижелі болуының маңызды шарты оқушылардың дербес, үйде жаттығуы, спорттық секциялар мен БЖСМ-дардың жалпы дене дайындығы топтарында жаттығуы, Президент сынамаларына, спорттың әскери-қолданбалы түрлері бойынша жарыстарға, туристік жорықтарға қатысуы болмақ.

Дене тәрбиесі сабақтарының жаттығу тиімділігін арттыруда жоғары сынып жасөспірімдері үшін, қоғамдық нұсқаушылар өткізе алатын жалпы дене дайындығы бойынша ұзақтығы 30-40 минуттік апта сайынғы сабақ өткізу ұсынылады. Бұл ретте дене тәрбиесі мұғалімі мен алғашқы әскери даярлық оқытушысының тарапынан педагогикалық басшылық жасау міндетті болып табылады. Жасөспірімдердің дене және әскери-қолданбалы дайындығын күшейту үшін оқудан тыс жаттығуларда әскери-спорттық ойындарды (бұрынғы «Өжет» ойынына ұқсас) кең пайдаланған жөн.

Сабақ-жаттығу барсында қозғалыс қасиеттерін дамытуға көбірек назар аударылу керек. Олардың даму деңгейінің артуына жүгіру, кросс, шаңғымен жүгіруді қолдана жоғарлаған жаттығу жүктемелерін ұзақ уақыт бойы және жүйелі жүреде орындау, сондай-ақ күшті, икемділікті, күш және статикалық шыдамдылықты дамытуға себепші болатын ауырлықтарды (штанга, батпандарда, кірлерді) көтеру, гимнастикалық снарядтардағы жаттығуларды пайдалану себепкер болады.

Қозғалыс қасиеттері жақсы дамуы үшін сабақтың тығыздығы мен қарқындылығын арттыру қажет. Бұл үшін жаттығушылардың қызығушылығы мен белсенділігін көтермелейтін жаттығудың айналма әдісін, кедергілер алабынан өтуді жиі қолдану, көп адам жаттыға алатын снарядтарды, тренажерларды, ұсақ спорттық жабдықтардың көптеген жиынтығын, оқытудың техникалық құралдарын пайдалану керек.

Қажетті қозғалыс қасиеттері мен іскерліктердің дамуы мен бірге оқушылар да моральдық-ерік қасиеттерін, мектепте де, сондай-ақ одан тыс жерлерде де дене жаттығуларымен дербес айналысуға деген ұмтылысты тәрбиелеу қажет.

Барлық сабақтардың мазмұнында теориялық материалдар бар. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлерінің дене дайындығына қойылатын талаптар жоғарғы сынып оқушыларын таныстыру маңызды болмақ.

Жоғары сынып оқушыларының дене тәрбиесі сабақтары елеулі ерекшеліктерге ие. Олар мыналармен сипатталады:

- Негізгі қозғалыс дағдыларын дамытуға, Президент сынамаларының және оқу бағдарламасындағы нормативтік талаптарды тапсыруға даярлауға баса назар аударылады.

- Әскери-қолданбалы жаттығулар үлесінің көптігімен, дағдылар мен іскерліктерге үйретуде стандартты емес жағдайларды пайдаланумен; жекпе-жек тәсілдерін, күрделі және күтпеген жағдайларда шешім қабылдауды қажет ететін жаттығуларды сабаққа енгізумен; үлкен дене жүктемелерінен (ұзаққа созылған жүгірістен, шаңғы қашықтығын жүріп өткеннен және т.б.) кейін қозғалыс үйлесімділігі үшін қажет қозғалыс қимылдарын орындап жаттығумен; моральдық-ерік қасиеттерін, денеге түсетін үлкен күш пен психикалық қиналысты жеңуге деген қабілеттілікті тәрбие-

леуге басты назар аударумен.

Жоғары сынып оқушыларының қозғалыс қасиеттерін дамытуда төмендегідей әдістемелік қағидаларды ұстану ұсынылады:

Күш қасиеттерін дамытқанда:

- Өсіңкі (көп жағдайда) және статикалық сипаттағы, бір жерге, бір аумаққа және жалпы әсер ететін жаттығулар кешенін қолданады;

- Күшті дамытқанда түсетін жүктеменің көлемі (елеулі қиналыспен бір жаттығуды 6-8 рет қайталағанда) көп, ал күш шыдымдылығын дамытқанда аз (20-25 рет қайталағанда) болады;

- Жаттығулар арасындағы демалыс аралығы 1-3 минут;

- Кешенді орындаудың ұзақтығы 10-12 минут;

- Жаттығуларды сабақтың негізгі бөлігінің екінші жартысына енгізеді. Жекелеген жаттығуларды кіріспе бөлімде орындауға болады.

Шапшаңдық қасиеттерін дамытқанда:

- Орындау шапшаңдығына оқушылар назарын толықтай аударуға (мысалы, бар екпінімен 30-50 метрлік қиындыларды қайталап жүгіріп өту; арасына 1,5-2,0 минут салып 2-4 рет қайталау), кенеттен берілген белгі, санау арқылы қимылды орындауға мүмкіндік беретін техникалық жағынан күрделі емес жаттығуларды пайдаланады,

- Жаттығу ұзақтығы шапшаңдық (қозғалыс екпінділігі) төмендемейтіндей болуы керек;

- Жаттығуды, әдетте, сабақтың бірінші жартысында, алдын ала қыздырылғаннан кейін орындайды.

Шапшаңдық - күштілік қасиеттерін дамытқанда:

- Шапшаңдық - күштілік қасиеттерін көрсетуді талап ететін жаттығуларды қолданады, оларды жоғары деңгейде орындайды, денеге түсетін жүктеменің ұзақтығы 20-25 сек, демалыс аралығы 1,5-3 минут;

- Қосымша түсетін ауырлықтар (қарсылық) көлемі шапшаңдық - күштілік жаттығуларының басты бағыттарын анықтайды, ауырлықты азайту шапшаңдық қасиеттеріне көп әсер етуге, ал арттыру күш қасиеттерінің артуына әкеп соғады;

- Кешен 3-4 жаттығудан тұрады және 608 минут ішінде орындалады;

- Әрбір сабақта кемі 2-3 қозғалыс қасиеттерін дамытатын жаттығуларды орындау.

1. Күш қасиеттерін дамыту. Күшті дамытуды динамикалық және статикалық режимде орындалатын жаттығуларды пайдалана отырып, қайталау әдісімен жүзеге асырады. Белсенді демалыс кезінде иілгіштікті, тыныс алуды, қозғалыс үйлесімділігін дамытатын жаттығулар жасалады. Күшті кешенді түрде дамыту үшін арқаның, іштің, иық белдеуінің, аяқ пен қолдардың негізгі ет топтарына әсер ететін жаттығулар іріктеліп алынады. Жекелеген ет топтарына арналған жаттығуларды алмастырып отыру керек. Күш жаттығуларын кіріспе бөлімнің немесе сабақтың негізін бөлімінің соңында орындаған тиімді.

Статикалық жаттығулар кешендері көп жағдайда сабақтың кіріспе бөлімінде орындалады. Олар жеке еттерге де, сондай-ақ ет топтарына да әсер етуге мүмкіндік береді. Статикалық жаттығуларды созылу мен босаңсуға арналған жаттығулармен алмастырып отыру қажет. Әрбір жаттығуды 15-20 минут орындайды, барлығы 6-9 жаттығуды құрайды.

Күшті, күш және статикалық шыдамдылықты дамыту үшін жаттығулар үлгісі:

Қол мен иық белдеулерінің еттері үшін: тіреліп, асылып жатып қолдарды бүгіп, жазу; серігінің қарсылығын жеңу; аяқтардың көмегінсіз арқанмен өрмелеу; қос сырықта таянып тұрып, қолдарды бүгіп, жазу; 16 кг кір тасын бір және екі қолмен көтеру; тартылу, белтемірге асылудан көтерілу және онда жанға созылу.

Іштің еттері үшін: отырған қалыптан түзу ұсталған аяқтарды көтеру; қос сырықта таянып тұрып, бұрыш жасау т.б.

Арқа еттері үшін: етпетте жатқан қалыптан шалқаю; аяқтардың арасын алшақ қойып еңкею; жауырынды түзу ұстап жүк көтеру (16 кг кір тасы, 4-8 кг-дық батпан, 4 кг нығыздалған доп т.б.).

Аяқтардың еттері үшін: таянбай және жүк көтеріп, бір және екі аяқпен отыру; отырған қалыптан жоғары қарай секіру; екі иыққа ауыр жүк қойып, гимнастикалық қабырғаның жанына отыру; иыққа ауыр зат қойып жүру.

Серігімен жасалатын жаттығулар:

қолды желкеде ұстап еденде жатқан қалыптан серігінің қарсылығын жеңе отырып, аяқтарды бүгіп, жазу. Қолдары мен аяқтарынан демеп ұстап, серігін иыққа салып алып жүру. 16 және 24 кг кір тастарымен жаттығу.

Ауырлықпен жасалатын жаттығулар кешеніне жұмыс жасап тұрған еттерді босаңсытатын арнайы жаттығуларды енгізу керек. Босаңсу еттердің қиналысын азайтуға себепші болады. Қан айналысының жақсаруына және шаршаған еттердің жұмыс қабілеттілігінің жылдым қалыпқа келуіне әкеледі.

2. Шыдамдылықты дамыту. Жалпы шыдамдылықты дамыту үшін ұзаққа жүгіруді, шаңғымен жүруді, жүзуді, кроссты және т.б. қолданады. Шыдамдылықты дамытуға себепкер болатын жаттығулардағы жүктемелерді, оларды орындаудың қарқындылығы мен ұзақтығын өзгертумен реттейді.

Шыдамдылықты өзгертіп және бір қалыпты екпінде 15-20 минут жүгіру; 200-400 м қиындықты қайталап жүгіріп өту; нәтижені есептеп 3000 м-ге жүгіру; 3,0-3,4 м/ сек орташа шапшаңдықпен 5 км-лік кросс;

Ойлы-қырлы жерлермен 10 км-ге дейін шаңғымен жүру;

- 500-600 м-лік қиындыны 4-6 рет қайталап жүріп өту, 5 км-ді шаңғымен жүгіру;

- 100-200 м-ді жүзіп өту;

- Спорт ойындары, кедергілер алабынан қайталап өту;

Шапшаңдық шыдамдылығын дамыту үшін жаттығулар үлгісі:

- 100-300 м-лік қиындыны қайталап жүгіріп өту; 40-50 м-лік қиындыны 10-15 рет қайталап жүгіру; шаңғымен 300-800 м-ді жүгіру; 25-30 м-ді 2-3 рет жүзіп өту.

3. Шапшаңдық-күштілік қасиеттерін дамыту үшін ауырлықтарды көтеруді, сондай-ақ өз денесінің салмағын көтеру жаттығуларын пайдаланады. Шапшаңдық-күштілік жаттығуларын әдетте сабақтың кіріспе және негізгі бөліміне енгізеді және айналма және толассыз әдіспен орындайды. Екпін – жоғары болады.үзіліс кезінде тыныс алу және босаңсу жаттығуларын қолданады. Бастапқыда шапшаңдық бағыты басым шапшаңдық-күштілік жаттығуларын орындайды. Олардың арасына 30-60 сек салып 2-3 рет қайталайды. Содан кейін күш бағыты басым шапшаңдық-күштілік жаттығуларын орындайды.

Шапшаңдық-күштілік қасиеттерін дамытулар үшін жаттығулар үлгісі: көп қайтара секірулерді; биіктікке секіргеннен кейін жоғары секіруді; орыннан және екпін алып ұзындыққа қарғуды, биіктікке секіруді; гимнастикалық снарядтарды пайдаланған эстафеталарды; ядро серпуді (5 кг), гранатаны (700 г) қашыққа лақтыруды; кедергілер алабынан және оның элементтерінен өтуді; серігіне аяқтарын ұстат қызып, екі қолмен жүруді; арқанмен шапшаңдыққа өрмелеуді қолданады. Сондай-ақ Х сыныпта 8 х 10 м қайталап жүгіруді; XI сыныпта 10 х 10 м-ге; арқаны алға беріп жүгіруді; кері айналып жүгіруді; салмағы 3-5 кг нығыздалған допты қолға ұстап жүгіруді, таянып жатудан қолдар және аяқтар бір мезгілде итеріле, ырғып алға жылжиды; серігін арқасы мен иығына мінгізіп жүгіруді; 2-3 снаряд арқылы таянып секіруді; тоңқалаң асуды, секіртпе арқылы секіруді пайдаланады.

4. Икемділік пен қозғалыстың дәлдігін дамыту. Икемділікті дамыту үшін көру арқылы және онсыз да бақыланатын қозғалыстың дәлдігіне арналған жаттығуларды, қолдар мен аяқтардың, әсіресе жағдайдың кенеттен өзгеру кезіндегі өзара үйлесімділігіне бағытталған жаттығуларды қолданады. Икемділікті дамытатын жаттығуларды сабақтың негізгі бөлімінің басында өткізген жақсы.

Икемділікті дамыту үшін жаттығулар үлгісі:

Асылулар мен таянулар: белтемірде жазылып көтерілу; ақтарды алға және артқа сілтей көтерілу, аяқтарды сілтеп артқа қарай секіріп түсу.

Акробатика: кедергі арқылы алдыға созыла тоңқалаң асу; көмекпен қолға тұру; сол және оң жаққа аунап түсу.

Қозғалмайтын және жылжып бара жатқан нысанаға гранат лақтыру.

Шаңғы дайындығы: қырдан түсу; бұрылыстар; тежелу, түсу кезінде кедергілерден өту.

5. Жылдамдықты дамыту. Жылдамдықты дамытуға арналған жаттығулар бар шапшаңдықпен орындалады, орындалу

ұзақтығы 10-20 секундтан аспайды.

Жылдамдықты дамытатын жаттығулар үлгісі: санды жоғары көтере барынша жылдам жүгіру, бастаушыға ілесе жүгіру, бар шапшаңдықпен 60, 100 м-ді жүгіру; бар шапшаңдықпен 4 х 80 м-ді қайталап жүгіру, әр түрлі қалыптағы сөреден шығу; спорттық ойындар – баскетбол, волейбол, қол добы және басқалар.

Бар шапшаңдықпен 300 м-ге дейінгі қиындыны шаңғымен жүгіріп өту.

6. Оқушылардың дербес жаттығуы. Қозғалыс қасиеттерін дамыту үшін жоғарыда келтірілген жаттығулар кешені оқушылар дербес жаттыққан кезде табысты пайдаланылуы мүмкін, оларды не өздері таңдайды немесе мұғалімнің тапсыруымен орындайды. Бұл тапсырмалар сынып үшін жалпы болуы немесе жоғары сынып оқушыларының қозғалыс дайындығының деңгейін есептей отырып жекелей де болуы мүмкін.

Мұғалім оқушыларға өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізуді ұсына алады. Олар онда үй тапсырмаларының орындалуын, өз қозғалыс дайындығының өскендігі мен денеге түсетін күшті көтерудің негізгі көрсеткіштерін үнемі белгілеп отырады. Осы күнделікте нормативтер мен талаптарды оқушылардың орындауы да белгіленеді.

Жоғарыда баяндалғандарды орындау барысында қозғалыс дағдыларын меңгеру мен дене қасиеттерін жетілдіру үшін дербес тұрақты жаттығу қажеттілігі қалыптасады, болашақ жауынгерлердің дене дайындығына қойылатын білімдер жинақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2006.
2. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания / под ред. Б.А. Ашмарина. – М., 1990.
3. Аулик И.В. Как определить тренированного спортсмена. – М.: ФиС, 1977.
4. Вайцеховский С.М. Книга тренера. – М.: ФиС, 1971.
5. Годик Н.А. Контроль тренировочных и соревновательных нагрузок. – М.: ФиС, 1980.
6. Гужаловского А.А. Основы теории и методики физической культуры. / Под общ. ред. проф. Гужаловского А.А. – М.: ФиС, 1986.
7. Дүйсембин Қ. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы. / Қ. Дүйсембин, З. Алиакберова. – Алматы, 2003.
8. Евсеев Ю.И. Физическая культура. – Ростов – на – Дону: «Феникс», 2002.
9. Зациорский М.Я. Физические качества спортсмена. – М., 1980.
10. Коршунов А.М. Секреты долгой молодости профессора Никитина М. – М.: «Советский спорт», 1990.

УДК 796

ФУТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ 6-7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ КҮЙІНЕ ӘСЕРІ

Мүлік Ш.

Егеменді еліміздің білім беру саласындағы көптеген озық тәжірибелер бізге педагогикалық үрдіс пен дәрігерлік бақылау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда футбол ойнау жастардың денсаулығын нығайтып, жұмыс қабілеттілігін арттырып және спорттық шеберлігін жетілдірудің маңызды құралы болып табылатындығын дәлелдеп берді. Денсаулықты нығайту мәселесін шешудің методологиясы футболмен жүйелі түрде шұғылданатын жеткіншектер мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктері туралы ғылыми мәліметтерден бастау алуы тиіс.

Бүгінгі футбол үшін белсенді қимыл-қозғалыс, бұлшық еттердің қарқынды жұмысы, әр түрлі қимыл әрекеттері, матч кезінде құрылымы мен сипаты мен күрделілік дәрежесіне қарай физикалық жүктемені тең бөлу тән. Осылардың ішіде негіз-

гілері доппен жасалатын іс-әрекеттер (допты қағу, алу, доппен жүгіру, лақтыру, қақпаға соғу) және футбол алаңында қимылдар (жүру және жүгіру). Сондай-ақ футболшылар қарсыластарына қатысты күшпен жасалатын тәсілдер мен секірулерді жиі орындайды.

Доп үшін күресте ойыншыдан допты дәл беру нақтылық, дәлдікті, техникалық дағдыны, ара қашықтықты болжауды, соққы күшін есептеу, уақытты ұтымды пайдалану, жылдам ойлауды талап етеді. Жүктеме мөлшері бойынша футболшының қимыл – қозғалыс әрекетінде ойын алаңы бойынша түрлі қимылдар жасап жүгіру негізгі болып саналады. Жүгіруге жылдамдық пен қарқынды қимыл тән. Жүгіру адам денесінің түрлі жағдайында басталады, ауыспалы ритм мен қарқындылық, белгілі бір қашықтықта жүгіру, кездейсоқ тоқтау тән. Футбол алаңының қарсыластар аймағын белгіленбеген кеңістігі спортшылардың максималды және субмаксималды жылдамдықпен қысқа қашықтықта жүгіруін байқатады. Футболдың басты ерекшелігі ойын алаңында үнемі жағдайдың өзгеруі мен соған байланысты футболшының қимыл әрекетінің өзгеруі. Түрлі тәртіптегі ойын барысында сипаты мен күштілігі мен ұзақтығына қарай жаттығулардың кезектесу қатынасы саналады (Ю.М. Лукин, 1990).

В.С. Фарфельдің спорт физиологиясын жіктеуіне сәйкес футбол стандартты емес немесе жағдаяттық жаттығулар тобының қатарына жатады. Футболға қимылдық циклдік құрылымы (жүгіру) мен сондай-ақ ациклді – спринтті жылдамдық (соққы, лақтыру, допты қабылдау мен беру) тән.

Осыған байланысты қимылдың аралас формасы туралы айтуға болады. Футболдың осы ерекшеліктері – адам ағзасының тиісті қасиеттерінің дамуын талап етеді. Адам ағзасы мен жүйесінің түрлі режимге үйренуі, Бұларға белсенділіктің жұмыс деңгейінің күрт өзгеруі, түрлі функциялар қызметінің қайта құрылуы, қалпына келтіру үрдісінің жылдамдығы жатады. Футбол командалық ойын. Сондықтан ойыншылар арасында өзара түсіністікті, команда мүшелерінің қарым-қатынас жасау үйлесімділігін талап етеді. Ойыншылар санының көптігі мен ойын алаңының көлемі уақыт пен кеңістікті таңдауда белгісіздікке әкеледі. Қазіргі заманғы футболда ойынның қиыншылығына жоғарғы қарқындылықпен қоса уақыт тапшылығын атайды. Осының барлығы тек дене жүктеменің артуын ғана емес, эмоционалдық және психологиялық қысым орын алуына себеп болады.

Футбол – спорттық ойын түрлеріне жатады. Спорттық ойындар дене тәрбиесі бойынша мектеп бағдарламасына енген басқада дене шынықтыру және спорт жаттығуларымен бірге оқушылардың адамгершілік - ерік және қимыл сапаларын жақсартуға көмегін тигізеді. Спорттық ойындарды үздіксіз жүйелі түрде ойнау төзімділік, ептілік және қимыл-әрекеттер жасауда тапқырлық таныту сапаларын қалыптастырады. Спорттық ойындардың түрлеріне бадминтон, баскетбол, волейбол, қол добы, регби, теннис, футбол, хоккей жатады. Осы спорттық ойындардың мәні ерекше. Оқушы әрбір ойынға қандай сипатты қимыл-әрекеттер тән екенін және оларды қалай меңгеру ерекшеліктері мен әрбір ойынның ағзаларына қандай әсері болатынын білуі керек.

Спорттық ойындардың ішіндегі футбол ойыны сұрапыл әрі адамның жүрек қылын тербететін дене тәрбие ойыны болғандықтан, ол “дүниедегі маңдай алды спорт”, “дене тәрбиесінің патшасы” делініп, бүкіл дүние халқының қастерлеуіне бөленуде. Футбол ойынында жарыс майданы кең, жарыс уақыты ұзақ, қатынасатын адам көп әрі сайысуы қат-қабат, допқа таласуы қянкескі, еліктіргіштігі күшті, драммалық қасиет болады. Жақсы ойналған бір майдан футбол жарысының телевизор көрермендерінің өзі 10 миллионға жетеді. Бұл жағынан да әр қандай бір дене тәрбие түрімен салыстырғанда алда тұратындығы шүбәсіз.

Футбол ойыны адамдарды дене жақтан жан-жақтылық шынықтырып, жылдамдық, күш, төзімділік, икемділік, ептілік жақтарынан да, қайсар, зерек, қағылез, мойымас қасиетпен жұдырықтай жұмылып селбесетін ұжымдық рухты жетілдіру жағынан да зор маңызға ие. Футболшы үшін қимыл аппаратының арнайы дайындығы аса қажет. Олардың жұмысы жылдамдық - күш сипаттағы жұмыс болып табылады. Ойын алаңының көлемділігі, соған байланысты көп жүгіру, ойынның ұзақтығы

бұлшық еттердің анаэробты-аэробты талаптарда жұмыс істеуге жақсы бейімделуін талап етеді.

Футболшының қимыл-әрекетінің тиімділігін арттыруда көптеген рецепторлардан түсетін ақпараттың маңызы зор. Көру ауданы мен тепе-теңдік анализаторларының функционалдық күйі төм егенде жоғары спорт түрлеріне қол жеткізу мүмкін емес. Футбол ойыны кезінде тез жүгірудің маңызы зор. Аз демалып, көп жүгіру ағзаның анаэробтық мүмкіншіліктерін дамытады. Ойын кезінде футболшы орта есеппен 5-8 км жүгіреді. Оттегін тұтынудың максималды шегі 62.5 мл/ мин /кг тең болады.

Тыныштық кезінде футболшының жүрегі минутына 48-54 рет соқса, ойынның алғашқы минуттарында 160-170 рет/мин көтеріліп, содан кейін 160/180 рет / мин деңгейінде тұрақталып қалады, ойынның кейбір сәттерінде 200 рет/ мин жетеді. Ойын суық ауа-райы кезінде немесе жаңбыр жауып тұрғанда өтетін болса, зәрде ақуыз пайда болады.

Қазіргі заманғы футболда спортшылардың функционалдық дайындық деңгейіне қатал талап қойылған. Футболшыларды дайындаудағы атлетизмге жоғары мән берілгендіктен, ойын барысындағы қарсыластарымен допқа таласудағы қаталдық – ойыншылардың қателесуіне жол бермейді. Футболшыларды функционалдық дайындаудың жоғары деңгейі көптеген ойын әрекетерін, ойын барысындағы қарқындылықты, жұмыс қабілеттілігін матч бойы сақтауды қажет етеді.

Соған байланысты дайындық кезінде спортшылардың денсаулығын нығайтатын, спорттық шеберлікті қалыптастыратын әдіс-тәсілдерді анықтау қажет. Сондай-ақ жаттықтырушы оқу-жаттығу үрдісін құруда белсенділік танытып, футболшылардың денсаулығы мен жеке ерекшеліктерін ескеруі тиіс (Н.Д. Граевская., 2004, Г.Н. Семаева, 2004).

Бақылаудың дәрігерлік-физиологиялық әдісі – спортшының жұмыс қабілеттілігін, ағзасы мен жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін, дайындық кезіндегі жүктеменің көлемін, кезеңдерін, сондай-ақ спортшы ағзасының дайындықтан кейін қалпына келтіру үрдісін анықтауға мүмкіндік береді (В.Е. Рыжкова, 1971). Осы ақпаратты қолдану футболшылардың ойын алаңындағы іс-әрекетін қарқынды басқару мүмкіндігін кеңітеді.

Футбол ойынының басқа ойын түрлерін қарағандағы ерекшелігі спорттық іс-әрекеттің барлық компонентін қамтуы. Психикалық (ойын барысындағы жағдайдың өзгеруін байланысты әдіс-тәсілді өзгерту, жылдам шешім қабылдау), нейродинамикалық (жылдамдық пен қозғыш-тық деңгейінің артуы), энергетикалық (ағза өнімділігінің аэробты және анаэробты түрі), қимыл – қозғалыстық (жылдамдық пен күш сапасы, дәлдік,ұшқырлық сондай-ақ вегативтік реттеу қысымы.

Футбол ойынымен шұғылдануды физиологиялық позициядан ғылыми негіздеу перспективасы қазіргі әлеуметтік жағдайға байланысты жасөспірімдер мен жеткіншектердің денсаулығын нығайту тұрғысынан теориялық және тәжірибелік жағынан алғанда да өзекті саналады. Осы мәселені шешу футболшылар дайындауда дарында балаларды іріктеуге, үлкен футболға арнайы дайындауға мүмкіндік жасайды. Жас футболшының функционалдық мүмкіндігін оның денсаулығы мен жеке ерекшеліктері анықтайды. Бұл белгілі бір деңгейде спорттық іріктеу мен жаттығу жұмыстарының сипатына байланысты.

Жаттығу спортшыларда энергетикалық алмасу мен ағза қызметінің бейімделудің нақты типін қалыптастырады. Бұл арнайы және арнайы емес жүктемеге бейімделу реакциясы ерекшеліктерінен байқалады. Кейбір авторлардың мәліметтері бойынша футбол ойыны көптеген күш жұмсалатындығын басшылыққа алады.

Көптеген авторлардың мәліметтер бойынша футбол ойынына жұмсалатын күш шығыны мөлшері 90 минутта 1260-1980 ккал құрайды. Бірінші разрядтағылар үшін 1260-1510 ккал, жоғары дәрежелі кәсіби футболшылар үшін 1490-1980 ккал. Осындай көлемдегі күш жұмсау футболшылардың жүрек-тамыр және тыныс алу жүйесінің жұмысының артатынын, салыстырмалы түрде осы жүйелердің қалыпты жағдайдағы жұмысынан 8-12 есе артық. Футбол ойыны анықтайтын маңызды факторларының пульс соғу жиілігін тіркеу. Мұның көлемі ойын амплуасына байла-

нысты. Мұның ауыспалылығы анықталған. 130-200 уд/мин. Түрлі дәрежедегі футболшылардың орташа пульс соғысы ойын мен жаттығу кезінде біркелкі. Кейбір авторлар жоғары кәсіби футболшыларда орта есеппен 163-180 уд/мин. Бірінші санаттағы футболшыларда шамамен 151-170 уд/мин. Жартылай қорғаушылар стационар режимінде жұмыс жасаса, шабуылшылар – жылдам, шыдамды болып келеді. Бұл жаттығу процесінде техника-тактикалық тұрғыдан және физикалық дайындық жағында жеке қарастыруда талап етеді. Бірақ соңғы кездері ойыншыларды әмбебап түрінде дайындау тенденциясы байқалуда.

Футболшы бір ойында 10 км жүгіруге дайын болуы тиіс. Бұл тек жүгіру емес, шапшаңдықты қажет етеді. Бұған жұмсалатын күш деңгейі әртүрлі. Футбол ойыны барысында динамикалық аэробты-анаэробты жұмыс іске асады. Энергияның қайнар көздері ретінде қышқылдандыру процесі мен көмірқышқылдарының бөлінуі саналады. Шамамен жұмысқа 30-70% қуаттылық жұмсалады.

Бұл ойында энергиямен қамтамасыз ету бойынша басқа ойын түрлерінде жоқ ерекшелік бар. Қимыл-қозғалыс белсенділігі басым бөлігін анаэробты гликолитті механзм құрайды. Матч барысында жылдамдықты арттыру энергиямен қамтамасыз етудің аэробты механизмі қуаты болып табылады. Аз уақыттың ішінде бұлшық ет талшықтарының қимылдау процесі жүреді. Бұл олардағы энергия қорын шығындауға әкеледі (70мМ/л) дейін (М.А. Годик, 1980). Бұл біртіндеп футболшылардың жаттығу кезіндегі бастапқы қарқынын төмендетеді. Сондықтанда футболшылардың демалуының аздығына байланысты миокард өзгерісіне әкеледі.

Кейбір авторлардың зерттеулерінде футболшылардың балалық және жасөспірім кезеңіндегі энергиямен қамтамасыз ету механизмі әртүрлі деген мәліметтер береді. Жыныстық жетілу кезінде анаэробты механизмдер жұмыс істейді, пубертатты кезең соңына дейін жалғасады. 7 мен 17 жас аралығы көмірсу алмасу процесіндегі өзгерістермен ерекшеленеді. Жасөспірім кезеңінде ұлдарда сұлбалық бұлшық еттерінде гликогені көбейеді.

Аэробты мүмкіндіктер оттегін максималды қолдану мөлшері бойынша бағаланады. Бұл баланың денсаулығы бағалаудың сенімді критерий ретінде саналады. Себебі, адам ағзасының қоршаған ортаның жағымсыз факторы мен түрлі ауруларға төзім-ділігін анықтайды (Н.И. Волков, 1969, Р.М. Васильева, 2004). Көптеген авторлардың мәліметтері бойынша футболшының кислородты қажетсіну диапазоны 51-70 мл/кг/мин (В.М. Алексеев, 1985). КМҚ мен кәсіби спортшының арасында өзара тікелей байланыс бар. Футболшының жүктемесінің негізін күш-жылдамдық жұмысы құрайды. Өйткені, бұлшық ет ойын барысында көптеген уақыттар бойы бірнеше қайталана жұмыс істейді. Матч барысында футболшыдан жалпы және арнайы төзімділікті қажет етеді.

Бұл спортшының барлық негізгі физикалық сапаларын көрсетеді: жылдамдық, шапшаңдық, күш, икемділік, төзімділік (Н.Д. Граевская, 1969). Сонымен спорттық ойындар, соның ішінде футбол ауыспалы жарыс негізіндегі ойын болғандықтан, арнайы төзімділікті талап етеді. Футболшының қимыл әрекеті қайталамалы-ауыспалы болып келеді. Мұнда спортшы үшін маңызды күші мен жылдамдық сапалары байқалады. Бұл спортшының физикалық дайындық құрылымында ерекше орын алады. Футбол спорттың басқа түрлері сияқты адам ағзасына спецификалық тұрғыдан әсер етіп, жаттығушының морфологиялық және функционалдық көрсеткіштеріне белгілі бір өзгерістер әкеледі. Бұл өзгерістер спортшының жас ерекшелігіне, кәсіби шеберлігіне және спорттық маусымға байланысты. Отандық және шетелдік мамандар ойында жеңіске жетудегі негізгі басты рөл жоғары дәрежедегі техника-тактикалық шеберлік пен физикалық дайындық, әсіресе футболистің жұмыс қабілеттілігіне байланысты деп есептейді.

Жұмыс қабілеттілігін анықтау баланың денсаулық деңгейін сан жағынан, ағзаның түрлі жүйесінің функционалдық дамуын және бірінші кезекте күшпен қамтамасыз етуін бағалауға мүмкіндік береді. Физикалық жұмыс қабілеттілігінің деңгейі адамның денсаулығының сандық көрсеткіші саналады. Бұл көрсеткіштің төмендеуі адам денсаулығының бұзылғандығын білдіреді. Бұл дәрігердің жұмысында диаг-

ностикалық көрсеткіш ретінде қолданылады. Ағза қабілетіне қарай күш қуат қоры мен жеке ағзаның денсаулық деңгейі, көптеген қоршаған ортаның жағымсыз әсеріне ағза ұрықтылығын анықтауға мүмкіндік пайда болады.

Физикалық жұмыс қабілеттілікті аралас немесе статикалық, динамикалық жұмыстағы адамның максималды күш жұмсауының потенциалды қабілеті деп сипаттайды. Физикалық жұмыс қабілеттілік саласы бойынша негізгі көптеген зерттеулерді Г. Леман жүргізген. Физикалық жұмыс қабілеттілікті ағзаның максималдық жұмысқа деген қабілеті деп қарастырған. Басқа зерттеушілер физикалық жұмыс қабілеттілікті ағзаның кез келген максималдық физикалық жұмысты орындау немесе максимум энергияны дамыту қабілеті. Күшін үнеммен жұмсап, алдағы қойған мақсатқа жету деп түсіндіреді (А.Г. Хоружев, 1993, С.В. Тихвинский, 1983).

С. Козловскийдің пікірі бойынша дене қуатының жұмыс қабілеттілігі – бұл ұзақ мерзім бойы ауыр дене жұмысын орындау. Сондай-ақ жұмыс соңында болу мүмкін гемостаз күйзелісін тез жоя білу қабілеті. Автор оның «физиологиялық құнын» ескереді. Неғұрлым жұмыс қабілеттілік жоғары болса, оның құны соғұрлым төмен деп есептейді. Соңғы жылдары жүргізілген ғылыми зерттеулер дене қуатының жұмыс қабілеттілігі мен адам денсаулығы арасында белгілі бір байланыс барын айтады. Г.Л. Апанасенко мәліметтері бойынша индивидтің денсаулығы деңгейіне диагностиканы оның энергетикалық ресурстары қабілетіне сәйкес жүргізу қажет. Г.Л. Апанасенконың пікірінше, неғұрлым энергетикалық негізі жоғары болса, денсаулық деңгейі соғұрлым жоғары болады.

Зерттеушілер энергетикалық потенциалы жоғары адамдардың ағзасы сыртқы ортаның жағымсыз әсеріне төзімді болып келеді деп есептейді (Н.А. Агаджанян., Г.С. Козупица, 1993). Мектеп жасындағы дене қуатының жұмыс қабілеттілігі балаларында басқа жастағылармен салыстырғанда жоғары және төзімді.

Спортшылардың ағзасының дене қуатының жұмыс қабілеттігін тест - сынақ жүргізу арқылы анықталады. Спорттық медицина тәжірибесінде анаэробты жұмыс қабілеттілікті анықтау тесті аса аз жүргізіледі. Бұл спортшының бұлшық етінің жұмысы қарқындылығы мен ұзақтығын қамтамасыз етеді. И.А. Корниенконың зерттеуінде балалар мен жасөспірімдердің жыныстық жетілуі кезеңіне дейін аэробты механизмдері қалыптасады деп көрсетеді.

Жыныстық жетілу кезінде кардиореспиратор жүйесінің қарқынды дамуы 15-18 жас аралығында дене қуатының жұмыс қабілеттігінің артуын екі фактор арқылы көрсетеді. Біріншісі, ағзаның аэробты мүмкіндігінің артуы, екіншіден, ағзаның гомеостазды қолдап, қандағы жиналған сүт қышқылын шығаруы. Ағзадағы сүт қышқылы туралы нақты мәліметтер жоқ, тек түрлі көзқарастар ғана қалыптасқан.

Қазіргі заманғы футболдың ерекшелігі ойын қарқындылығы, алаң бойынша атлетикалық күрес, қатал тартысты ойын, техника мен тактиканы тиімді қолдану. Қорыта айтқанда, жоғары дәрежедегі дене қуатының жұмыс қабілеттігі болып табылады.

Футболдың жалпы даму қарқынын ескере келе ойын әрекетінде ағзаның функционалдық жүйесіне деген талап артуда. Футболшылардың жас ерекшелігіне қарай физикалық жұмыс қабілеттілігін зерттеген авторлар. М.Р. Эльваккад және И.Г. Халявко болса, жас футболшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігін зерттегендер Ч. Направник, Ю.А. Морозов, В.Л. Карпман, З.Б. Белоцерковский, И.А. Гудко. Ересек футболшылардың жұмыс қабілеттілігін М.Р. Эльваккад, П. Новацуи қарастырған. Мұнда авторлар зерттеудің түрі тәсілдерін қарастырып, тест, степ - тест қолданған.

Жаттығу барысында футболшылардың кәсіби дайындығын сынақ арқылы тексерген. Бұл зерттеулер жүйелі тұрғыда емес, сондықтан да футболшының дене қуатының жұмыс қабілеттігі туралы толық мәлімет алуға жеткіліксіз салады. И.Г. Фалестің зерттеу бойынша футболшының дене қуатының жұмыс қабілеттігін анықтаудың бірнеше компоненті бар:

- күш - жылдамдық;
- функционалды, энергетикалық міндіктері;
- тактикалық шеберлік;
- қажетті психикалық сапаларын жетілдіру.

Футболда дене қуатының жұмыс қабілеттігі адамның аэробты төзімділігі мен ағзаның ұзақ мерзімдік қарқынды жұмыспен қамтамасыз ету қабілеттілігі.

Мамандар жас ерекшелігіне қарай футболшылардың дене қуатының жұмыс қабілеттігі артады. Осыған дене қуатының жұмыс қабілеттігінің артуының негізгі үш динамикасы:

- бастапқы (9-11 жас);
- негізгі (12-16 жас);
- ауыспалы (17-21 жас) аралығы.

Жас спортшылардың дене қуатының жұмыс қабілеттігі бұл көрсеткіштерден айырмашылығы бар, әсіресе дайындалмаған спортшыларға қарағанда кәсіби футболшылардың дене қуатының жұмыс қабілеттігі 52% артатынын көрсетеді.

9-16 жастағы футболшылардың аэробты және анаэробты мүмкіндіктерінің дамуының ерекшеліктері. Функционалдық күйінің объективтік бағалау әлбетте адам ағзасына белгілі мөлшердегі физикалық жүктеме есепке ала жүргізіледі. Жас футболшылардың аэробты жән анаэробты мүмкіндіктерінің дамуының ерекшеліктері мен жұмыс қабілеттілігі деңгейін бағалаудың жалпы түрі PWC функционалдық тест саналады (А.И. Абросимова, 1981, В.Л. Карпман, С.В. Хрущев, 1997; С.Б. Тихвинский, Л.Н. Бобко, 1991). Сонымен қатар қазіргі кезге дейін жас спортшылардың аэробты жағдайдағы физикалық жұмыс қабілеттілігіне арналған зерттеулер жеткіліксіз. Ғылыми зерттеулер, адамның жұмыс қабілеттілігі мен денсаулығы арасында белгілі бір байланыс барлығын айтады. Бұлшық ет қызметінің жоғары потенциалдық мүмкіндіктері бар адамдар жағымсыз жағдай әсеріне тұрақтылығы басым болып келеді – гипоксия мен қан жоғалтудан бастап, ішкі ортаның негізгі қышқылды күйіндегі өзгерістерге дейін. (Г.Л. Апанасенко, 1983, Н.А. Агаджанян; А.И. Елфимов, 1986). Аэробты мүмкіндіктер ағзасына ауаны жеткізу процесінің жылдамдығына, сондай-ақ, көмірқышқылды өнімдердің қышқылдану қорына байланысты. Ауа кардиореспираторлы жүйе мен қан жүйесін қамтамасыз етеді. Бұған жүрек бұлшық еттері қуатты әсер етеді, терең тыныстау, қандағы гемоглобин мен эритроциттердің жоғары көрсеткіші. Анаробты мүмкіндіктер футболшының қысқа мерзімді және ауыр жүктемені орындау қабілетімен байланысты. Бұл жұмысты басқа заттар күшімен ауасыз орындауға ықпал етеді. Анаэробты мүмкіндіктер қысқа мерзімді жұмысты орындау қарқыны қуатын анықтауға және тканьдардың гипоксия жағдайдыны бейімделуін сипаттайды. Әдебиеттердегі көптеген мәліметте бойынша жас спортшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігі басқа адамдармен салыстырғандағы көрсеткіштерінде айырмашылықтар барын көрсетеді. Спортшының жасы үлкен болған сайын оның жүрегінің құрылымдық-фунционалдық жұмыс қызметі айқындалады. Орта есеппен жас футболшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігі жаттықпаған адамдарға қарағанда 52% жоғары (В.Л. Карпмпн, 1974; Граевская, 1990). PWC функционалдық тест көрсеткіштері нәтижесі бойынша жас спортшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігінің абсолютті деңгейі 15-16 жасқа қарай артады. Бұл нәтижелердің артуы біркелкі сипатта емес. Жас футболшылардың аэробты физикалық жұмыс қабілеттілігі көрсеткіші 11-12 жаста байқалады. Бұл жастағы футболшылардың жұмыс физикалық қабілеттілігі жаттығу кезінде артады.

13-14 және 15-16 жаста күш – жылдамдық мүмкіндігінің абсолютті және салыстырмалы көрсеткіші анаэробты механизмдерді күш-қуатпен қамтамасыз етумен байланысты. Жалпы алғанда барлық жас ерекшелік топтарында жұмыс қабілеттілік көрсеткішінің деңгейі әртүрлі. Зерттеу нәтижелерінің сараптамасы 11-12 жастағы футболшылар тобында жалпы физикалық жұмыс қабілеттілігі өте төмен және өте жоғары деңгейлі балалар кездесетінін көрсетеді.

Бұл жас футболшылардың физикалық жүктемесі оның жасына ғана байланысты емес, жаттығудың жүктемесін қарастыруды талап етеді. Ағзаның аэробты мүмкіндігін көрсететін негізгі параметрі кислородты максималды қолдану көрсеткіші саналады. Адам ағзасына ауаның қажеттілігі онтогенез кезеңдеріне қарай арту тенденциясын көрсетеді. 11-12 жаста ағзаның жалпы төзімділігіне сәйкес, жоғары аэробты мүмкіндік пайда болады. Көптеген әдебиеттерде төзімділік 8-9 жас кезеңінде

артып, 11 жаста өзгерісіз сол күйінде, 14-15 жаста тұрақталады.

Физикалық жұмыс қабілеттілік көрсеткіштері адам ағзасының физикалық жүктемені орындауға деген функционалдық дайындығын білдірмейді. Бұл физикалық жүктемеге бейімделуге деген реттеу жүйесі қысымы дәрежесі туралы айтуға негіз бола алмайды. 9-10, 11-12 және 13-14 жаста аэробты жүктеменің гипотоникалық типінің басымдылығы анықталған. Бұл типтің реакциялары жүрек соғысы қысқаруы үнемді режимде екендігін көрсетті. Бұл типтегі жас спортшылардың ағзасында қысым басым. 15-16 жаста дистоникалық типтің басымдылығын көрсетеді, Бұл жас кезеңінде жүктемеге бейімделудің гипертоникалық типі өте сирек кездеседі.

Аэробты жағдайда ағзаның жүктемеге деген жауап ретіндегі реакциясы барлық жас кезеңінде дистоникалық типтің басымдылығын көрсетеді. Осы күнге дейін қан айналымы типінің физикалық жұмыс қабілеттілік деңгейіне әсері туралы ғалымдар пікірі әртүрлі. Көптеген зерттеушілер төзімділікке жұмыс істеуге келгенде гипертоникалық типі саналатынын айтады. Жас футболшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігін зерттеуде 9-10, 15-16 жастағы футболшылардың жұмыс қабілеттілігі физикалық жүктемеге сәйкес минутына 170 соққыға дейін жететінін анықтадық. Футболшылардың аэробты режимдегі жұмыс қабілеттілігі 9-10 және 11-12 жаста артады. Біздің зерттеу барысында алынған мәліметтеріміздің нәтижесінің көрсеткіштері басқа да зерттеушілердің нәтижелерімен сәйкес. Зерттеу мәліметтері бойынша балалардың базалық деңгейде аэробты төзімділігінің дамуының жетіспеушілігі дұрыс назар аудармаудан екендігін көрсетеді. Әсіресе 11-12 және 13-14 жастағы балаларда кездеседі. Жоғарыда қарастырылғандарды қорыта айтар болсақ. Анықталғаны жас футболшылардың ағзасының дайындық жаттығу процесіне ұзақ мерзімге бейімделуінің физиологиялық заңдылықтарына тән. Жүрек-тамыр жүйесі мен физикалық жүктеме деңгейі жас ерекшелік динамикасына қарай жас футболшылардың аэробты және анаробты төзімділік деңгейі қан айналу типіне байланысты. Бұл жас футболшылардың дайындық – жаттығу процесінің дифференциалды шкаласының әдістемесін қалыптастыруды қажет етеді. Бұл әдістеме жас футболшыларды дәрігерлік-педагогикалық түзету, патологиялық жағдайын дамытып, футболмен шұғылданатын балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келсек, бүгінгі футбол үшін белсенді қимыл-қозғалыс, бұлшық еттердің қарқынды жұмысы, әр түрлі қимыл әрекеттері, матч кезінде құрылымы мен сипаты мен күрделілік дәрежесіне қарай физикалық жүктемені тең бөлу тән. Сондай-ақ футболшылар қарсыластарына қатысты күшпен жасалатын тәсілдер мен секірулерді жиі орындайды. Доп үшін күресте ойыншыдан допты дәл беру нақтылық, дәлдікті, техникалық дағдыны, ара қашықтықты болжауды, соққы күшін есептеу, уақытты ұтымды пайдалану, жылдам ойлауды талап етеді. Жүктеме мөлшері бойынша футболшының қимыл – қозғалыс әрекетінде ойын алаңы бойынша түрлі қимылдар жасап жүгіру негізгі болып саналады. Жүгіруге жылдамдық пен қарқынды қимыл тән. Жүгіру адам денесінің түрлі жағдайында басталады, ауыспалы ритм мен қарқындылық, белгілі бір қашықтықта жүгіру, кездейсоқ тоқтау тән. Футбол алаңының қарсыластар аймағын белгіленбеген кеңістігі спортшылардың максималды және субмаксималды жылдамдықпен қысқа қашықтықта жүгіруін байқатады. Футболдың басты ерекшелігі ойын алаңында үнемі жағдайдың өзгеруі мен соған байланысты футболшының қимыл әрекетінің өзгеруі. Түрлі тәртіптегі ойын барысында сипаты мен күштілігі мен ұзақтығына қарай жаттығулардың кезектесу қатынасы саналады.

Футбол командалық ойын. Сондықтан ойыншылар арасында өзара түсіністікті, команда мүшелерінің қарым-қатынас жасау үйлесімділігін талап етеді. Ойыншылар санының көптігі мен ойын алаңының көлемі уақыт пен кеңістікті таңдауда белгісіздікке әкеледі. Қазіргі заманғы футболда ойынның қиыншылығына жоғарғы қарқындылықпен қоса уақыт тапшылығын атайды. Осының барлығы тек дене жүктеменің артуын ғана емес, эмоционалдық және психологиялық қысым орын алуына себеп болады.

Спорттық ойындар дене тәрбиесі

бойынша мектеп бағдарламасына енген басқада дене шынықтыру және спорт жаттығуларымен бірге оқушылардың адамгершілік - ерік және қимыл сапаларын жақсартуға көмегін тигізеді. Спорттық ойындарды үздіксіз жүйелі түрде ойнау төзімділік, ептілік және қимыл-әрекеттер жасауда тапқырлық таныту сапаларын қалыптастырады. Осы спорттық ойындардың мәні ерекше. Оқушы әрбір ойынға қандай сипатты қимыл-әрекеттер тән екенін және оларды қалай меңгеру ерекшеліктері мен әрбір ойынның ағзаларына қандай әсері болатынын білуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Чумаков П.А. Спортивные и подвижные игры. – М.: ФиС, 1999. – 231с.
2. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2006. – 315 с.
3. Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. – М.: Физкультура и спорт, 1998. – 224 с.
4. Бабушкин В.З. Подготовка юных футболистов. – М.: Физкультура и спорт, 1985. – 328 с.
5. Чумаков П.А. Футбол. Учебник для институтов физической культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1988. – 197 с.
6. Башкин С.Г. Футбол: поурочная учебная программа для ДЮСШ, Уроки по баскетболу. – М.: Физкультура и спорт, 1996. – 286 с.
7. Бондарь А.Н. Учись играть в футбол. – М.: Физкультура и спорт, 1996. – 365 с.
8. Гомельский А.Я. Футбол: секреты мастерства: 1000 футбольных упражнений. – М.: Физкультура и спорт, 1997. – 326 с.

УДК 37.037

ОРГАНИЗАЦИЯ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ГРУППЫ

Сабитов М.З.

В совершенствовании учебного процесса по физическому воспитанию в колледжах большое значение принадлежит физическому воспитанию студентов, зачисленных по состоянию здоровья в специальную медицинскую группу.

В специальную группу определяют студентов, имеющих заболевания с отклонением в состоянии здоровья временного или постоянного характера, не являющиеся препятствием для учебных занятий в колледже, но вместе с тем требующие ограничения физических нагрузок.

Специальная группа назначается при заболевании с устойчивой стадией болезни. Она характеризуется отсутствием обострения и угрозы обострений под воздействием нагрузок, отсутствием признаков выраженной функциональной недостаточности больного органа или системы, сохранением лишь некоторых клинических признаков заболевания, хорошим, общим самочувствием, отсутствием субъективных жалоб, благоприятной реакцией организма на физические нагрузки, достигнутой благодаря занятиям лечебной физической культурой и т.п. Существуют выработанные практикой конкретные показания к назначению занятий при самых различных заболеваниях.

Основным критерием отбора в различные группы является состояние здоровья студентов. Определяет в специальную медицинскую группу врач при обязательном участии педагога. Нередки случаи, когда врач не может достаточно полно оценить состояние здоровья студента, иногда скрывающего свой недуг. Поэтому преподаватель может и должен оказать помощь врачу своими наблюдениями в уточнении скрытых болезненных состояний. Именно преподаватель может дать наиболее полную, разностороннюю оценку физической подготовленности студента. Право преподавателя — по результатам своих наблюдений требовать более углубленного

медицинского обследования и назначения специальной медицинской группы для занятий физической культурой.

Физическое воспитание студентов специальной медицинской группы решает оздоровительные, образовательные и воспитательные задачи, так же, как и физическое воспитание для остальных студентов колледжа. Но наличие отклонений в состоянии здоровья, физического развития, физической подготовленности, состояние после перенесенных заболеваний требует осуществления индивидуального подхода при выборе средств, методов физического воспитания и дозирования физических нагрузок.

Организация и методика физического процесса по физическому воспитанию таких студентов имеет свои особенности.

В связи с этим проблема овладения и совершенствования методикой физического воспитания студентов специальных медицинских групп является актуальной, как в настоящее время, так и в будущем.

Основными задачами физического воспитания студентов специальной медицинской группы являются:

1) Постепенное и последовательное укрепление здоровья, ликвидация или стойкая компенсация нарушений, вызванных заболеванием, закаливание организма и повышение уровня физической и умственной работоспособности;

2) Повышение физиологической активности органов и систем студентов, ослабленных болезнью;

3) Устранение функциональных отклонений и недостатков в физическом развитии;

4) Ликвидация остаточных явлений после заболеваний, повышение устойчивости организма к неблагоприятным воздействиям окружающей среды;

5) Обучение комплексам физических упражнений с оздоровительной, реабилитационной (восстанавливающей) после перенесенных заболеваний и перерывов в занятиях, и корригирующей (исправляющей) направленностью;

6) Воспитание, в пределах возможного, основных двигательных качеств (сила, выносливость, быстрота, ловкость, гибкость, координация), обучение основным двигательным умениям и навыкам;

7) Воспитание у студентов смелости, настойчивости, дисциплинированности, воли, аккуратности, коллективизма, навыков культурного поведения, добросовестного отношения к труду, бережного отношения к спортивному инвентарю, оборудованию и имуществу;

8) Соблюдение правил личной гигиены, рационального режима учебы и отдыха, полноценного и рационального питания;

9) Воспитание устойчивого интереса и привычки к систематическим занятиям физическими упражнениями, внедрение физической культуры в режим дня студентов. Выработать отрицательное отношение к вредным привычкам (алкоголь, табакокурение, наркотические вещества);

10) Формирование валеологического мировоззрения.

Физическое воспитание студентов специальной медицинской группы представляет собой педагогический процесс, базирующийся на общепринятых методических принципах и методах обучения.

Главная из них - оздоровительная направленность физического воспитания. Учебный процесс преимущественно направлен на постепенное укрепление здоровья, закаливание организма, устранение функциональных нарушений и недостатков в физическом развитии, ликвидацию остаточных явлений после заболеваний.

Обеспечивается это применением соответственно подобранных средств физического воспитания, широким использованием дыхательных и специальных упражнений, закаливающих факторов, умелым соблюдением методических принципов обучения.

Физическое воспитание студентов с отклонениями в состоянии здоровья специфично строгой индивидуализацией. Оно осуществляется с позиций дифференцированного подхода в выборе средств, регламентации физической нагрузки, методике проведения занятий.

При проведении уроков физической культуры учитель должен обязательно учитывать анатомо-функциональные особенности каждого студента, диагноз заболевания, уровень физической подготовленно-

сти, состояния здоровья, степень адаптации организма к физической нагрузке, частные задачи использования физических упражнений при данном конкретном заболевании.

Медицинский контроль над физическим воспитанием студентов обязателен, он регламентирован соответствующими директивными документами.

Средствами физического воспитания студентов являются физические упражнения, использование гигиенических факторов, оздоровительных сил природы.

Физические упражнения являются основным средством физического воспитания студентов. С помощью них осуществляются задачи, направленные на всестороннее физическое развитие студентов, формирование правильных навыков таких естественных движений, как ходьба, бег, прыжки, метание, лазанье, передвижение на лыжах и другое, развитие основных двигательных физических качеств (ловкости, скорости, силы, выносливости, гибкости), воспитание позитивных морально-волевых качеств и полезных привычек.

На уроках физической культуры используются базовое содержание учебного предмета упражнения основной гимнастики - построение и перестроение; основные положения и движения рук, ног, туловища; упражнения с мячами, скакалками; акробатические и танцевальные упражнения; упражнения на гимнастической стенке (для рук, ног и туловища), лазание и т.д.; упражнения равновесия; дыхательные упражнения и упражнения на коррекцию (исправление) осанки.

Раздел легкой атлетики включает в себя следующее: ходьба в разном темпе, бег на скорость и выносливость, прыжки в длину и в высоту с разбега, метание мяча и гранаты, толкание набивного мяча с места.

Лыжная подготовка включает в себя знание по уходу за лыжами, гигиенические требования к занятиям, строевые упражнения с лыжами и на лыжах, технику попеременных и одновременных ходов, технику подъемов и спусков на лыжах, технику подъемов, спусков и поворотов на лыжах, передвижение по пересеченной местности на лыжах.

Өкінішке қарай, көпшілік адамдар, кейбір дәрігерлер де организмнің ауруға қарсы күресетін табиғи күшін ескере бермейді. Сол табиғи күштерді толықтырып, шынықтыруға көңіл бөлмейді. Мемлекеттік барлық құрылымдардың тікелей қатысуын талап ететін маңызды мәселенің бірі – салауатты өмір салты. Ол адамдардың өздері шеше алатын, өз қолдарынан келетін жұмыс. Ендеше, әр адамзат өз денсаулығына жауапты болып, оны әрі қарай нығайтып, шындағаны дұрыс. Денсаулық сақтаудың бүкіл дүниежүзілік ұйымы денсаулықты жақсарту бағдарламасын жасауды 1978 жылдан бастап ұсынған. Бағдарлама жоспарлары жасалып, бірнеше жыл талданды. Ал денсаулық нығайту қозғалысын іс жүзіне асыруда мектептің атқаратын рөлі өте үлкен. Сол себепті 1994 жылы "Денсаулықты нығайту мектептерінің" негізін салып, жобасын жасады. Бұл мектептің жұмысы санитарлық-ағарту бағдарламалары және орта мектептің тәрбиелік іс шараларымен ұштасып жатуы керек.

Жас жеткіншектердің денсаулығы күннен-күнге нашарлап, соңғы кезде аурусырқаулардың саны көбеюде. Бұған генетикалық – тұқым қуалаушылық аурулардың әрі қарай бағыт алуы, адамдардың денсаулық сақтау білімдерінің төмендігі, әсіресе, ақша табу жолында жанын аямай, демалуды ұмытып, өзіне-өзі көңіл бөлмейтіндіктері себеп.

Міне, осындай түсінбеушілікті жойып, сана-сезімі жоғары, білікті, тез шешім қабылдайтын және әртүрлі жағдайдан өзін алып шыға алатын азамат даярлау мақсатында мектептерге "валеология-денсаулықты қалай сақтауға болады" бағдарламасы енгізілді.

Ал бұл жұмыстардың нәтижесі үнемі талқыланып, жинақталып отырады. Соның арқасында:

- оқушылардың денсаулық топтары анықталды, оқу үрдісінде әр балаға қалай көңіл бөлу керектігі ескертілді;

- жас жеткіншек қыз балаларды микроэлементтер, әсіресе Р.Р.-витаминдік жетіспеушілік анықталды.

Бүгінгі оқушы - ертеңгі болашағымыз. Әр балаға ата-аналары, мектеп қызметкерлері жылылық нәр беріп, үлкен үмітпен қараса, өзінің денсаулығын шыңдап, білімін нығайтуға ұмтылған азамат дайындауға болады. Салауатты өмір салтын сақтау арқылы ғана дені сау қоғамға жететіндігіміз айқын.

XX ғасырда туындаған экологиялық қолайсыздық, тиімді өндірістік технологияның дамуы, жұмыссыздықтың көбеюі немесе әлеуметтік теңсіздік, тағы басқа нысандық факторлар адамның түрлі психикалық адамгершілік-рухани және тағы басқа күйлерінің тепе-теңдігінің бұзылуына себепші болды. Адамның өмір салтынан туындайтын осы себептерге байланысты қоғамда адам өлімі, психикалық күйзелістер, ауру түрлері жоғары көрсеткішке жетті. Медицинаның әлеуметтік, гигиеналық, психологиялық, психопрофилактикалық

бағыттарында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі өркениет дәуіріндегі адамдардың денсаулығының нашарлау себептерін анықтап, психогенді және психосоматикалық аурулардың (гипертония, қан тасуы, асқазан жарасы, жүрек ауруларының) алдын алуда адам организмінің түрлі аулуларға қарсы тұруының ішкі мүмкіндігін жетілдіру жағдайын зерттеу мәселесін алға қояды. Осы бағытта С.М. Павленконың адам организмінің гомеостаздық күйін сақтау және кездейсоқ тітіркендіргіштер әсерінен физиологиялық қызметінің бір түрінің (қан айналым, тыныс-салу, температураның қалыптылығы және тағы басқа) бұзылған жағдайында оны қалпына келтіру тетіктерінің заңдылығын зерттейтін - "санология" ілімі дамыды. Бірақ адам денсаулығын сақтауда, оны нығайтуда, ауру түрлерін алдын алуда санология ілімінің ғылыми негіз бола алатынын дәлелдей отырып, И.И. Брехман "салауаттану" ғылымының негізін ұсынған болатын. Ол "санология" ұғымының мазмұнын аша отырып, оның денсаулық жөніндегі ғылым емес, сауықтыру жөніндегі ілім екенін және келешекте ол жаңа ғылым – салауаттанудың маңызды салаларының бірі ретінде (клиникалық салауаттану) жаңа бағытта дамуы керектігі жөніндегі пікірін дәлелдеді. Г.А. Апанасенко салауаттанудың жеке қарастырылу құқығын сараптай отырып, гигиена мен медициналық салауаттануды жеке екі түрлі ғылым ретіндегі ерекшеліктерін көрсетеді. Олардың зерттеу нысандары мен пәндерінің, мақсаттарының әсер ету деңгейлерінің, практикалық маңыздылықтарын, әдіснамалық негіздерінің айырмашылықтарын ажыратып берді. Г.А. Кураевтың, С.К. Сергеевтің, Ю.В. Шленовтың анықтамалары бойынша салауаттану - сыртқы және ішкі ортаның өзгермелі факторларының әсер етуі жағдайында, адамның физикалық, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік мәдени дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ететін және денсаулығын сақтайтын организмнің гигиеналық және физиологиялық мүмкіндіктері жөніндегі ғылым. Салауаттану адам денсаулығын сақтауда әлеуметтік қажеттіліктен дамыған. Оның негізін организмдер жүйесінің динамикалық мүмкіндіктері және тұтас организм жөніндегі түсініктер құрайды. Салауаттанудың міндетіне адам организмнің жүйелерінің қызметін, оның жеке физиологиялық ерекшеліктерін ескере отыру негізінде сақтау және үйлестіру жатады.

Денсаулық үшін өмірдің бір бөлімінде қоюға болады. Денсаулықсыз өмір қызықсыз әлем деп есептеймін». Шынында да денсаулық – адам өміріндегі ең жоғарғы бағалы дүние. Өмірдің шаттығы мен қызығы денсаулыққа байланысты. Адам бақыты – денсаулық. «Денсаулық зор байлық» – дейді қазақ. Ол адам символы дені сау қайырлы адам ауру хандардан артық деген нақыл бар. Дені сау адам көңілді жүреді. Әлемде болып жататын кішігірім, ұсақ түйнектерге ол ешқандай көңіл аудармайды. Көңілді күйімен неше түрлі қиыншылықтарды жеңіп тіршілік ете береді.

Адамдардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес салауатты өмір сүру салты біркелкі болмайды. Әр адам өзіне тән қалыптасқан өмір салтымен тіршілік етеді. Ол ұрпақтан ұрпаққа «ген» арқылы беріліп отыруы мүмкін. Міне осыған байланысты «салауатты өмір сүру салтының» үш категориясы болады.

1 Салауатты өмір сүру деңгейі.

2 Салауатты өмір сүру сапасы.

3 Салауатты өмір сүру стилі.

Салауатты өмір сүру деңгейі дегеніміз – экономикалық категория.

1 Дене шынықтыру.

2 Жеке бас гигиенасы.

3 Жағымды эмоциялар.

Сонымен «салауаттану – денсаулықты сақтау» бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салтын жүргізуге күш салады.

Елімізде денсаулық сақтау ісімен денсаулық сақтау министірлігі айналысады. Адамзат баласының тіршілік өмірінде ең бағалы нәрсе, оның денсаулығы. Денсаулықты сақтап оны орынсыз ысырап кетпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек. Денсаулықты көздің қарашығындай етіп сақтау дұрыс. Оған пассивті емес, активті түрде қарау керек. Денсаулықты сақтаудың жолын үйрету әрбір адамның басты міндеті.

Ғылымда валеология – денсаулық және салауатты өмір сүру салты туралы

ғылым. Салауатты өмір сүру валеология ғылымының негізі болып есептеледі. Валеология гректің және латын тілінен алғанда «валео» – «денсаулық», «logos» «ғылым». Валеология – денсаулық туралы ғылым. Оның алғаш негізін қалаған И.И. Брехман. Ол медицина ғылымдарының докторы, профессор. 1987 жылы ол валеология ғылымын медицинаға, биология және педагогика ғылымдарына енгізген.

Адамзат баласының денсаулығы айналаны қоршаған сыртқы орта факторлары мен ішкі және физиологиялық үрдістермен байланысты болатыны анықталып отыр.

Валеология ғылымының өзіне тән категориясы және негізгі зерттейтін міндеттері бар. Олар:

1 Адамның денсаулығының қалай сақталуын білу.

2 Актуалдығы және потенциалды мүмкіндігін анықтау.

3 Денсаулықтың сақталу факторларын зерттеу.

Осы және басқадай мәселелерді шешу үшін өмір сүрудің сапасы мен салауатты өмір сүрудің салты арасындағы заңдылықтарды зерттеп, шешуге болады. Сондай-ақ адамның денсаулығы мен мәдениеттің арасындағы байланыстардың заңдылықтары анықталуы тиіс, сонымен бірге адамдардың денсаулығы мен адамдардың иерархиялық қажеттілігін анықтап барып, барлық мәселелерді ойдағыдай шешуге болады.

Қорыта келе айтарымыз, валеология денсаулық сақтау, салауатты өмір сүру ғылымы. И.И. Брехман өзінің еңбегінде былай деп жазады: «Адам және биологиялық белсенді заттар» атты кітабында валеология терминін алғаш рет қолданған болатын. Бұл ғылым негізінен адам денсаулығы мен дені сау адамды құрайды деп тұжырымдайды И.И. Брехман. Валеология айналаны қоршаған сыртқы ортаның факторлары адам денсаулығына қалай әсер ететінін қарастырды.

«Салауатты өмір сүру дағдысы» – дегеніміз өмір сүру қажетті іс-әрекетімен мінез-құлқын көрсететін нормалар мен өмір сүру тәсілінің жүйесі. Олай болса рухани-адамгершілік құндылықтың салауатты өмір сүруге қатысы, адамның ортамен қарым-қатынасы, айналысатын ісі, білімі мен тәжірибесі, өмір сүру салты, санасы, сезімі, сенімі мен сапасынан тұратын жүйе. Бұл жүйе сапасының оқушыларға тигізетін ықпалын және салауатты өмір салты дағдыларын дамытудың педагогикалық мәнін келесі бөлімде қарастырамыз. Жас өскіндеріміздің бойында салауатты өмір салты дағдыларын дамыту – қазіргі уақытта ең көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Бұл мәселенің маңыздылығы – қоғамымыздың әлеуметтік жағдайына, экономиканың бүгінгі уақыттағы халахуалына, экологияның нашарлауына, азаматтардың денсаулығына жауапкершіліксіз қарауы себептеріне байланысты да арта түседі. Адамның өз денсаулығына көзқарасын өзгертуі, ең алдымен, тәрбиелік мәселе болып табылады.

Сондықтан, қоғам білім беру жүйесіне мектепті сауықтыруға, балалардың денсаулығын нығайтуға және оларда салауатты өмір салтын дамытуға әлеуметтік тапсырыс береді. Осы мәселе бойынша зерттеулерге талдау жасау бырысуында мынадай қағидаларды ескеру қажеттілігі жайлы тұжырымға келдік: денсаулықты «біртұтас феномен» ретінде қабылдау және жеке тұлғаның өмір сүру салтына байланыстылығын түсіну; салауатты өмір сүру салтын биологиялық және әлеуметтік факторлар арқылы анықтап, мұнда отбасы мен мектептің маңызды орын алатынын ұғыну; сондықтан мектептің денсаулықты сақтау бойынша іс-әрекетін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 1994. – №194. – Б. 15-17.
2. Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы Заңы». // Егемен Қазақстан, 1997. – № 15, – Б. 56-59.
3. Байкер К., Штейнберг Л. Здоровый образ жизни. – М.: Академия, 1997. – 351 с.
4. Дубровский В.И. Валеология. Здоровый образ жизни. – М.: Академия, 1999. – 239 с.
5. Куховицкий Л.М. Помощь своей судьбе. – М.: Академия, 1999. – 118 с.
6. Малахов Г.П. Создание собственной

системы оздоровления. – СБП., 1995. – 334 с.
7. Малахов Г.П. Педагогика здоровья. – М.: Академия, 1991. – 247 с.
8. Петрушин В.И. Психологические аспекты деятельности учителя и классного руководителя. – М.: ФиС, 1999. – 311с.
9. Прихожан А.М. Психология неудачника. Тренинг уверенности в себе. – М.: Академия, 1999. – 324 с.
10. Брегга П.С. Система образования. – М.: ФиС, 1994. – 312 с.
11. Амантурин Ш. Мұғалім және оқу тәрбие жұмысы. – Алматы: Мектеп, 1999. – 221 б.
12. Әбенбаев С. Сынып жетекшісі. – Алматы: Атамекен, 2004. – 119 б.
13. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Атамекен, 2004. – 411 б.
14. Әбенбаев С. Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелілік деңгейін бағалаудың өлшемдері. – Алматы: Жеруйық, 2006. – 340 б.
15. Каплиева А.Қ. Оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру. // Автореферат. – Алматы, 2002. – 45 б.
16. Жамбылова А. Формирование ЗОЖ подрастающего поколения в условиях целостного педагогического процесса школы. – Алматы: Мектеп, 2002. – 210 с.
17. Қалиев С. Салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері (оқу-әдістемелік құрал). – Алматы: Мектеп, 2000. – 169 б.
18. Мектеп жүйесіне салауатты өмір салтын енгізу әдістемесі. // Республикалық әдістемелік кеңес жинағы. – Алматы, 2002. – Б. 16-19.

УДК 77.29.99

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Мүлік Ш.

Тәуелсіздік алған егемен еліміздің қазіргі жағдайында халқымызды дене тәрбиесі оның ішінде ұлттық спорт пен ойындар арқылы салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, денсаулығын жақсарту, бұқаралық спортты дамыту, салт-дәстүрді сақтау, елін-жерін сүюге тәрбиелеу жас ұрпақ тәрбиесінде өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жұмыстарды іске асыру Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 30 қаңтар 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген «Қазақстанда бұқаралық спортты дамытуды 2020 жылға дейін 30 пайызға көтеру қажет» деген тапсырмасын орындауға бағытталып отыр. Дене тәрбиесі басқа да тәрбие құралдары сияқты жас баладан бастап, барлық жастағы адамдар тәрбиесінде кеңінен қолданылады. Дене тәрбиесін игеру кезінде оның теориялық және тәжірибелік бағыттары негізге алынып, оқу-жаттығу жұмыстарының жоспарлары мен бағдарламалары түзіледі. Осы бағдарламалар негізінде педагогикалық жұмыстардың принциптері мен әдістемелері жасалады. Қазіргі дене тәрбиесі және спорт саласындағы қолданылып жүрген жаттығулар, ойындар, спорт түрлері бойынша отандық және шетелдік мамандар мен ғалымдар теориялық және педагогикалық бағытта үлкен зерттеулер мен ұсыныстар жасаған. Қазақ халқының көне ғасырлар қойнауынан бастау алатын ұлттық ойындары мен спорт түрлері бойынша осы кезге дейін ғылыми ізденістер аз жүргізіліп келді. Қазақстан Егеменді ел болысымен Республикада тұратын халықтардың төл мәдениетінің өркендеуіне үлкен жол ашып отыр.

Дәстүрлі халық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі болып саналатын ұлттық ойындар мен спорттың қоғамдағы атқаратын пайдалы орнын анықтау, оны теориялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеу, алдымен, ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің осы уақытқа дейін толыққанды тәрбие құралы ретінде танылмай жүрген олқылықтарын жоюға, оқу-тәрбие және спорттық жаттықтыру жұмыстарында басқа дене тәрбиесі құралдары сияқты өзіне тиісті орнын алуға жол ашады. Ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің жалпы педагогикада алатын орнын анықтау, қазақ халқының ұрпақ тәрбиесі ішінде дене тәрбиесіне өте үлкен мән бергендігін, оған ұлттық ойындарды ұтымды қолдана білгендіктерін көрсетіп, жалпы тәрбиенің сансаласына өзіндік үлкен үлестерін қосқан ойшылдар, ағартушылар еңбектерінің көп екендігін, оларға қазақ халқының руханитәрбие көсемдері Асанқайғы, Шалкиіз, Жиембет, Бұқар жырау, Тәуке, Әйтеке, Қазыбек, Төле билердің педагогикалық көзқарастары, оның ішінде дене тәрбиесіне байланысты еңбектері әлі зерттемегендігін атап өту керек. Сонымен қатар, этнопедагогикалық ойдың дамуына үлкен үлестерін қосқан ұлы ғұламалары ал-Фараби, А. Құнанбаев, Ш. Уалиханов, Ә. Диваев, С. Торайғыров, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов т.б. халқына тәрбие құндылықтарын, оның ішінде дене тәрбиесіне байланысты айтқандарын ашу да осы еңбектің өзектілігін айқындайды.

Қазіргі заман талабына сәйкес дене тәрбиесі және спорт саласында ұлттық ойындар мен спорт түрлерін ұтымды қолдана білу жолдарын қарастыру, тарих толқынында жоғалған, шеттетілген, ұмытылған дәстүрлі ұлттық ойындарымызды халқымыздың мәдени, рухани құндылықтары негізінде қайтадан қалпына келтіру де осы жұмыстың өзекті тақырыбы болып саналады.

Қозғалмалы ойындар мен спорттық ұлттық түрлерін дене тәрбиесі сабақтарында жүргізу мен ұйымдастырудың ғылыми әдістемесіне тоқтала кетсек. Қозғалмалы ойындар мен эстафеталарды жүргізу үшін төмендегі үлгіні қолдануға болады:

- ойын таңдауы ең алдымен сабақ алдында қойылған міндетке байланысты (осы жерге сабақты жүргізу орны мен инвентарьді даярлау, алаңды даярлау кіреді);

- ойын мен эстафетаны түсіндіру; ойындар көп жағдайда түсіндіру дәрежесіне тікелей байланысты - неғұрлым ойын мақсатын дұрыс түсіндірсе, соғұрлым жақсы өтеді. Ойын түсіндіруге байланысты, түсіндіру қысқа да нұсқа болу тиіс.

Ойынды түсіндіру.

Ойынды түсіндіру кіші мектеп жасында толығымен жүзеге асырылу керек, түсіндіру логикалық және шартты болу керек.

Төмендегі мазмұнды жоспарды ұстану ұсынылады:

- ойын атауы;
- ойыншылар ролі мен олардың орын алуы;
- ойын барысы;
- мақсаты;
- ережелер.

Ойынды түсіндіру барысында оқытушы ойыншыларды сапқа тұрғызу керек. Ойын барысында жүргізу талап етіледі. Жүргізушілерді сан қилы әдістермен анықтауға болады:

- әдіс оқытушы еркі бойынша тағайындалады (осы әдіс жаттығушылар бір-бірін аз таныған жағдайда немесе мүлдем танымаған жағдайда қолданылады);
- әдіс жеребе бойынша (есептеу, сан қилы балалық есептеуіштер, нысананы көзде және т.б.);
- әдіс ойыншылар таңдауы бойынша;
- әдіс алдыңғы ойындар нәтижесі бойынша болады.

Осындай барлық әдістерді алдына қойған міндеттерге, шарттарға, ойын сипатына және ойыншылар санына байланысты алма-кезек пайдаланып отыру керек.

Ойыншылардың топтарға бөлінуі:

- басқарушы ойынша (топтарды күш бойынша құу керек кезде, аз уақыт кезінде және кіші мектеп жасындағы оқушылармен);
- есептеу бойынша;
- фигуралық маршировка тәсілі бойынша;
- келісу арқылы;
- капитандарды анықтау бойынша;
- тұрақты топтардың болуы.
- капитанды тағайындау:
- ойыншылардың өздері анықтайды;
- басқарушы таңдауы бойынша болады.

Ойын процессімен басқару:

- ойынды оның басын созбай ұйымдастырылған күйде бастау керек. Кешіктіру жаттығушылардың ойын алды күйін төмендетіп, ойынға деген дайындығын жоққа шығарады. Кешіктіру тек топтарға алдын ала топтағы келесі әрекеттерді талқылау керек кездерінде ғана бола алады. Ойын арнайы шарттан мысалы, ысқыру немесе қомен шапалақтаған сәттен немесе т.б. әдістерден басталады. Сан қилы командалар мен сигналдарды қолдану ұсынылады, мұндай жағдайларда ойыншыларды сан қилы бұйрықтарға нақтылық пен жылдамдық қалыптастырылады. Ойын басының әдісі турады нақты түрде хабарланады.

- Ойын басталған сәттен кейін ойын барысы және ойыншылар мінезі мен олардың әрекеттерінің бағыттылығына назар аударып отыру керек. Ойынды жүргізу барысында балаларды саналы түрде ойын ережелерін сақтауды үйрету керек. Ойын барысында ескертулер жасауға болады. Бірақ бірнеше бала қателік жасаған кезде, басқарушы ойынды айқаймен емес «Назар аудар!» командасы немесе ысқырықпен тоқтатады. Ойын процессі барысында ойыншылардың шығармашылық инициативтілігіне жол беру қажет. Ойынмен ол қандай да қанағат әкелетіндей басқару керек. Ол ойыншылар ойын барысында барлық шығармашылық белсенділігін, инициативтілігін танытқан кезде ғана жүзеге асырылады. Балаларда ойынға деген қызығушылық тудыру керек. Ол үшін балалардың қызығушылықтары мен шамасына қарай; көңіл-күйі мен тілектеріне қарай; ойынмен педагогикалық тұрғыдан дұрыс басқарып, ал кей жағдайда ойынға қатысып отыру керек. Ойын процессінде ойыншылардан саналы тәртіп сақтау мен ережелер мен міндеттерді адал ұстануды талап ету керек.

Жастар мен жасы үлкен тұрғындарына арналған қозғалмалы ойындар ұйымдастыру. Қозғалмалы ойындар кезінде төрайымдылық ұйымдастыру төмендегідей жұмыстардан тұрады: а) Төрайымдылық негіздері. ә) Ойын кезіндегі жүктеме деңгейі. б) Ойын нәтижесін шығару

1 Төрайымдылық. Кез келген ойын объективті төрайымдылықты талап етеді. Ойынды қатал бақыламаған кезде және оған барлық назар аударманғн кезде, ой-

ынның барлық педагогикалық құны жоғалады. Объективті және қатал төрайымдылық әсіресе топтар жеңіске деген қызығушылығы бай қалқан кездегі ойындар топтарға бөлініп, ойын жарыстық сипатқа ие болған кезде маңызды болады. Сот төрайымы топтардағы қатысушылар саны және күші жағынан сонымен қатар қолданылатын инвентарьдің тең келуін қадағалау керек. Объективті және әділ бағалау үшін ыңғайлы орын табу маңызды. Сот төрайымы ескертулерді корректілі жасап, ешбір жанжалдасуға түспеу керек себебі сот төрайымынан ойыншылардың мінезі тікелей байланысты болып тұрады. Қозғалмалы ойындардағы дұрыс төрайымдық балалардың бойында сот төрайымы және ойын ережелеріне деген адалдықты қалыптастыруға жол береді.

2 Ойын кезіндегі жүктеме деңгейі.

Ойынды бастамас бұрын алдын ала жасалған жұмысының сипаты мен балалардың көңіл-күйін ескерген жөн. Егер ойын көптеген физикалық немесе ойлауды күштерін талап еткен жұмыстардан кейін жүргізілген кезде, аз қозғалмалы ойындарды ұсыну керек. Сабақ барысында жоғары интенсивті ойындарды аз қозғалмалы ойындармен алмастырып отыру міндетті. Ойын барысында ойыншылардың эмоционалды күйі жоғарлаумен қатар ауырт-пашылық деңгейі де жоғарлайтынын естен шығармау керек. Ойыншылар өз күштерін жоғары бағалап, шаршауды сезбейді. Ауыртпашылықты өзгертуің бірнеше әдістемелік тәсілдері бар:

- ойын барысында қысқа үзілістерді жасап отыру;
- ойын созылмалығын қысқарту;
- қайталау жиілігін тоқтату;
- ережелер санын қысқарту;
- ойын темпін бәсеңдету;
- қозғалыстар интенсивтілігін босату;
- көлем мөлшерін қысқарту.

Осы тәсілдерді қолдана келе ауыртпашылықты жоғарлату мүмкін. Уақыт өте жүргізушілерді ауыстырып отыру ұсынылады. Жеңілгендерді ойыннан шығармай, тек олардан қандай да ұпайларды алған жөн болады. Таза ауада ойындарды жүргізу барысында ойыншылар организміне деген физиологиялық әсер жоғарлай түседі.

Ойын аяқталуы.

Ойын созылмалығы ойын сипатына, жаттығушылар құрамына, қатысушылар санына, олардың жасына, ойын мазмұнына, және басқарушы тәжірибесіне тәуелді болады. Ойынды қатысушыларға төмендегідей әсер етулер байқалған кезде тоқтату ұсынылады:

- көптеген қатысушылармен ойын ережелерін бұзу;
- шашыранды зейін;
- жаттығуларды орындаудағы нақтылықсыз;
- қызығушылықтың төмендеуі;
- мақсатқа жетуге деген ынтаның жетіспеуі;
- қатысушылардағы жиі тыныс алудың байқалуы.

Ойын аяқталу жөнінде 1-2 минут бұрын ескерту керек. Ойынның аяқ астынан тоқтатылуы балалар бойында жағымсыз реакцияны тудырады.

Ойын нәтижелерін шығару (ойын нәтижесі, ойынды талдау).

Ойынды талдау барысында ойыншылардың өздері қатысқаны міндетті. Еш уақытта ойыншылардың сот төрайымымен жанжалдасуға жол беруге болмайды.

Ойын аяқталған кейін басқарушы ойын нәтижесін жариялайды.

Ойын нәтижесі:

- нақты нәтижелерден
- ойын талдауынан тұрады.

Басқарушыларға, тәжірибешілерге және студенттерге бірнеше ұсыныстар:

- меңгермеген ойынды жүргізсеңіз.
- ойынның қатал ережелерін ұстануды қадағалаңыз. Шыдамдылық, батырлық жақсы қасиеттер, бірақ аса күшті ойыншыларға өздерінің «менін» көрсетіп, басқа ойыншыларды «басуға» жол бермеңіз. Топтарда «Біреу барлығы үшін, барлығы біреу үшін» атты заң жүзеге асырылады. Бір ойыншының жеңілуі топ жеңілуін көрсетпейді. Ойын қандай да қатал жағдайлар болмасын нәтижесіне дейін жалғаса береді. Әр топ, әсіресе жеңілген топ, қарсылас топ күштерін бағалап, сот төрайымын оның еңбегі үшін вахтерін айтады.

Кез келген ойында жеңілгендерді ойыннан шығармай, тек олардан ұпайларды алу тәсілімен жазалауды қолдану керек.

Жаттығушылардың сүйікті ойындарын жақсы есте сақтап, ойындар мен

мейрамдарды ұйымдастыруға ат салыстыру керек. Оны ең алдымен барлық отряд, сынып, топта қолданбас бұрын бірнеше балалармен жүзеге асыру керек. Ойын аяқталуында ең жақсы ұйымдастырушыларды және олардың көмекшілерін атап өтіп, қалған қатысушыларды өз қабілеттіліктерін жетілдіруге баулу керек. Кіші балалармен ойындарға қатысу мүмкіндігінен айырыл маңыз. Жеткіншектерге өздерін тәрбиеші ретінде қабылдау ұнайды.

Әрбір ұлттық ойындардың пайда болу ерекшелігі сол халықтың басынан кешірген тарихи әлеуметтік, шаруашылық, қоныстанған жерінің табиғи ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болып келеді. Осыған байланысты түркі халықтары арасында ұлттық ойындар ұқсастығы жиі кездеседі. Оған мысал ретінде көкпар тарту, қыз қуу, аударыспақ, бәйге, күрес, садақ ату, т.б. түрлерінің қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, татар, бурят, т.б. көптеген халықтар арасында таралуын алуға болады.

Қазақ халқының ұлттық ойыны болып табылатын қазақ күресі, ат спорты, тоғызқұмалақ, саятшылық түрлері қазір ұлттық ойын түрлерінен халықаралық жарыстар өтетін спорт түрлеріне айналды.

Енді осы ұлттық ойындардың спорт түрлеріне айналуына қандай алғышарттардың әсер ететіндігін қарастырамыз. Жалпы қандай да болмасын халық арасында таралған ойынның спорт түріне айналуы үшін төмендегідей жағдайлардың болуы қажет. Оларға:

- спорттық ойын түрінің бекітілген ережесінің болуы;
- мемлекеттік дәрежедегі спорттық мекеменің сол спорт түрін танып, жарыс күнтізбесіне енгізуі;
- спорт түрін дамытуға арналған қоғамдар немесе федерацияның болуы.

Қазіргі замандағы ең үлкен және өзінің дүниежүзілік елдер арасында маңыздылығымен ерекшеленетін спорттық жарыстар қатарына Жазғы және Қысқы Олимпиадалық ойындар енеді. Осы олимпиадалық жарыстарды ойындар деп атау оның тарихының көнелігін көрсете отырып, олимпиада ойындары бағдарламасына енген спорт түрлерінің барлығының кезінде белгілі бір халықтың арасында болған ұлттық ойын түрі екендігін көруге болады. Ұлттық дене тәрбиесі деп халықтың (этностың) тарихи-әлеуметтік өмір сүру ерекшелігіне байланысты қалыптасқан адам денсаулығын шынықтыру, жетілдіру мақсатында ұлттың тарихи жинақтаған дене жаттығулары түрлері мен әдістемелерін айтады дедік. Дене мәдениеті жалпы ұлттық мәдениеттің бір бағыты болып саналады. Ұлттық дене тәрбиесі құрамына: ұлттық ойындар, ұлттық спорт және халықтық дене жаттығулары енеді.

Ұлттық ойындар дене тәрбиесінің құралы болып саналады. «Ұлттық ойындар – ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын сауық түрлері. Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер әртүрлі жаттығулар жасау арқылы денесін шынықтырады, ой-өрісін дамытады. Қазақтар ұлттық ойындарды дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде дамытып отырған.

Ұлттық ойындардың негізі, оның шығу тегі көшпенді шаруашылық қарекеттерден басталады. Ойындардың басты тәрбиелік мәні – болашақ ұрпақты келешек кәсіптерге баулу, мамандандыру, яғни олар дәстүрлі ұлттық педагогиканың бір саласы болып табылады» деп Қазақ энциклопедиясында анықтама береді.

Ұлттық спорт туралы анықтама осы кезге дейін қалыптаспаған. Біз өз тарапымыздан ойынның ұлттық спорт түрі болып танылуы үшін төмендегідей шарттардың болуы қажет деп санаймыз: халықтардың тарихи қалыптасқан дәстүрлі ойындарының спорт түрі болып танылуы үшін, осы ойын түрінің республикалық дәрежедегі федерациясының болуы, ережесінің бекітілуі және осы ойын түрінің республикалық спорттық жарыстар күнтізбесіне енгізілуі спорт түрі болып саналуына негіз бола алады деп санаймыз. Дене тәрбиесі және спорт саласында спорт түрлері мен ойындарды, жаттығуларды жүйелеу, оларды топтарға бөлу, атау беру жиі қолданылады. Осылай жасау алдымен жаттықтырушылар мен педагогтар даярлау жұмыстарында, спорттық жарыстар өткізу кезінде, заңдар мен шешімдер қабылдауда, спорттық арбитраж жұмыстарында бірізділікті қамтамасыз етіп, мамандар арасында ортақ түсіністік қалыптастырады.

Қорытындылай келе, Ұлттық ой-

ындар мен спорт түрлері де қазақ халқының сан-салалы мәдениетінің бір түрі ретінде даму тарихы өте ерте уақыттан бастау алатындығын көруге болады. Осы деректерге сүйене отырып ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің теориялық және педагогикалық негізі өте көне уақыттан бастау алады деп тұжырым жасауға болады. Археологиялық қазбалар нәтижелері тарихи деректер бойынша ойындар тас ғасырларынан бастау алып, алғашқы қауымдық құрылыстан бастап адамдарды тәрбиелеу құралы ретінде көрініс бере бастайды;

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, ерекшелігі адамдар денсаулығына және оның мықты, күшті болуына үлкен талап қойғандығын көреміз. Осындай өте үлкен дәрежеде мән беру үшін және оны іске асыру үшін халық арасында арнайы жаттығулар мен ойындар жүйесінің қалыптасуы қажет болды, яғни ұлттық ойындар мен арнайы жаттығулар осы талаптарды іске асырушы жүйе болып саналды. Сондықтан қазақ халқының арасында дене тәрбиесіне бағытталған арнайы жүйе болған деп айтуға толық дәлел бар. Ұлттық ойындар мен спорттың ғылыми-педагогикалық негізінің қалыптасып, ғылыми айналысқа енуі Қазақстан тәуелсіздік алуы уақытынан бастау алады деп тұжырым жасауға негіз бар. Өйткені, қазақ халқының арасында ұлттық ойындардың спорт түріне айналуына себепші болған және спорт ойындарының негізгі бір талабы болып саналатын жүлде беру салтының болуы. Ерте уақыттан бастап қазақ халқы арасында өткізілген қандай да болмасын жарыстар, ас беру, тойларда жеңген жаққа жүлде тағайындау оны салтанатты түрде беру сияқты дәстүр қалыптасқандығы негіз бола алады.

Қысқасы, қазақ сөзінің түбірі «қаз» - тұру, тік тұру, мықты, берік тұруды білдіреді. Кішкене балалар жүруге ұмтылып аяғын тәй-тәй басып келе жатқанда қазақтар «қаз, қаз», «қаз тұр» деп тікесінен тік тұрғызады. «Қаз» -ға қосып айтылатын «ақ» сөзі – күшейтілген жалғау екендігін академик атақты тарих ғалым Ә. Марғұлан дәлелдейді. Осы деректерге сүйене отырып, біз қазақ халқы оның тұрмыс-тіршілігі, ерекшелігі адам денсаулығына, оның мықты, күшті болуына үлкен мән бергендігін көреміз. Адамның мықты, күшті болуына осындай үлкен дәрежеде мән беру, тіпті бір этностың атын қою үшін және оны іске асыру үшін халық арасында күшті арнайы жаттығулар мен ойындар жүйесінің қалыптасуы қажет болды, яғни ондай жүйені қазақтар пайдаланды деп айтуға толық дәлел бар.сонымен қоса, бұл болашақ ұлттың тағдырына тікелей әсер ететін ұрпақ тәрбиесінде үлкен маңызға ие деп айтуға әбден болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Төтенаев А.Г. Қазақтың ұлттық ырықты және спорттық ойындары. – Алматы: «Мектеп», 1995. – 83 б.
2. Харабуги Л.М. Теория и методика физического воспитания. – М.: «Ф и С», 1991. – 58 с.
3. Ляха В.И. Физическое воспитание учащихся. – М.: Академия, 2001. – 9 с.
4. Төтенаев А.Г. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрып. – Алматы: РИК, 1996. – 40 б.
5. Левшин А.И. Подвижные игры: учебное пособие для инвалидов. – М.: «Физкультура и спорт», 1974. – 208 с.
6. Клещев Ю.Н. Спортивные игры: учебное пособие для вузов. – М.: «Высшая школа», 1980. – 142 с.
7. Төтенаев А.Г. Спорттық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 260 б.
8. Төтенаев А.Г. Наурыз: жаңарған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар. – Алматы: РИК, 1996. – 40 б.

УДК 37.017.92

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА – ТӘРБИЕ ТІРЕГІ

Жайсанбаева А.С.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбие-

леу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазіргі қоғам барған сайын күрделене түсуде. Жаңа XXI ғасырға сай өзгеше қабілет қасиетке ие ұрпақ қалыптасып келеді. Ал мұның бәрі тікелей ғылым, білім саласына байланысты. Сондықтан да білім беруді жетілдіру жөнінде маңызды реформалар, жаңа технологиялар пайда болуда. Ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде өз халқымыздың педагогикалық аса бай мұраларын ұрпаққа беруді аңсаған едік. Жас жеткіншектерді халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық тәрбие ерекшеліктерін терең білуге, құрметтеуге үйретуге – міндеттіміз. Халқымыздың атадан балаға қалдырған халықтық педагогикасында, ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесінде бала, ұрпақ, жастар арасындағы тәрбие мақсаттары жатыр. Мыңжылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын өмірде, отбасында, тұрмыс-тіршілікте батырлық пен батылдыққа, әділдік пен адамдыққа, махаббат пен ізгілікке, инабаттылық пен имандылыққа үздіксіз тәрбиелеп отырған. Бұрын ата-әже тәрбиесіне көп көңіл бөлініп, баланы отбасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген.

«Қызың өссе, қызы жақсымен, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыю, бір үйден жыю» деген нақыл сөздер осының айғағы. «Қызыңды бөтен үйге қондырма, ұлыңды бөтен үйден тойдырма» деп, ортақ талап қойған. Мұнда ұлдың да, қыздың да ретсіз жүруінің, мезгілсіз қыдыруының жағымсыз екендігін ұқтырып отырған. «Үлкеннің алдын кеспе, бос шелекпен өтпе» деп баланы үлкендерді сыйлауға, жол беруге тәрбиелеген. Еңбекке, төзімділікке, ептілікке, шеберлікке, шыншылдыққа, ар-ұят, әдеп, үлкенді сыйлау секілді қасиеттерді үй ішілік қарым-қатынастарда, тұрмыста ұрпақ зердесіне сіңіре білген бабаларымыз. «Сіз – деген сыпайылық, біз – деген көмек», «сыйға – сый, сыраға – бал», «Жаным десе жан семірер» деген мақал-мәтелдер арқылы игілікті істерге бастаған. Халық педагогикасының имандылыққа, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелейтінін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан балаларды кіндік қан тамған жерінің қасиетті тарихы мен мәдениеті және тілін, салт-дәстүрі, әдет-ғұрып ерекшеліктерімен таныстыра отырып, рухани жоғары деңгейде тәрбиелеу ұлы мақсаттардың бірі болмақ. Бұл үшін оқу-тәрбие сағаттарының маңызы ерекше. Қай заманда болсын есті де еңбексүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу парыз саналған. Әр халық өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпағын адалдыққа, әділдікке үндеп отырған. Бұл ретте ғасырлар бойы сұрыпталып, әр түрлі сыннан өткен салт-дәстүрлерімізді педагогикалық әдіс-тәсіл ретінде пайдаланамыз. Сол арқылы ұстаздық шығармашылықты жетілдіре түсеміз. Халық педагогикасы үнемі даму үстінде. Жаңылтпаштардың жаңа түрлері тек тіл ширатып қана қоймай, дүние танытады. Сөздік қорын молайтады, тәрбиелейді. Жаңылтпаштарды қайталай отырып, сөздік қорын дамытсақ, жұмбақ шешу арқылы ой-өрісін дамытамыз. Мұндай сабақтар көбінде қазақ тілінде, әдебиет сабақтарында жүзеге асады. Халықтың жиі қолданатын тәрбие құралдары мақал-мәтелдер, тыйым сөздерді тіл байлығын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру мақсатында қолданамыз. Мысалы, Наурыз айы, түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз. Сәуір болса, күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер. Сәуір болмай, жауын болмас, жауын болмай, тәуір болмас. Міне халық даналығынан туған осындай мақал-мәтелдер бала танымына, қоршаған ортаны уақыт арқылы сезінуіне игі ықпал жасайды деп есептеймін. Ба-ланың сабаққа ынтасын арттырып, халық педагогикасын қолдана отырып, қызығушылығын тудыру үшін, сабақты түрлендіріп өткізу өз нәтижесін береді. Сабақта ұлттық «Көкпар», «Бәйге», «Орамал тастамақ», «Қоржын» т.б. ойындарды қолдана отырып ұлттық тәрбиенің негізін білім алушылар бойына сіңіру.

Халықтық педагогиканы қазақ тілі және әдебиет пәнінің әр сабағында жүйелі түрде кіргізіп оқытуға болады. Табиғаттағы, өнердегі әсемдікті түсінуге, эстетикалық талғамын дамытуға халықтық педагогиканың тәжірибесі өте бай. Баланы сергек сезімді, еңбексүйгіш азамат етіп тәрбиелеу ісін, оның жас ерекшелігін ескере отырып жүргізген жөн. «Ұлыңа бес жасқа дейін патшаңдай қара, он бес жасқа дейін қосшыңдай сана, он бестен асқан соң, досыңдай бағала», – деген халық мәтелі баланы беске дейін еркін тәрбиелеудің, он

беске дейін көмекшің деп қарауы, он бестен асқан соң, ақылшың деп санауды меңзейді. Ал, бұл ғылыми педагогикадағы баламен еркін сөйлесу, тең азамат санау, ашық сырласудың тәрбиелік мәнін қоштайтын ашық пікірлесу. Халық педагогикасында тәрбиелеу ісін баланың жас ерекшелігіне сай жүргізумен бірге, жеке бас ерекшелігін ескере отырып жүргізу қажет, барлық адамның мінез-құлқы, қабілеті бірдей емес. Олай болса, бала мінезін жете түсініп, өзгешелігін еске ала білу керек. Баланың тәрбиесі туған өскен ортаға, ата-анаға, үлкендерге, олардың үлгісіне байланысты.

«Ұл ұяты әкеге, қыз ұяты шешеге» – деу арқылы халқымыз ата-ананың, үлкендердің жас ұрпақ тәрбиелеудегі орнын көрсеткен. Қазақ халқы ұстаған қағидасын, түйген философиялық ойын жан-жақты қарастырып бір ауыз сөзге сыйғызып бере білген.

«Адамға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі ата-анадан, ұстазынан, құрбы-құрдасынан» – деп ойшыл Абай атамызда өте дұрыс айтқан. Осы пікірді халық педагогикасында: «Ұстазына қарай шәкірті», «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Аға-жаға, ұстаз-пана», – деген мақал-мәтелдер арқылы құптайды. Бірақ құрғақ өсиет, құнсыз уағыз арқылы емес, жеке бастың үлгісімен, тапқыр тәсілімен тәрбиелеу орынды. Халық педагогикасында мынау – ақыл-ой тетігі, мынау – эстетикалық тәрбие құралы дейтін жекеленген тәрбие құралы жоқ. Кез-келген тәрбие құралына талдау жасасақ, ақыл-ой, дене, еңбек, адамгершілік тәрбиелері іштей сабақтасып, араласып жатқанын көреміз. Әдептілік, сыпайылық, кішіпейілдік, мейірімділік, иман жүзділік қасиеттердің бәрі де ар-ұят, ұждан тазалығынан туындайды. Ар тазалығы өзгеге қиянат жасамауға, шыншыл болуға баулайды. Ұлттық табиғатымызға сай келмейтін педагогикадан гөрі халық педагогикасының маңызы зор. Халық педагогикасының негізгі мақсаты – өзінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты өнер-білім меңгеруге, еңбек етуге, ауыл-аймақтың, өз Отанның ар-намысын қорғауға, адамгершілік қасиеттерге баулу болып табылады. «Болашақ бүгіннен басталады» демекші, сол болашақтың адамдары қай жағаның болса да тамаша адам болуы тиіс. Олар әр жақты келісті адам болуы керек. Ол тек еңбекқор, адал, білімді, көп оқыған, ақылды болып қана қоймай, сонымен бірге тәрбиелі, көркем де әсем болуы қажет. Қазақ халқы - әсемшіл халық, рухани мәдениет жасауды басты міндеттердің бірі деп санайтын халық. Сол үшін де өмірдің жарқын сипатын, сұлу-сипатын, моральдік қасиетін үнемі басшылыққа алу керек. Кез келген халықтың тәрбие беру ісінде өзіне тән ерекшелігі болатын секілді, қазақ халқының да сан ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесі қалыптасқан. Жас ұрпаққа ізгі тәрбиелерді қалыптастыруда ғұлама ғалымдар, шешендер мен билер, ақын-жыраулар, сал-серілердің өзіндік сара жолдарының болғаны, олардың шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой - пікірлерін, өнегелі істері бүгінгі ұрпақтың рухани, мәдени жетілуіне саналы, білімді де мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізетіндігі даусыз. Бүгінгі адамның өмірі мен әрекетінде ұлттық эстетика тәрбие ар-намыссыз тіршілік етуге болмайтындығы шындық. Сондықтан жас ұрпақтың тәрбиесі ұлттық-халықтық педагогиканың қажеттігін туғызып, дамыту және қалыптастыру әлеуметтік сұранысқа айналуы қажет.

Қазақ халқының аса бай рухани мұраларының бірі – халық педагогикасы. Өкінішке орай, бұрынғы озбыр саясаттың арқасында көптеген жылдар бойы осы асыл мұраны жас ұрпақтың тәрбиесіне пайдалана алмадық. Соның нәтижесінде өзінің ана тілінен, дінінен, ата-баба салты, дәстүрлерінен кенде қалғандар санын көбейттік. Қазіргі тәуелсіздік жағдайында осы кемшіліктерден арылып, жас ұрпақтарымызды ғасырлар бойы жинаған гуманистік, демократиялық, киелі салттар мен дәстүрлер рухында тәрбиелеу қазіргі басты міндет. Қазақ халқының жас ұрпақтардың тарихи тағылымын әдет-ғұрпы, салт-санасы, жоралғы кәдесі бар. Қазақ халық педагогикасында бала тәрбиесіне арналған өте құнды, өте пайдалы-өсиеттер, мақал-мәтелдер, қағидалар мен пікірлер көп. Жас ұрпақтың тарихи тағылымын қалыптастыруды географиялық ортаның оның ішінде халқымыздың байырғы жер-су атауларының шығу, қойылуы, аталу себептерін

білудің үлкен тәрбиелік мәні бар.

Адам баласы дүниеге келгеннен бастап тәрбиелеуді талап етеді. «Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» – дейді қазақ халқы. Жерге отырғызған жас көшетте өркен жайған жасыл ағаш болып, тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек етеді. Адам да сол тәрізді. Олай болса, ұстамды, көргенді, парасатты, түп-түзу, жып-жинақы, әсем бейнелі адамға қараудың өзі тым жарасымды. Жастарымыздың үлгілі, ішкі-сыртқы адамгершілік, эстетикалық саналары биік дәрежеде болуына барлығымыздың да ат салыса қатысуымыз қажет. Орыс жазушысы А.П. Чеховтың мынандай тамаша сөзі бар: «Адам бойын дағының бәрі де, бет әлпеті де, жан дүниесі де, ақыл ойы да, киім-кешегі де әдемі болуы керек». Сол үшін де өмірдің жарқын сипатын, сұлу сымбатын, қасиетін үнемі басшылыққа ала отырып, халықтық педагогикамыздың бай мұраларын ұрпақ тәрбиесіне пайдалануымыз өте қажет.

Халықтық педагогика – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қарым-қатынастарындағы ең қымбат қазына дейтін болсақ, оқушыларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін үйрету, оны оқушы ойына ұялату арқылы ізгілікке, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, өз салт-дәстүрін құрмет тұтуға баулу – ұстаздардың басты мәселесі.

Бүгін де өзгелермен тереземіз теңесіп, өркениетті елдер қатарынан көрініп келе жатқан біз үшін ұлттық дәстүрімізді терең меңгеріп, ұлттық болмысымызды сақтап қалу өте қажет деп білемін. Сондықтан еліміздің болашағын тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып отырған ұстаздар үшін бұл ең басты міндет деп санап, өз сабағымда осы мәселеге баса назар аударуға тырысамын. Студенттердің санасына терең бойлату үшін күнделікті сабақта тиімді пайдаға асыра білу өте қажет. Мысалы, барлық сыныптарда халық ауыз әдебиеті тарауы беріледі, ал халық ауыз әдебиетін оқытудың өзі - халықтық педагогика. Қазақ халқының тәлімдік мәні, ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні - адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Халқымыз өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан кезден қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп білмесе де, жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан есту, көру сезімдері шыныығып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, мерген де болған. Кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, бала 5-6 жасынан ат құлағында ойнай бастайды, бір естігенін қалтқысыз есте сақтайтын қабілеті күшті, әңгімеге үйір көшпелі халықтың баласы небір қызық ертегілерді,жыр-дастандарды жаттап алатын болған. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөйлеу корын байытып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра беретін. Халықтық шығармалар ішіндегі әр жақты айқын бейне, қызықты оқиға, әдемі қисын, жақсы ұйқастардың бәрі балаларды қуантып, еліктіре әсер етіп, ой-пікірін шыңдап отырған. Сондықтан халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытуда тек оны оқытып, жаттатып, талдатып қана қоюға болмайды. Сол арқылы тәрбиелеу керек. Ата - дәстүрімізді мақтан етіп, оқушы жүрегінде өзінің қазақ болып туғанына мақтаныш ететіндей сезімді оятуымыз қажет.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа ақын-жазушылар шығармаларын оқытуда да халықтық педагогикаға соқпай өтуге болмас. Оқу пәнін, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда халық шығармашылығының элементтерін пайдалану білім алушылардың адамгершілігін, жақсы мінез құлығын қалыптастыру құралы болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық тәлім тәрбиесі мен мәдениеті талай халықтардың өкілдерін таң қалдырғаны тарихи жазбалардан белгілі. Ұлы саяхатшылар мен зерттеушілер қазақтың ежелгі тұрмыс тіршілігі, мәдениеті мен ауыз әдебиеті туралы, ер адамдар мен әйелдердің моральдік этикалық ерекшеліктері туралы, олардың тұрмыстағы, кәсіптегі, отбасындағы, әулеттегі, рудағы әлеуметтік орны туралы, ұлттық

наным, сенім, әдет ғұрпы, мінезі, көшпенді өмір сүргеніне қарамастан салты мен дәстүрінің біртұтастығы, біртұтас тілде сөйлеуі, қолөнері мен бейнелеу өнерінің, ауыз әдебиеті және музыка өнерінің жалпы дала мәдениетінің таң қаларлық үлгілері туралы таңдай қаға айтып, баяндайды. Ендеше осындай ұлылықты, халқымыздың бай саралы да саналы дәстүрлерін еліміздің болашағы - өзіміздің алдымызда отырған ұрпағымызға үйрету –ұстаз қауымының ең негізгі міндеті болып табылады.

Бүгінгі жастар ертеңгі болашақ. Сол болашағымыз халықтық педагогиканы бойын сіңірген бәсекеге қабілетті маман, әрі жеке тұлға болып қалыптасса ертеңіміз баянды болар. Қазақстан-Американдық еркін университеті колледжінде «Қазақ тілі және әдебиет» пәнінен сабақ беремін. Әр сабақта халықтық педагогиканы кеңінен қолданамын. Тақырыпқа байланысты халықтық педагогиканы жоғарыда атап кеткен үлгілерін қолдану білім сапасын көтерумен қатар, тәрбиеге де әсер етеді.

Колледж студенттері болашақ маман иелері. Қоғамдық ортада, ұжымда өзін ұстай білуге, кәсіби этикетті сақтап, мәдениетті, әрі сыпайы қарым-қатынас жасауға, үйлесімді де, әдемі киінуге колледж қабырғасында тәрбиелейміз.

Студенттерімізді ұлттық тәрбиеге баулу тек сабақта ғана емес сынып сағатында, сыныптан тыс шараларда да жүзеге асады. «Қаржы», «Баспа өндірісі» мамандықтарында оқитын үшінші курстың топ жетекшісімін. Жоспар бойынша бекітілген сынып сағаттарын халықтық педагогикамен байланыстырып отырамын. Мысалы, «Жағымсыз әдеттерден арылуға бола ма?» сынып сағатында «Дені саудың жаны сау», «Денсаулық зор байлық» сияқты денсаулыққа, салауатты өмір салтына байланысты мақал-мәтелдерді, ақын-жазушыларымыздың өлең-жыр, шығармаларын тәрбиелік мақсатта қолданамын. «Әсемдік әлемі» сынып сағаты студенттерді әсемдікке, эстетикаға, жүріс-тұрыс мәдениетіне баулиды. Қазақ халқы әдемілікке, эстетикаға үлкен мән берген. Қолөнерден бастап, ауыз әдебиетін, ақын-жыраулар жырларын осы тақырыпқа арнаған.

Мен дәстүрлі сабақтармен қоса дәстүрлі емес, сыныптан тыс шараларды да халықтық педагогикамен тығыз байланыста өткіземін. Колледжде «Тілдер бірлестігінің» апталығы әр оқу жылында өтіп отырады. Бірлестік оқытушыларымен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылады. Мысалы, Наурыз мейрамына байланысты ұлттық тәрбиеге толы «Қыз сыны» шарасын ұйымдастырсам, «Қош келдің, мерейлі әз Наурыз!» тақырыбындағы сынып сағатын өткіздім. Осындай шаралар халықтық педагогикамен тығыз байланыста. Бұл студенттер үшін танымдық та, тәрбиелік те жағынан маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. – Астана, 2010.
2. Ғарифолла Е. Ұлттық өркениет және мәдени бағдар // Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Аматы: Қазақ университеті, 2003.
3. Аққозин М. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Қазақстан, 1990.
4. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналдары. 2014 ж. № 1,2,3.
5. Жанабилова А.К. Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы. – Алматы, 2009.
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы, 2015 ж.

УДК 796.093

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫН ӨТКІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

Советов С.

Егемен Қазақстанды әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу алдағы стратегиялық маңызды мақсат болып табылады. Осы маңызды тапсырманы іске

асыруда өскелең ұрпақтың алатын орны зор, себебі қандай да болмасын алға қойылған жоспарды іске асыру үшін білімді және денсаулығы мықты ұрпақ қажет.

Ойын, адамның балалық шағынан бастап бүкіл саналы ғұмырының барлық кезеңінде бірге болып еретін ерекше құбылыс. Сондықтанда ұлттық ойын мәселесін тек қана педагогтар мен психологтардың емес, әлеуметтанушылар мен этнографтар, өнертанушылар ғылыми объект ретінде жан-жақты қарастыруда. Ұлттық ойындар ғылымның қай саласында зерттелсе де көптеген ғалымдардың ойы бір жерден шықты, ол ойынды адам мәдениетінің бір бөлшегі ретінде алып қарауы болып табылады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алып, дербес мемлекеттікке қол жеткізуіне орай баланы ата мұра дәстүрінде тәрбиелеуге халықтың ынта-ықыласы арта түсті. Бұл ұрпақтар жалғастығының, дәстүр сабақтастығының нығая түсуіне септігін тигізеді. Күрделі қоғамдық феномен ретінде дене тәрбиесі мен спорт қоғамда адамдардың өмір тіршілігінде, тұрмыс салтының құрамдас бөлігіне айналады.

Ұлттың өмірі дене тәрбиесі мен спорт саласындағы ұлттық тәрбиені анықтай береді. Ұлттық тәрбие қоғамның және жеке ұлттың өмірлері мен өзара қарым-қатынастарының тәрбиесімен тығыз байланыста болуы керек. Ұлттық тәрбиенің табиғаты әрі күрделі, әрі қарама-қайшылыққа толы болып келеді. Қазақ халқының «туыстық сезімге» барынша жақын екендігі қашаннан белгілі. Мұның өзі ұлттыққа құндылықтарға байыппен қарауды, оны әрбір ұлттың нақты ерекшелігіне сәйкес қарастыруды талап етеді. Дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттық тәрбие өзара байланысты үрдістердің тұтас бір жүйесін ұсынады, оның басты мақсаты жалпы адамдық, әлеуметтік жағдайды жақсарту болып табылады. «Күллі адам атаулының дүниені бейнелеу заңдары ұқсас, әрбір жекелеген жағдайда ұлттық тәрбие жалпы адамзаттық қана емес, ұлттық өзгеше тәрбиені де іске асырушы ретінде көрініс береді» деп жазады белгілі ғалымдар А. Құралбекұлымен, С. Әкімбайұлы. Дәстүрлі дене шынықтыру мен ойындар ел арасында кең жайылғандығымен, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамти алатындығымен ерекшеленеді.

Міндетті денсаулық қорғау жөніндегі алдын алу шараларының кешенін сақтап қалуды, балалардың денесі мен жүйке-психикалық үйлесімділігін дамыту және денсаулығының нығаюын дене шынықтыру сабақтары арқылы қамтамасыз ету қажет.

Денсаулықты қорғау мәселелерінде мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік белсенділігі ойын, әр түрлі сауықтыру әдістері, күн тәртібін бұзбау, тиімді тамақтану, таза ауада жиі болу арқылы салауатты өмір салтын қалыптастырудың ақпарат - ойындық үлгілері арқылы жасалады.

Соңғы жылдары көптеген ғалымдар ұлттық ойындарды қоғамның нақты бір даму кезеңінде қалыптасқан адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі деп түсіндіреді. XX ғасырдың басында зерттеушілер арасында адамның дамуына бірінші болып әсер еткен еңбек пе әлде ойын ба деген сұрақ төңірегінде үлкен пікірталастар туындады. Ойын еңбектен бұрын пайда болған деген көзқарастар айтылады. Бұл пікірге алғаш рет қарсы шыққан неміс психологы философ В. Вунд болды. Оның тұжырымдамасы бойынша «Ойын-ол еңбектің баласы» дегенге сайды. Әрі қарай бұл көзқарасты орыс фәлсафасы Г.В. Плеханов дамытты. Ол адам қоғамындағы өнердің шығу тегін, пайда болу мәселесімен айналысып, нәтижесінде мынадай қорытындыға келді: «ойын көп ғасырлық тарихы бар, алғашқы қауымдық қоғам кезінде әртүрлі өнер түрлерімен бірге тұтасып өрістеп, солармен бірге дүниеге келді» деп көрсетеді.

Үлкен адамдар балалардың еңбек әрекеті үшін жаттығу ойыншықтары: садақ, жебе, қалқан, арқан жасай бастады. Осылайша жаттығу ойындары туып, оның барысында бала еңбек құрал жабдықтарын ұстап, оны пайдаланып ойыншық кішкене садақпен нысананы көздеп, кіші кетпенмен жер шауып үйренеді.

Әртүрлі қолөнердің дамуы, еңбек құралының күрделенуі нәтижесінде жаттығу ойыншықтары олардың көрінісі болудан қалды. Олар еңбек құралдарын қолдануы тұрғыдан емес (ойыншық қару-жарақтар т.б.) сыртқы бейнесімен еске салды. Басқаша айтқанда ойыншықтар еңбек құралдарының бейнесі болды. Бұндай ойын-

шықтармен еңбек қызметін атқаруға болмайды, бірақ оны бейнелеп ойнауға болады. Осы жерден рөлдік-сюжеттік бейнелеу ойындары дүниеге келді. Кішкентай бала үлкен адамның өміріне белсене қатысқысы келеді, ал рөлдік-бейнелеу ойыны оның сол қажетін қанағаттандырды. Шынайы өмірде үлкендер өміріне балалардың белсенді қатысуға мүмкіндігі жоқ болғандықтан, бала өз қиялымен, іс-әрекетімен үлкендерге еліктеп бейнелеу ойынын ойнады. Рөлдік-бейнелеу ойыны ішкі, табиғи инстинктің нәтижесінде емес, баланың қоғамдағы нақты әлеуметтік шартты қажеттілігінен туындаған үрдіс. Үлкендер өз тарапынан арнайы жасалған ойыншықтар көмегімен бала ойынын дамытып, ойын ережесі мен тәртібін нақтылап, ойынды атадан балаға мұра етіп жеткізіп, ең соңында ұлттық ойынның өзін қоғам мәдениетінің бір бөлшегіне айналдырады.

Адамзаттың әлеуметтік-тарихи дамуында ұлттық ойындар баланың қалыптасуына көмектесетін бірден-бір құрал ретінде қарастырылды. Ұлттық ойын көмегімен балалар қоршаған әлеммен өзара қатынас жасап, моральдық нормалары қалыптасып, адамның көп ғасырлық даму тарихындағы практикалық және ой еңбегін өмірге енгізу әдісіне көмекші болды. Осылайша қазіргі замандағы ұлттық ойын теориясына қатысты пікірлер оның тарихпен қатыстылығын, әлеуметтік табиғатын адам қоғамындағы мазмұны мен мәнін дәлелдеді.

Біз жоғарыда айтқанымыздай ұлттық ойындар әлеуметтік негізден бастау алады. Оның ішінде балалар ойнайтын ұлттық ойындар үлкендер әлемімен тығыз байланысты. Бұл жағдайды ғылыми-психологиялық тұрғыдан алғаш дәлелдеген К.Д. Ушинский болды. Ғалым еңбегінде: «баланың өзін қоршаған үлкендер әлеміне кірудің басты жолы ойындар. Балалар ойыны өзін қоршаған әлеуметтік ортаның көрінісін бейнелеп, ойыншықтар арқылы шынайы өмірді суреттейді». Шынайы өмірді ойын арқылы бейнелеу баланың құндылық жүйесінен жинақталған әсері нәтижесінде болады. К.Д. Ушинский былай деп жазды: «бір қыз баланың қуыршағы тамақ істеп, іс тігіп, киім жуып, үтіктейді, екіншісінің қуыршағы салтанатты түрде диванда отырып қонақ күтіп, театрға асығады, үшіншісінің қуыршағы басқаларын ұрып, жинақ қобдишаға тиын жинап, ақша санайды». Қоғамдық дамуда жалпы ойын атаулы жүзеге асу әдісі тұрғысынан да әлеуметті.

Ең бастысы бала үлкендер өміріне белсене қатысып, өзінше тәуелсіз болуға ұмтылады. Баланың дамуына қарай қоршаған әлем мен таным туралы түсінігі кеңейіп, ішкі жан-дүниесімен үлкендер қызметіне араласу қажеттілігі артады. Сондықтан бала ойнағанда тәжірибесі мен ойында сақталып қалған үлкендерге еліктеу рөлін өзіне алады. Ойын барысында бала тәуелсіз қимылдап, өз тілек-қалауын, сезімін еркін білдіреді. Күнделікті өмірдегі балаға жасалатын ескертпелер мен үйрету мақсатында айтылатын «жүгірме, қолыңмен ұстама, құлап қалма, өтірік айтпа» деген сөзден бөлек, ойын сәтінде барлық ұнамды бейнені: «кемеде жүзіп», «космосқа ұшып», «атқа мініп» өз қуанышын жағымды эмоциялық түрге ауыстырады. Бала кез-келген ойынды дене қимылы арқылы дамытып, бала іс-әрекетке тән қозғалысты меңгеріп, мақсат қойып, жоспарлап, нәтижеге жетуге ұмтылады. Кейін осы білгенін қызметтің басқа салаларына, оның ішінде еңбекте қолданады. Балаларды ойын арқылы денесін шынықтырып, еңбекке даярлау мәселесін күн тәртібіне өмірдің өзі қойып отырады. Ойын адам баласының алғашқы әрекеті және саналы әрекеті болып табылатындығына көз жеткіземіз.

Еңбек пен ойын әрекеті адам баласын саналылыққа жетелейді. Адам баласының қоғамдасқан алғашқы дәуірінде ұлт ойындары әмбебаптық рөл атқарды, оның қолданыс әрекеті кең болды. Ұлт ойындары сан-салаға бөлініп, адам баласын саналы болуға бастады. Денені жаттықтырушы, шынықтырушы, денсаулық кепілі, тек ойын арқылы жүзеге асты. Еңбек тәрбиесі халықтың дене шынықтыру өзегі, өйткені еңбек өмірдің бірден-бір қайнар көзі, адамның өмір сүруінің шарты, жеке адамды қалыптастырудың факторы. Қазақ халқының дәстүрлі еңбек тәрбиесі этностардың өмір салтымен, олардың шаруашылық қызметімен, әлеуметтік қатынастарымен байланысты. Сондықтан да дене шынықтырудың маңызы еңбек етудің мән-мағынасымен өзара байланысты. Қазақ халқының дене

шынықтыру дәстүрін жүйелеу жұмысы, оның әлеуметтік-мәдени және педагогикалық мән-мағыналарына жасалған талдау көрсеткендей, ойын түрлері жасөспірімдерді дене шынықтыру саласында тәрбиелеудің қажеттілігіне жауап береді. Балалардың тұлғасы мықты, денесі шымыр, қимылы ширақ, әрі епті болуы үшін ұлттық ойындар арқылы дене шынықтыру әдістерін қалыптастырған жөн болып табылады.

Ойынның еңбекпен мұндай байланысы жасанды болып табылады. Себебі ойын тікелей еңбекке айналмайды, сондай-ақ ойын да тікелей еңбек бола алмайды.

Бала еңбегін зерттеу барысында анықталғандай мектеп жасына дейінгі балалар өз еңбектеріне ойын элементтерін жиі әрі құлшына қосып отыратынын көреміз. Ойынға еңбек элементтерін енгізе отырып, балаларға тәрбиелік ықпалдың тиімділігін арттыруға, ойын көмегімен балалар тарапынан байқалған олардың еңбекке деген құлшынысын дамытуға және нығайтуға болады.

Қоғамдық дамуда халық ойындарының бала өміріндегі тағы бір мәнді жағы бар. Ол ұлттық ойындардың балаға беретін патриоттық тәрбиесі болып табылады. Қазақ халқы сонау көне дәуірден бері соғыстар мен өзара күрестерге толы тарихи дәуірді басынан өткергені белгілі. Сондықтан ұлттық рухта тәрбие алмаған, тілін-ділін, дәстүрін дұрыс білмеген ұрпаққа отанын қорғау сияқты жауапты істерде сенім арту өте қауіпті. Өйткені өз ұлтының ұлттық өнерін-тілін сыйламаған адам Отанын да сыйламайды. Ұлттық ойындар бала өмірінде Қазақстандық патриотизмді қалыптастырып, отан сүйгіштікке тәрбиелейтін бірден-бір құрал болып табылады.

Ерлік тәрбиесі дегеніміз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде балалардың ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарайтын болсақ, егемен еліміздің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың санасына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты ендіру.

Баланы ұлттық негізде жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулуға байланысты халық батыры Б. Момышұлының «Жігітті жауынгерлік қасиеттерге тәрбиелейтін қазақтың игі дәстүрлері» атты мақаласында солдаттардың бойында жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлерінің маңызы зор екеніне тоқтала келе, халық даналығының алтын қазынасын білім мен тәжірибеге пайдалану жолдарын көрсетеді.

Осымен қатар халық арасындағы тараған ойын түрлері арқылы баланың денесін шынықтыру басты міндет болып саналғандығын, ал дене жаттығуларын ойын арқылы беру, жетілдіру тиімді жол екендігін ертеден білгендіктерін көрсетеді. Сонымен қатар ел арасында тараған ойындар жас балалардан бастап, орта және егде жасқа дейінгі адамдарды қамтығанын көруге болады. Әсіресе жас балаларға арналған ойын түрлері бала ағзасына көп күш түсірмейтін, көп қозғалысты қажет ететін және эмоционалдық тұрғыдан бала психикасына күш түсірмейтіндей ойындар жүйесі таңдалып алынғандығын көреміз. Қазақ халқы арасында ойындар тек ұлдар үшін немесе қыздар үшін деп бөлінбейтіндігі ерекше құбылыс болып табылады. Осы жағдайдан қазақ халқының ұл мен қыздар тәрбиесі арасындағы айырмашылықты дене тәрбиесі арқылы бөлмей ұл мен қызды бірдей тәрбиелегендігін көруге болады. Сонымен қатар ойындар арқылы жас балаларды күнделікті тұрмыс-тіршілік қажеттілігін үйренуге жол ашу және дала климатына биім деуге бағыттағандықтан айқын көруге болады.

“Ойын” түсінігі өзіне көптеген ойын фольклордың әртүрлі формаларын кіргізеді, қайда қайсысы, аяқ шеңінде, балалардың әртүрлілік: денелік, психикалық, ойлық дамуына әсер етеді. Ұлттық ырықты ойыны да ойын фольклорының бір түрі болып келеді, қайда жоғарыланған ориентация әрекеттердің қарқындылығында білдіріледі.

Алғашқыда ойындар тек еңбек шілік және тұрмыстық әрекеттерін ғана білдірген. Кейін бұл түсінік кеңейген және бұған кең мазмұн салынатын. Еңбек іс-әрекеттеріне ұқсас ойындары өздерімен дене тәрбиесіндегі объективті бар құралдарын өте ерте көрсете бастады. Қоғамның да-

муымен бұл әрекеттерді эмоционалды, ойын және би түрлерін, сонымен қатар эстетикалық қанағаттандыру әкелетін түрлерін жүзеге асыруы керек бола бастайды. Профессор В.К. Никольскийдің пікірі бойынша адамдық мәдениеттің дамуының ерте деңгейінде ойын адамды, оның ұжым мүшесі функцияларына дайындайтын, іштегі дене шынықтыру мінезін қабылдайды.

Көптеген ойындарда, соғыс жағдайларынан дифференциаланған, аллегориялық түрінде көрсетілген, әскери мінездің көркемділігі сақталған. Балаларға арналған әскери тақырыпты ойындар, қайсыларды үрдісінде, денелік және өнегелі сапалар дамуы, әскери дайындықтың сұраныстарына жауапты қолданбалы дағдылар қалыптасуы, үлкендермен мадақтанған, өйткені өмірге дайындықтың ең жақсы түрі деп саналатын.

Егер тарихи жоспарда ырықты ойын өзімен еңбектік, тұрмыстық немесе әскери әрекеттерін жасауға ұқсасқан болса, қазіргі уақытта бұл әрекеттер ойнаушылар арасында сезілмейді.

Балалар құрдастарының және үлкендердің тәжірибелеріне бейнелі ойынды таңдайды, бірақ бұл ескермейді, керісінше, олардың анықталған кішкене өмір тәжірибелеріне, тұрақты шығармашылық кіргізіліп отыруын ұйғарады. Сонымен қатар, сайысты мінезбен аздап байланыстырған, әр түрлі әрекеттерде, дене сапаларында және т.б. асқандықты көрсетуге мақсаттанған біртіндеп абстракция жүріп жатады. Сондықтан ырықты ойындардың сайысты міңездін анықталған жартысы спорттық ойындардың қалыптасу негіздерінің иықтарына жатады. Дамып келе жатқан халық ойындарында (кейбір ойындарға спорттың бөлек элементтері қосыла басталды) спорттық құрал қолдана басталды. Әр түрлі халықтардың фольклорлық фондтың анализ көрсеткіші бойынша, балалар өздерінің ойындарында үлкендердің міңез-құлықтарына ұқсастық әрекет ғана емес, сонымен қатар жай ғана күнделікті өмірде қолданатын құралдарды қолданады. Бірақ көп жағдайларда ойындарға дайын заттар кіреді, яғни балалар өздерінің қиялдарына сәйкес ойынның сұраныстарына келтіруге тырысады. Әрине, кейде үлкендердің қарамағымен, кеңесімен балалар өздерінің шамаларына сәйкес құралдар жасайды екенің ескертуден шықпайды. Сонымен әр түрлі еңбектік операциялар негізінде туған және оларды көрсетіп, еңбек құралдарына ұқсас құралдар сапасында қолданып, ойындар әрекеттер қалыптасуына әсер етеді, қайсылары ойын құралын өздік жасауға керек іс жүзінде әрбір бала өзінің садақ немесе соғу таяғын жасай білуін және басқаларда бұлардың жоқтығы мақтаныштты болатын. Осы жасалғанына қанағаттанған ойынға стимул боп қызметін атқаратын, өйткені ол ойында құралды жасау шеберлігінен кем еместігінен көрсеткісі келмеді. Бірақ сәттік үшін ойында кездеспейтін еңбек дағдыларымен қолдана білу керек екен. Сондықтан халықтық ырықты ойындарында қолдан балылық тын еңбек тәрбиелеумен байланысын қолдануымен бәрінен жарық көрінеді.

Ойын әрбір халықтын тарихи-мәдени дамуында адамдардың өмірге алғашқы дайындық үрдісінде тәрбиенің негізгі факторы болып келеді. Бұл дайындықтың негізінде қоршаған ортамен ерекшеліктердің қарымқатынасы жатыр. Ойын баланы қоршағандармен, табиғатпен әңгімелеуге, өмірге кіргізеді және еңбек дағдыларын, білім алуды, қимыл әрекетін жетілдіруге әсер етеді.

Халықтық ұлттық ойындарында, қимыл әрекеттерінің әр түрлілігі, шұғылданушылардың қалыпты денелік дамуына және денсаулықты нығайтуға әсер етеді. Қазіргі дене шынықтыру және спорт жұмысына ерекше бағалы халықтық ырықты ойындарды кіргізу, ғасырлық салт-дәстүрлерің қолдануын және халықтық ырықты ойындарының бүкіл байлығының ғылыми хаттауы және терең оқылуы қажет. Бұл мұраны, қазіргі адамдардың өміріне дұрыс қолдануы өсіп келе жатқан ұрпақтың денелік және рухани тәрбиеленуіне әсер етеді, ал қорытындысында – ұлттық мәдениеттердің жақындауымен өзара бай болуы.

Қорытындылай келе, қоғам дамуындағы ұлттық ойындардың бала өміріндегі маңызын зерттей келе, қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуында ұлттық ойындар тек халықтың өткен мәдениетінің бір бөлшек мұрасы ғана емес, бүгінгі XXI ғасырдағы дамуымыздың кешегі мен бүгінгі ұрпақ байланыстылығын тарихи этнопедагогикалық тұрғыдан жалғас-

тыратын өркениетті құбылыс ретінде көру маңыздылығы анықталды.

1) Бастауыш сынып оқушыларының дене күшін, қозғалыс дағдыларын дамытуға байланысты ұлттық ойын түрлері терең зерттеліп, физиологиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қазіргі заман талабына сай саралауды ары қарай қажет етеді.

2) Дене тәрбиесін өткізуге жауапты дене шынықтыру маманы болғандықтан, олармен жүргізілетін білім жетілдіру жұмыстары жоспарлы түрде ұйымдастырылып, сапасын арттыру қажет.

3) Бастауыш сыныптарға арналған қазіргі қабылданған бағдарламаларға ұлттық ойын түрлерін кеңінен қолдануға арналған толықтырулар енгізу қажет.

4) Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру сабағына арналған материалдық базасын нығайту және дамыту қажет.

5) Ұлттық ойындар құндылығын, қажеттілігін халық арасында насихаттау.

6) Дене шынықтыру саласында халықтық ойындарды қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау және дамыту қажет.

7) Дене шынықтыру саласындағы мамандар даярлайтын оқу орындарында, білім жетілдіру курстарында ұлттық ойындарды кеңінен қолдануға арналған бағдарлама жасау ұсынылады.

Қазақстан егеменді ел ретінде қалыптасып, бүкіл дүниежүзілік саяси аренадағы орны айқындалып жатқан кезде жеке адамның, әсіресе, жас ұрпақтың болашақта білімді болуымен қатар, дені сау азамат болып өсуіне, елінің мәдениетін, дәстүр-салтын білетін патриот болып қалыптасуына ұлттық ойындардың қосар үлесінің зор екендігін ескере келіп, ұлттық ойындарды балабақша жасынан үйрету таңдап алған тақырыптың өзекті екендігін айқындады. Ұлттық ойындардың баланың дүниені танып білуіне қадам жасар алғашқы өмір кезеңінде тікелей қоршаған ортамен байланысын, адамдармен қарым-қатынасын арттырушы құрал екендігі дәлелденді. Қазақ халқының ұлттық ойындары – жеке адамдарды тәрбиелеу құралы ғана емес, қоғамдық ортаға тәрбиелеп, үлгі берерліктей әлеуметтік құрал ретінде де күрделі қызмет атқаратындығы айқындалды.

Ұлттық халық ойындары тек бір елдің ғана емес, бірнеше халықтың дәстүрлі ойындарының ұқсастығын көрсетті. Қазақ елінің мұрасы дәстүрлі халық ойындарына қатысты өз еліміздегі, шет елдердегі мәдени мұраларды жинақтау, зерттеу, жүйелеу, оның пайдалы өнегесін балаларға үйрету - осы күнгі заман қажеттілігінен туған өзекті мәселе екендігі дәлелденді.

Бала ағзасын қалыпты өсіру үшін дене шынықтыру сабақтарын мақсатсыз ойындар арқылы емес, жүйелі түрде жинақталған ұлттық ойындар негізінде өткізу пайдалы екендігі дәлелденді. Осы жүйелеудің арқасында әр ойын түрлері қандай қозғалыс дағдыларына және қандай дене күш қабілеттеріне әсері бары анықталып, сабақ мақсатына сай ойын түрлерін таңдап алуға мүмкіндік туды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болғамбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы: Қайнар, 1983. – 163 б.
2. Төтенаев Б.Ә. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Мектеп, 1998. – 301 б.
3. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқутәрбие ісінде пайдалану. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.
4. Айтбаева А.К. Қазақ халық ойындары – бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы. – Алматы: Қайнар, 1992. – 410 б.
5. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану. – Алматы: Атамекен, 1995. – 304 б.
6. Қуанышев Т.Ш. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін ұлттық ойын құралдары арқылы даярлау. – Алматы: Қайнар, 1992. – 279 б.
7. Төтенаев Б.Ә. Қазақтың ұлттық ойындары. –Алматы: Қайнар, 1994. – 55 б.
8. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы: Мектеп, 1998. – 29 б.
9. Төтенаев А.Г. Қазақтың ұлттық ырықты және спорттық ойындары. – Алматы: Мектеп, 1995. – 83 б.
10. Алимханов Е.А. «Шөген» – шын далалық ойын. – Алматы: Спорт KS – № 31. 2003. – 12б.

11. Кенжебеков А.Е. Ұлттық спорт пен ойындардың дамуына ғылыми көзқарас қажет // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – Аламты, 2010. – №1. – Б. 23-26.
12. Айдаров Е.Н. Дене тәрбиесі спорт этнопедагогикасы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 30 б.
13. Балжанов Қ.О. Ұлттық ойындарға байланысты халық арасындағы салт-дәстүрлер, наным сенімдер және жол-жоралғылар // «Орта бастауыш мектеп дене тәрбиесі». – 2010. – №2. ҚХР. Құлжа қаласы. – Б. 7-11.

УДК 796.034.2

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙНЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Бақытбек Ж.

Әлемнің түкпір-түкпірінде адамзаттың қолымен, ақыл-ойымен жасалған зияткерлік ойындар мыңдап саналады. Бірақ оны жүйелеген Д. Мюррей бар жоғы бес түрге бөліп қарастырады. Оның ішінде соңғы түріне африкалық калах, арабтың манкаласы және қозғалыс ойындары деп аталады және соған ұқсас тақта басында ойналатын қозғалыс ойындарының бірқатар түрлері кіреді. Қазіргі кездегі деректер бойынша аталған ойындардың алғашқы үлгілері осыдан 3,5 мың жыл бұрын Африка не Азия өңірлерінде пайда болған. Археологтардың қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған ойын тақтасы, шар типтес заттар осы уақыттың аралығын көрсетеді. Әсіресе, оның көне екендігін және дүние жүзіне танымал болғандығын Египет саркофагтарындағы, Афины храмдарындағы, көне керуен жолдарындағы тастарға салынған сурет, кескіндерден байқауға болады. Бірақ осы Калах ойынының танылуының қызғылықты тарихы бар.

1893 жылы Чикаго қаласындағы көрмелердің бірінде ежелгі кезде адамзаттың жартысы ойнаған, уақыт өте келе ұмытылып қалған зияткерлік бір ойынның ережелері жазылған тақташа ілінеді. Кейінірек осы ереже көпшілікке таныстырылуы үшін бір қатар американдық журналдарда жарияланады. Осы басылымдардың бірі 1905 жылы Вильям Чемпионның қолына тиеді. Ойынның негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтары жас американдық азаматқа қатты ұнайды және жастық шағында ойынды дамытуға деген құлшынысы болғанымен, ниетіне әрекеті сәйкес келмейді. 1940 жылы кексе тартқан шағында ғана ойынды дамытуға құлшына кірісіп, ойынға керекті құрал-жабдықтарды ағаштан жасап, айналасын-дағыларға үйрете бастайды. Зияткерлік ойынға – Калах деп ат қояды (В. Чемпион Калахари елді мекенінде сол кезде де бұл ойынды ойнаушылар бар деп сенген) және көп ұзамай Америкадағы көпшілік ойнайтын қызықты ойындардың біріне айналады.

В. Чемпионның қарқынды жұмыстарынан кейін, оның қатарластары көбейіп, сол жерде түрлі үйірмелер ашылып, жарыстар ұйымдастырылады. Жарысты өткізудің коммерциялық нұсқалары жасалып, пайда табудың көзіне айналады. Сондықтан болар Калахты насихаттаумен және тақтасын жасаумен үлкен компаниялар айналысады.

Ойынды жетілдіру бағытында компьютерлік бағдарламалар жасалып, бірқатар уақыттардан кейін адамзат пен жасанды интеллект арасында жекпе-жектер ұйымдастырылады. Алғашқы бағдарлама үлгілері ойынның негізгі заңдылықтарын толығымен игере алмай, табиғи ақыл-ойдан жеңіліс тауып отырды. Бірақ уақыт өте келе техникалық сана өз құдіретін көрсетеді. Кезекті кездесулердің бірінде 1970 жылы адамзат ақыл-ойы Калах ойыны бойынша өткізілген жекпе-жекте компьютерлік бағдарламадан жеңіліс табады.

Қазіргі кезде калахтың көптеген елдерде қауымдастықтары бар. Интернетте ойынды үйретуге және насихаттауға сайттар ашылған, кейбір ұялы телефондарға бағдарламалық нұсқалары да енгізіліп, кез келген мезетте ойнауға болады. Яғни сапалы даму жолына түсіп, дүниежүзілік зи-

яткерлік ойындардың қатарынан орын алған.

Ал осы қозғалыс ойындары санатындағы зияткерлік ойындардың бастау көздері қайдан басталатынын зиялылар, ойын тарихымен айналысып жүрген азаматтар біледі ме екен? Білмегендіктен соңғы кездері жарыққа шыққан еңбектерде бұл мәселе бір жақты көрсетілуде. Мысалы, «Домино, нарды, кости» кітабында: «Калах көптеген халықтарға таныс болған, әркім оны өзінше атаған және қосымша ережелер енгізген. Мысалы, қазақтарда калах – тоғызқұмалақ, Малак жартыаралында - джонгок, ал Шығыс Африка елдерінде - оуа деп аталады» – делінген. Ал шын мәнінде осы пікір дұрыс па? Егер тоғызқұмалақ ойынының пайда болуы қатарлас болса және ұлттық ойындағы кейбір негізгі ережелер Калахта жоқ болса, онда неге мысырлық ойын қозғалыс ойындарының түпкі тегіне саналуы тиіс. Міне, осындай ойындардың ерекшелігін және даму тарихын түсінбей жазылған түрлі еңбектерде тоғызқұмалақ өзінің лайықты бағасын ала алмай жүр.

Жоғарыда айтқанымыздай, калах ойыны көптеген ғасырлар бойы ұмытылып калып, XIX ғасырдың соңында ғана адамзат есіне түссе, ал, тоғызқұмалақ ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жетіп отырған. Ұлттық ойынның сақталып қалуында көшпенді бабаларымыздың ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершілігі, ауызша айту дәстүрі, жадының мықтылығымен қатар, тастан жасалған тақта үлгілерінің де маңызы болды деп ойлаймыз. Тас тақталардың жасалуы – Орхон-Енисей ескерткіштерін кейінгі ұрпағына жетсін деп әдейі балбал тастарға жазып қалдырған бабаларымыздың даналығы секілді биік мұраттардан туындаса керек. Уақыт та бұл шешімнің дұрыстығына көз жеткізіп отыр. Небір жаугершілік замандар өтсе де, жазба деректерде мәлімет қалмаса да уақыт сынына төтеп беріп, бүгінгі ұрпаққа жетті. Бірақ ойынның ережелері өзгеріске ұшырады, көне тақта үлгісі жаңа түрге ауысты, жадымыздан ойынның дүниетанымдық көріністері ұмытыла бастады.

Бірақ халық жадында сақталған нәрселер ұмытылмайды екен. Бірде ауыз әдебиеті үлгілері, бірде хатқа түскен дүниелер арқылы жарыққа шығады екен. Тек оны саралай алатын, қасиетін тани алатын таным қажет. Ал ондай ақыл-ой алыптары тәуелсіз санадан шықпақ. КСРО ыдырап, еліміз өз билігін өзіне алғаннан кейінгі кезеңде рухани өміріміздегі өзгерістер мәдениет пен өнер салаларының барлығына оң әсерін тигізіп, кезінде бұрмаланып, өзгеге телініп қарастырылған көптеген ұлттық жәдігерліктерді жаңадан саралауға жол ашылды. Рухани тұлғаларымыздың ел мәдениетін дамытудағы еңбегі бағаланып, тарихтың ақтаңдақ беттерін ашуға арналған ғылыми еңбектер шыға бастады. Бірақ түркілік өркениеттің қайталанбас үлгілерінің бірі – тоғызқұмалақ туралы әлі толымды, танымдық еңбектер жоқтың қасы. Бірқатар ғылыми еңбектер шыққанымен әлі күнге дейін оның негізгі мәні ашылмай келуде. Сондықтан осы әдістемелік нұсқауда ұлттық ойынның бұрын қарастырылмаған дүниетанымдық қырларымен қатар, ойынның теориялық негіздерінің нақтылы мысалдарын арқылы көрсетіп көрейік.

Тоғызқұмалақ қазақтың ұлттық ойыны. Бірақ тоғызқұмалақ ойынымыздың аты қалай қойылған? Қашан пайда болған? Қайдан шыққан? Кім ойлап тапқан? Әуелі қай халықтар ойнаған деген сұрақтарға дәл былай деп айта қояр ғылыми дәлел мен терең талданып, жете зерттелген мағлұматтарымыз (тың пікірлеріміз) жоқ. Кейінгі жылдары осы сұрақтарға жауап беру үшін спорт тарихын, соның ішінде тоғызқұмалақ ойынының тарихын зерттеушілер нақтылы деректер іздестіре бастады.

Тоғызқұмалақты зерттеушілер нақтылы мағлұматтарды біріншіден, ел аузында жүрген әнгіме сөздерден яғни ауыз әдебиетінен және салт-дәстүрімізден іздесе, екіншіден, археологиялық яғни жер қойнының қазба жұмыстарынан табылған заттар мен этнографикалық дүние бұйымдарға барынша назар аударып көзбен көріп көңілге тоқуы керек.

Тоғызқұмалақ күрделі сөз: тоғыз және құмалақ. Тоғыз - сан. Өзгешелігі тақтығы. Көбейтілуі немесе бөлінуі үштік. Дегенмен оның өзінен аз сандардан айырмашылығы бар. Мәселе екі жіп есіледі, үш жіп өріледі, ал тоғыз жіп тоқылады. Сондықтан соңғысы жұртқа мәлім, кезінде ой өнері мен қол өнері үшін күрделі сан болып есептелді. Уақыт есебінде де тоғыз саны-

ның орны өзгеше. Он екі жылдық Азия халықтарына тән мүшелдік жылдардың, яғни жыл есептеудің (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз) тоғызыншысы мешін жылы. Бір ғажабы сол – мешін жылдарының бәрі он екіге бөлінеді. Мәселен, 1956, 1968, 1980, 1990, ... бәрі 12 санына бөлінеді. Қариялар қазірдің өзінде де жыл қайырғанда (былайша айтқанда қанша жасқа келгеніңді білгісі келсе) сол мешін жылына бағдар ұстап отырады. Мәселен, орта жасар кісі, туған жылым ит десе. Жыл қайырушы адам ішінен. Мешіннен – мешін - төрт мешін 48+ тауық+ ит =50 жаста екенсіз ғой балам дейді. Үлкен кісілер, әңгіме, өсиет айтқан кезде: “Е, балам білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз” деп ақыл айтып, түйінді тоқтамға келеді. Кең байтақ даламызда көп жолдардың бір-бірімен түйіскен жерін тоғыз жолдың торабы немесе тоғыз торау деп атаймыз.

Кезінде аты алты алашқа тараған Ықылас Дүкенұлының есімін шартарапқа жайған күйі: “Тоғыз торау – Кертолғау” деп аталады. Күйге арқау болған оқиға баяғы «Ақ табан - шұбырынды» заманымен жалғас жәйт. Бір ашаршылықта ел тозып, балапан басымен, тұрымтай тұсымен кетеді. Зарлы заман өзіне тән әні мен күйін шығарды. Тоғыз торауға қоныстанған халық бұл жолы мұң-зарын былайша төгеді:

Тоғыз торау, кер толғау,
Бәріңе болды мол толғау
Шұбырынды ақ табан
Алқакөл ұзақ жол болды- ау...

Қысқашалауы “Кертолғау” деп аталатын бұл күйді тыңдаған адамның “көкірегі көз жасымен көл болып” отырады екен дейді қариялар. Одан соң “Тоғыз қойдың терісі бір тондық”, “Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық”, “Тоғыз інген боталап”, “Тоғыз бие құлындап” (т.с.с.) дейміз.

“Ақыл-ойдың нағыз қайнар көзі, тоқсан тараулы тоғызқұмалақ өнері туралы әр жерде тоғыз оянып, тоқсан толғанып түйген маржан ойларымды көпшілікке жеткізуді жөн көрдім” – деп жазады өзінің “Тағылымы мол мұра” (спорт газеті 13.04.99 ж.) атты мақаласында Шымкенттік Қадырбек Сапарбаев. “Тоғыз саны киелі сан. Оның мәні ықылым заманнан көшпенділердің Тұран деген елі Иранмен қанаттас өмір сүріп, Қытайдың ақ қорғанынан Балқаш түбегіне дейінгі кең байтақ елге иелік еткен ежелгі көк түріктердің “Көк бөрісінен” өрбіген, Шыңғыс хан да қолбасшы батырларына “тоғыс сирақты ақ байрақты” қолдарына беріп жорыққа аттандырады екен. Түрік халықтарының қыз ұзатып, келін түсіргенде екі арада жүретін аралас-құралас құдалық жоралғылары тоғыздық дүниелер арқылы атқарылған. Тұрмысқа шыққан жас келіншек те өз құрсағында пайда болған нәрестесін тоғыз ай, тоғыз күн сақтайды екен. Алланың құдіретімен жаратылған адамдар мен көптеген жан-жануарлардың да бойында өмір сүруге қажетті тоғыз тесігі болады екен. Бұл керемет құбылыста тоғыз санының қасиетін аша түскендей. Ал, енді біздің Күн жүйесіндегі кеңістікте бір жазықтықта әртүрлі тоғыз планеталардың айналып жүргені әлімсақтан белгілі жай.

Кейінгі кезде баспа бетінде жарияланған статьяларда: “Тоғызқұмалақ ойынын тұңғыш рет орта ғасырда қойшылар ойнап шығарыпты (бір байдың Аманжол және Жайлаубай атты қойшылары). Олар жерді қазып алып, жүрелеп немесе молдас құрып отырып ойнай береді екен, ойынның қызығына түсіп кетіп, қойларын қасқырға қырғызып алады екен .

Бертін келе ойын халық арасына кеңінен тарап, қалың бұқараның мәдени қажетіне айналыпты. Мұны кейде қойшының “алгебрасы” дейді екен” – деген жорамал – топшылаулар айтылғанымен, ол әлі зерттелмеген мәселе.

Қызылордалық Иманбаев Е.Ә. (ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы, Қ.Р. білім беру ісінің үздігі, Қызылорда облысының аға жаттықтырушысы) өзінің “Тоғыз-құмалақ – II халықаралық сайыс” атты кі-тапшасының “Әріден әліппеге дейін” тақырыбында “Тағы бір көңіл аударатын нәрсе. Тоғызқұмалақ ойын атауы, ол “162” құмалақ па әлде тас па? Бұл жөнінде біз мынадай пікір білдіргіміз келеді:

Қазақта мынадай мәтел бар. “Баланың еңбегі тілі тас деген сөзге келгенде қатаяды”, деген. Мұның өзі адамның санасы өзінің тастан (жерден, топырақтан) жаратылғанын білгенде қатаяды деген мағынаға келеді. Яғни отаудағы құмалақты тас деу

ойынның логикалық құрылымын байытатындай” десе, “Әліппеден өзімізге дейін” тақырыбында “Ұлы Абай тоғызқұмалақ ойынын аса құштарлықпен ойнағанын халық біледі. Мен Жидебайға барғанымда бір ақсақалдан мынадай әңгіме естіп едім. Абай өзі ұтылса: “Тақтай бағып ойын қуған қу ұтады”, ал өзі ұтса: “Ми ұтады” – деп қасындағыларды күлдіріп отырады екен. Осы “Ми ұтады” – да үлкен тұжырым бар дейсің. Бүкіл болмысымыздың патшасы – Ми. Ал ойында Ми ұтса - онда тоғызқұмалақ мидың добы болғаны да. Сонымен бізбенсіз ми добын үйреніп, үйретіп, ойнай жүр екенбіз”, - деп, бабалардан мирас болып қалған, әрі нағыз халық ойыны ретінде сан ғасырлар бой өзінің жұртты баурап алатын қасиетін сақтап қалған ойынымыздың “атына” тосырқай қарайды. Ал, енді тоғызқұмалақ ойынының тарихын зерттеу жолының бір саласы археологиялық және этнографиялық зат бұйымдарға зер салып сүйенетін болсақ. 1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында, осыдан 2500 жыл бұрын халық мекендеген жайларға қазба жұмысын жүргізгенде, ол жерден әртүрлі тастан жасалған шариктер табылды. Ғалымдар бұл шариктерге зер салып зерттегеннен кейін, шариктер тоғызқұмалақ ойынына әдейілеп істелген деп тапты.

1983 жылы Қазақстан баспасынан жарық көрген “Бәйгеден олимпиадаға шейін” (орыс тілінде шыққан) деген монографиялы кітабында ғалым Мұратқан Тәнекеев былай дейді: “ Тоғызқұмалақ ойынының даму тарихы өзінше қызық, бұл туралы орыс және шетел ғалымдары еңбектерінен оқып жүрміз. 1906 жылы орыс этнографы Н. Пантусов бірінші рет ойынымыздың теориялық жағына “анализталдау” жасап берді. Осы анализге сүйене отырып 1936 жылы атақты қазақ ғалымы С. Аманжолов бүгінгі жарыстарда ойналып жүрген жеңіл ойнау (түсінік: бір ойыншының ойын барысында өз жүрісімен “тұздық” алатын болса, артынша екінші ойыншы өз жүрісімен “тұздық” алуына болады) тәртібімен таныстырып кетті. Кейбір деректерге сүйенсек тоғызқұмалақ ойыны осыдан 8 мың жыл бұрын пайда болып, осы уақытқа дейін ұмытылмай келеді” – деп ойын тоғарады.

Бәлкім солай болған шығар. Әлемнің әр түкпірінде өмір сүретін әр алуан халықтың өз ұлттық ойындары болғаны мәлім. Солардың осы біз өмір сүріп жатқан заманымызға жеткен “оймен ойлау” ойындарының бес түрі бар. Шахмат, шашка, вейцы, нарды және манкала. Осы ойындардың да әр халыққа тән өз өзгешеліктері мен ойналатын түрлері де бар. Мәселен Бирманың, Қытайдың, Жапонияның шахматтары, шашканың орыс халқы ойнайтын және халқаралық түрлері. Біздің тоғызқұмалақ ойнымызды орыс ғалымы А. Аникеич Африка халықтарының арасында кең тараған “Манкала” деп аталатын ойынның бір түрі болуы мүмкін деп жорамалдайды. Міне, осы ойындардың шығу тарихын дөп басып айта алатындар сирек әрі бұл заңды да.

Ойын тақтасы мен ережесі туралы бірер сөз айтсақ. Шахмат терминдерінің дені шетелдік. Бірқатары ұлт тілдеріне аударылған: піл, ат, король, пешка. Ал, тоғызқұмалақ терминдерінің барлығы қазақша. Бұған тақта бетіндегі тоғыз отаудың атаулары жақсы мысал: арт, тектұрмас, атөтпес, атсыратар, бел, белбасар, қандықақпан, көкмойын, маңдай- бәрі тоғыз. Оныншы қазаны яғни ордасы. Қарсылас жақтікі де солай. Қазақ атқа мінгенде үзеңгіге сол аяғын салып, оң аяғын ердің оң жағына асырып түседі. Былайша айтқанда оңына бақыт ұстайды. Сол секілді тоғызқұмалақшылар да құмалағын жүріс кезінде оң жағындағы отауларға салып отырады. Сонымен тақтаның сол жағында тоғыз отау болады. Екінші жағында да соншалықты. Әр отауға тоғыз құмалақтан салынады. Ойын бәсекесіне түскендердің, демек 81-ден құмалағы бар.

Ойынның шарты не? Шарт мынау: ойын басталған кезде қазанына 82 немесе одан да көп құмалақ жинаған адам жеңімпаз атанады. Ал қалай ұтуға болады. Жүріс кезегін бірінші болып алған адам, өз қалауы бойынша, өз отауларының біріндегі айтайық тектұрмастан, (екінші отау, солдан оңға қарай санағанда) тоғыз құмалақты уыстап алып оның біреуін орнына қалдырады да сегізін оң жағындағы отауларға біртіндеп тастап шығады.

Соңғы құмалақ қарсылас жақтың бірінші отауына, артына барып түседі. Сөйтіп, ондағы тоғыз құмалақты он (10) яғни

жұп етеді де, бұл құмалақтарды өз қазанына салып алады. Өз кезегінде екінші жақ та осындай жүріп қарсыласының тектұрмасындағы тоғыз құмалақты ол да алуға тырысады. Әңгіме әзірше бір ғана жүріс туралы болды. Айтайық, бір жүрісте екі жақта он құмалақтан жиырмасын алды. Келесі жүрісте қарсы жақ отауларын сонша көп жаулатып алмау үшін олар өз жүрісімен отауларды "жұп" етіп жауып отыруға тырысады. Ең болмағанда өз құмалағын аз беруді, қарсыласының құмалағын көп жеуді ойластырады. Былайша айтқанда қорғанысқа шығады. Дәл осы жерде тоғызқұмалақты шахмат ойынының құрамдас үш бөлігімен салыстырып кетудің реті келіп тұр. Шахмат ойынының алғашқы бес- жеті жүрісі дебют яғни бастамасы деп аталады. Одан кейінгі миттельшпиль (орта шені), соңғысы эндшпилі (аяқ шені) түрінде болып келеді. Тоғызқұмалақ та сондай. Оның алғашқысы аршынды, одан кейінгісі орта белді, соңғысы атсырау деп аталады. Неге бұлай? Мәселен мынада: бастапқы кезде отауларда құмалақ көп болу себепті аршынды алымдар жасауға болады. Алымдар, берімдер көбейеді. Ойынның орта шенінде отаулардағы құмалақ, саны әрқилы болып кетеді. Он ойланып, тоғыз толғануға тура келеді. Ойын соңында құмалақ өте азайып, кейбір отаулар тіпті бос қалады. "Жаяу қалған" ойыншы міне осында атсырайды. Шахмат пен дойбыда ферзіге, биге шығу дегеніміз бар. Мұндай артықшылықтан тоғызқұмалақ та құр алақан емес. Ол "тұздық" кейде "тұздый" деп аталады. Тұздық қалай алынады? Ойын барысында қарсы жақ отауларының бірінде немесе екеу үшеуінде екі құмалақтан жатуы мүмкін. Жүріс алған адам сол қос құмалақты отауға өзінің соңғы құмалағын жеткізіп түсірсе, онда ол "тұздық" алғаны. Бұдан былайғы жерде сол отауға түскен құмалақтың бәрі алушының иелігіне (қазанына) көшеді.

Кейде "тұздый" деуіміздің себебі ойынымыздың ескі заманнан бері келе жатқандығын байқаймыз. Орхон жазуларының мәліметтері бойынша бұдан 13 ғасыр бұрын к,қ,ғ әріптері орнына "и" қолданылған екен.

Тоғызқұмалақ ойынының өзіне тән ерекшелігі – бұл нағыз математикалық есеп ойыны. Олай деуіміздің себебі ойын тәртібін үйреніп алғаннан кейін жас та, кәрі де қызығып ойнайтын тоғызқұмалақ ойынының барысында тақта үстіндегі тартыстың сырын (күрделі позицияны есептеу) алдын ала біліп отыру үшін ойыншыға математикалық төрт амалды жетік біліп, сәт сайын қолданып отыруға тура келеді.

Демек, "Тоғызқұмалақ" – үлкендерді былай қойғанда, жас жеткіншектерге спорт әліппесін үйретумен қатар, олардың ой-өрісін, сана сезімін дамытуға, оқу үлгерімін жақсарта түсуге өзіндік септігін тигізеді.

Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі де дәлел бола алады. Жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

«Тоғызқұмалақ – қазақтың ерте заманнан келе жатқан спорт ойындарының бірі. Бұл ойынды қазақтардан басқа қырғыздар, қарақалпақтар, алтайлықтар да ойнайды» – дейді зерттеуші Т. Сұлтанбеков. Сонымен қатар Түркия, Түркіменстан, Өзбекстанның кейбір аудандарында ұлттық ойынның ойналатыны туралы мәліметтер бар. Бірақ осы аталған елдерде ойынның атауында кейбір өзгешеліктер кездеседі. Мәселен, тоғызқұмалақты қырғыздар – «тогузкоргоол» десе, Ақтеңіз жағалауындағы кейбір көшпелі түрік тайпалары – «тогузташ» деп атайды екен. Сөз тіркесінің алғашқы сыңарында кейбір дыбыстық ерекшеліктер болмаса жалпыға түсінікті екені белгілі. Ал «коргоол» – монғол тілінде «құмалақ» деген сөзді білдіреді. «Таш» сөзі – тас деген мағынаны айқындауымен қатар, ойынға жүріс жасау құралы ретінде қатынасы бар. Бұл атаулардан не байқалады? Және де тоғызқұмалақтың мыңдаған жылдық тарихы бар көне ойын екендігін ескере отырып, түркі халықтарының шығу тегінің бір болғандығын және тек қана осы түркі дүниесінде сақталу ерекшелігін қарастыра отырып, ойынның осы халықтарға ортақ атауы болмады ма? – деп, ойға да қаласың.

Түркі тілдерінде әр сөздің негізгі мағынасымен қатар, астарлы, тұспалды мағынасы да болады. Бүгінгі күнге дейін жарық көрген бірқатар еңбектерде «тоғызқұмалақ» атауын оның екінші сыңарына байланысты заттық, тұрмыстық негізде түсіндіру – оның құндылығы мен қасиетін өз дәрежесінде таныта алмай отыр. Яғни құмалақты – қойдың нәжісі деп, тоғызқұмалаққа «қойшылар ойыны» деген қарабайыр тіркесті жамау – ұлттық ойынның мәнін өз дәрежесінде көрсетпейді. Сөз өнерінің қуатын жетік түсінген бабаларымыз ұрпағының зерделі ойлы болуы үшін де көп тер төккен. Кез келген өнер туындысы болсын, ақыл-ой шығармашылығының жемісі болсын оның атауына да ерекше мән берген.

«Құмалақтың не сегіз, не жеті немесе он бір, он үш болмай дәл тоғыз болу себебі кездейсоқ емес. Қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілінде көп кездесетін сандардың бірі – тоғыз (Мысалы, «тоғыз жолдың торабы», «тоғыз қабат торқадан, тоқтышақтың терісі артық», «тоғыз інген боталап, тоғыз інген құлындап»). Тоғызқұмалақ ойынының атауы осылайша пайда болды ма? Әлде, тоғыз санының өзіндік арифметикалық ерекшелігі бар ма? – деген болжамдар да бар. Әрине, оның бәрі де көп зерттеуді талап етеді. Біздіңше бұл ойын есеп ойыны болғандықтан, оның аты қалай болса солай қойыла салмауы тиіс», – дейді Т. Сұлтанбеков.

«Тоғыз» саны ежелгі түркілерде көптік мағынаға ие болған. Бабаларымыз осы санды шексіздік қасиеті бар сан деп түсінген. «Тоғыз жолдың торабы» деген тіркес нақты тоғыз жолды емес, көп жолдың тіркесуін бейнелейді. Тоғыз санына байланысты шыққан басқа тіркестерге де осы сипат тән. Ал «құмалақ» сөзі ойынның қойшылар арасында белгілі бір кезеңдерде кеңінен таралып, насихатталуына байланысты сақталып қалса керек. Ілкі тектеріміз тақта отауларына құмалақ салып ойнағанға дейін түрлі жеміс-жидектердің дәндері, сүйек, уақ тастармен және т.б. заттармен де ойнауы мүмкін. Ақтеңіз жағалауындағы көшпелі тайпаларда тасқа байланысты атаулардың жадыда қалуы осыған айғақ. Ал «коргоол» сөзінің қырғыз тілінде ұшырасуы – монғолдардың көптеген жылдар бойы қазіргі Қырғызстан аймағына үстемдік жасауынан қалған тілдік ерекшелік болса керек.

Құмалақтың бір қасиеті – оның қозғалысқа бейімділігінде. Оны түртіп қалғанда жылжиды, яғни қозғалады, қозғалысқа түседі. Демек «құмалақ» – қозғалыстың символы. Сондықтан «тоғызқұмалақ» сөзінің беретін мағынасын қарастырғанда көшпенді дүниетаным мәселелерін естен шығармау керек. Осыған сәйкес бұл тұжырымға сүйенсек, тоғызқұмалақты «шексіз қозғалыс» ойыны деп қарастырған жөн болмақ. Өйткені осы ойындағы 162 құмалақтың ерсілі-қарсылы қозғалыстары өте көп. Шынында да сол шексіз қозғалыстардың тақтадағы түрліше өзгерістерін жадында сақтай алатын, логикасы мықты, қиялы жүйрік адам ғана тоғызқұмалақ ойынымен тереңдеп айналыса алады. Егер осы тұжырымға сүйене отырып, тоғызқұмалақты «шексіз қозғалыс» ойыны – деп қарастырар болсақ, онда ойынның төл тума болмысын, тарихи дүниетанымдық мәнін өз дәрежесінде аша аламыз ба?

Жоғарыдағы калах ойынында – 2 қазан, 12 отау, 72 құмалақ бар. Ойынның басты мақсаты – қарсыластардың бірінің өз отауларындағы құмалактары арқылы – 37 құмалақ ұтуы болып табылады. Бір ерекшелігі бұл ойындағы калах деген сөз – қазан деген мағынаны білдіреді. Яғни «калах» немесе «манкала» – ұтып алынған құмалақтар салынатын орынның атауы. Біздегі – қазан немесе көнедегі – орда. 1936 жылғы «Тоғызқұмалақ» кітапшасында С. Аманжолов құмалақтарды ұтып алып жинайтын жерді осы екі атаумен де атаған. Мысалы, «18 отаудың ортасын ала біріменбірінің арасы 8 см, жерде 2 үлкен шұңқыр болады, әрқайсысының кеңдігі 8 см, тереңдігі 2 см болады. Бұл шұңқырларды – «Орда» немесе «Қазан» – дейді.

Енді бір жағдайларда шетелдік бірқатар қозғалыс ойындарының атауы – сол жерлерді мекендеген халықтардың тұрмыстық ерекшеліктеріне байланысты өзгеріске ұшырап отырған. Мысалы, Нигерияда отауларға Ади өсімдігінің дәндерін салып ойнағандықтан, ойынның атауын «Ади» деп атаған. Бұл жері қазақтың тоғызқұмалақ ойынының атына ұқсайды.

Бірақ бабаларымыз тоғызқұмалақты

үнемі құмалақпен ойнамаған, ол тек жеке бір ойнаушылардың (қойшылардың) мәжбүрлігінен ғана туындаған. Ал халықтың басқа зиялы өкілдері сүйектен, ағаштан жасалған домалақ заттармен, жемістің дәндерімен ойнаған. Құмалақтың өзімен ойнағанның өзінде оны жүріс жасау кезінде басқаша атаған. Мәселен, С.Аманжолов: «Айтылған 18 отаудың іштерінде ойын басталмас бұрын тоғыз тоғызданқұмалақ болады (барлығы – 162), олар жүріс үстінде атдеп аталады» – дейді. Ал Т. Сұлтанбеков: «Тоғызқұмалақ ойынында атпен байланысты екі атаубар. Бұл атаулардың кіру себебі – тоғызқұмалақ ойынының қазақтың өмірімен іштей біте қайнасып жатқандығын дәлелдейді. «Ат» деп ойынның барысында жүрілетін құмалақтарды айтады. Мәселен, бір отауда сегіз құмалақ жатыр делік. Оның арты, яғни соңғы құмалақтың түсетін жері – әлгі отаудан солдан оңға карай санағанда сегізінші отауда жатыр. Сонда ойыншы: сегізінші отауға менің құмалағым жетіп тұрдеудің орнына «атым жетіп тұр» немесе ойынның ретіне қарай «сенің бел басарыңа жететін менде ат жоқ», «сеніңатың" менің «байыма» жығылып жатыр немесе «байға»жетем десең ат жина деп сөйлейді. Ерте кезде қазақ халқы алыс жолдарға сапар шеккенде қосағына ат алып жүретін болған немесе айшылық сапарға шығарда әрбір бекет сайын ат ауыстырып мінетін болған. Тоғызқұмалақ ойынында да осыған ұқсас жайлар кездеседі. Мәселен, бір отауда жиналған «байды» «шауып алу» үшін, ойыншыға кәдімгідейақ ат жинау керек. Ол аттарды «байға» жеткенше әрбір отауға бір-бірден тастап отырасыз (бекетке қалдырған тәрізді). Сонда соңғы атыңыз байға жетіп, «бай» алым болса, сіз«олжаға» қарық болып қалған болар едіңіз» – дейді.

Қысқасы, тақта басында ойналатын ұлттық ақыл-ой өнерін «Тоғызқұмалақ – шексіз қозғалыс ойыны» дегеннен гөрі, «Орда – ат жинау немесе қор жинау ойыны» – деп қарастырған орынды. Яғни шексіз қозғалыстың өзі белгілі бір заңдылыққа бағынуы тиіс. Ал заңдылық түрлі қозғалыстарға ақыл-ой арқылы ықпал етіп, белгілі бір мекенге орналастыру ойын ережесінен шығады және ойынның мақсатына сай келіп, нақтылы мәнін таныта алуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тілеубаев С., Бизақов С. Тоғызқұмалақ әліппесі. – Алматы: «Мектеп», 2000. – 223 б.
2. Ақшораев Ә., Жүнісбаев Н. Тоғызқұмалақ. – Алматы: «Мектеп», 1980. – 251 б.
3. Тілеубаев С., Жақапбаева А. Тоғызқұмалақ нұсқалары. – Алматы: «Мектеп», 2000. – 104 б.
4. Иманбаев Е.Ә. Тоғызқұмалақ – халықаралық сайыс. – Алматы: «Қазақстан», 1977. – 40 б.
5. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ. – Алматы: «Жалын», 1983. – 59 б.
6. Жалымбетов Ө. Айгөлек. – Алматы: «Қазақстан», 1975. – 34 б.
7. Балғамбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы: «Мектеп», 1985. – 234 б.
8. Төтенаев А.Г. Қазақтың ұлттық ырықты және спорттық ойындары. – Алматы: «Мектеп», 1995. – 83 б.

УДК 37.032

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛ, ҚҰЗЫРЕТТІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Самарханова Н.Н.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

«Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Пәнді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу құралдарын, аудио-бейнематериалдарын әзірлеу керек», - деген болатын Елбасы Назарбаев Н.Ә..

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын студенттер ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде дараланыу білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Қазіргі заманғы педагогиканың ерекшелігі - оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағдарланған жаңа білім беру технологиясын құруға ұмтылу. Әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде реформалар жүріп жатыр. Осы реформаларға сәйкес оқу орындарындағы оқу үрдісіне педагогикалық технологияларды енгізу белсенді түрде қолға алынып отыр. Ол бүгінгі заман талаптарынан туындап, болашақ мамандардың даярлығын жетілдіруді көздейді.

«Технология» латынның «техне» - өнер, шеберлік, қолөнер және «логос»- ғылым деген сөзінен шыққан. 1960-1970 жылдардан бастап педагогика ғылымында педагогикалық технология деп аталатын жаңа ұғым пайда болды. Оның мағынасын ғалымдар да түрліше анықтайды.

Технология туралы өз пайымдауымызға келсек, ол – ең біріншіден, диагностиканы басшылыққа алған жеке тұлғаға қарай бағыттаған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға ең алдымен өз әрекеті арқылы ғана дамиды. Ал әрекет іс-қимылдармен жүреді. Технология жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа, нәтижелі ізденістерін талап етеді. Оқушының білім алу, даму, т.б. іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен меңгеруіне түрткі жасау – технологияның басты белгілері.

Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін - өзі толық жүзеге асыруға дайын, білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Орыс педагогы К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Сол себептен де, ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабақты тартымды, тиімді, түсінікті етіп өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – заман талабына сай жаңа технологияларды қолдану. Ол оқушылардың неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған.

Бүгінгі күнгі оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас та жаңа қағидаларға негізделеді. Сондықтан, қазіргі уақытта оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізіп, оны білім беруде кең қолдануды – сол қағидалардың бірін орындағанымыз деп айтуға толығынан болады. Қазіргі колледж түлегі осы заманғы әлеуметтік ортаға кірігіп, бейімделуі үшін белгілі білімдер жүйесін меңгеруі тиіс екені белгілі жайт. Сол

себепті, заманның жаңа талаптары тұрғысына орай оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік беретін оқытудың жаңаша құрылуына барынша жағдай жасау қажет. Бүгінгі студент - оқушы кәсіби – теориялық білім, іскерлік дағдылармен қаруланып қана қоймай, шығармашылық еңбегімен ізденіп, өздігінен білім алуға, ой қорытындысын жасауға қабілетті болуы шарт. Алайда, өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру әр түрлі факторларға тәуелді. Алдымен ол оқушыдан пәнге қызығушылықты, танымдық қажеттілікті, тұрақты ерік-жігерді, жинақылық пен белсенділік және жоғары саналылықты қажет етеді. Оқушының өздік жұмысы – мұғалімнің пәннен берген тапсырмалары бойынша өз бетінше ізденіп, кәсіби - теориялық білімін тереңдетуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылған мақсатты әрекеті. Бұл болашақ маманның бойында әлеуметтік белсенділік, жауапкершілік, мақсатқа ұмтылушылық, тиянақтылық, бастамашылық сияқты қасиеттерді дамытады. Олай болса, болашақ маманды өз бетінше білім алуға үйрету, жетілдіру, жан-жақты тұлға ретінде дамыту – қазіргі мұғалімдерге қойылып отырған талаптардың бірі.

Мен қызмет ететін білім мекемесінде дәріс алушылардың басым көпшілігі жасөспірімдер, топтарда әртүрлі тәрбиедегі, әртүрлі деңгейдегі, қабілеттіліктері де әртүрлі оқушылар отыр. Оқытушы ретінде олардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, жан-жақты тәрбиелеу – міндетім деп білемін. Сондықтан, сабақтар бір сарынды болып, балаларды жалықтырмас үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, түрлендіруге тырысамын. Мұндағы басты міндет - дәріс алатын оқушылардың «мұғалім сабақ сұрайды» деп қорықпай, сабаққа оқу еңбегі үшін келу керектігін ұйымдастыра білу. Әдеттегі дәстүрлі қазақ тілі және әдебиет сабақтарында оқушылар оқыған шығармасын немесе меңгерген білімін қайта мазмұндап айтып беруге үйренген. Мұның да өзіндік пайдасы бар екендігі даусыз. Дегенмен, оқығанын қайта айтып беру шәкіртті ойға жетелемейді. Бұл күнделікті қайталана берсе жалықтырады. Сондықтан, оқушыны оқи білуге үйрету, яғни оқығанын талдай білуге, түйіп, түсініп оқуға баулыған дұрыс. Осы мақсатты жетекке ала отырып жасалған жұмыстар біршама жетістіктерге жеткізеді.

Оқу бағдарламасының мазмұны бойынша жоспарланған тақырыптарды оқушыларға меңгертуде дамыта оқыту, жобалау, сыни тұрғыдан оқыту технологияларының әдістерін пайдалану өз тәжірибемде әжептәуір жетістіктерге жеткізеді. Мәселен, жобалау технологиясы әдіс-тәсілдерінің түрлерін әр топқа әрқалай қолданамын. 1-курс оқушыларына ақпараттық, ойын түріндегі жобалар қолданылса, жоғары топтағыларға шығармашылық жоба, ғылыми жобаларды қолданып жүрмін. Жас буынды сөз өнеріне баули отыра оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашыл тұлға қалыптастыруда бұл технология таптырмас құрал. Себебі, жобаны қорғауға дайындалған оқушылар өз беттерінше ізденіп, қыруар шаруа атқарады. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар», «Өзі пісірген астың күйігі де тәтті» деп тегін айтпаған. Белгілі бір ақын-жазушының шығармашылығын жобалау технологиясы бойынша зерттеп, қорғаған оқушылардың жеткен жетістіктеріне тек мұғалім ғана риза болып қоймай, осы істен оқушылардың өздері де пайдалы тәжірибе алады. Жоба қорғау кезінде оқушылар тақырып туралы ең қызықты оқиғаларды, мәліметтерді іріктеп алады және мәліметтерді игеруде көрнекіліктерді, анимацияны, дыбыстарды қолданады. Сөйлеу барысында оқушылар әр слайдқа толық мәліметтер беріп, өз ойларын ашық айту үшін жоба құрушы өз жобасын логикалық, тілдік, грамматикалық жағынан дұрыс құруға ұмтылады. Сондықтан, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту және өз бетінше білімдерін бір жүйеге келтіру мақсатында ақпараттық оқыту жүйесіндегі жобалау технологиясын қолданудағы нәтиже жаман емес. Өзіміздің оқу орнында жылда ұйымдастырылатын студенттердің ғылыми іс тәжірибелік конференциялары, «Чистяков оқулары» ғылыми жобалаудың жұмысын жандандыруға септігін тигізеді. Бұл жұмыстардың да жемісін көріп отырғанымыз рас.

Дегенмен, қазіргі заман жағдайларын ескеретін болсақ балалардың көпшілігі болашаққа қажет болар-ау деген нәрсе-

лерге жіті мән беріп, ойланады.Сол себепті, оқушылар нақты іс-әрекетке бағытталған шараларға қызығады. Бүгінгі сабақ та сондай оймен жоспарланып, болашақ мамандардың алдағы қызметтерінде пайдаға асуы әбден мүмкін деген мақсатта ұйымдастырылып отыр. Яғни, бүгінгі студент колледжде алған теориялық және әдістемелік білімдерін оқушылармен оқу-тәрбие жұмыстарында қолдана білуге үйренеді. Бүгінгі сабаққа қатысты айтатын болсақ, мектепте әдеби білім беру – оқытудың, білім берудің жүйелі, жалғаспалы, бірізділік принциптерін басшылыққа ала отырып, жүргізілуі керек.

Ол мынадай кезеңдерден тұрады:

1-кезең: 1-4 сыныптар;

2-кезең: 5-8 сыныптар;

3-кезең: 9-11 сыныптар.

Бүгінгі сабаққа қатысып, жүргізіп отырған топ болашақта, осы 2-кезең: 5-8 сыныптары оқушыларымен жұмыс жасайтын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің мамандары болуға еңбектеніп жатыр.

Бірінші кезеңнің негізгі мақсаты, міндеті – оқуға, жаза білуге, мазмұндауға үйретуімен, көркем туындыға оқушы ынтасын қалыптастырудың алғашқы баспалдағы болуымен ай қандалады.

Екінші кезеңде көркем сөздің көркем туынды, көркем шығармалардағы рөлі, маңызын танып білу жұмыстары жүргізіледі. Көркем туындыдағы авторлық көзқарасты танып-білу үйретіледі. Көркем туынды туралы өз пікірлерін, ойларын айта білуге дағдыландыру (алған әсерлерді, не ұнады, не ұнамады), шағын әдеби айтысқа жетелеу, сөйтіп, әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру да осы кезеңнің негізгі міндеті болмақ. Сол себептен де бүгінгі студент, ертеңгі мұғалім әдіс-тәсілдерді жете меңгеріп қоймай, оларды қай жағдайда, қалай пайдалануға болады, соны да ерекше ойлануы керек. Мысалы, тәжірибе көрсетіп жүргендей, бір жағдайда тиімді болған, пайдалы деп танылған әдіс-тәсілдер екінші жағдайда кейде тиімді, пайдалы бола бермейді. Неге олай, себебі не? Осындай мәселелерді шешуде теориялық білімді практика жүзінде қолданып байқаудың маңызы зор екендігі түсінікті.

Сабаққа әзірлік үстінде әдебиет сабақтарында қолдануға болатын бірнеше әдіс тәсілдерді үйлестіре қолдануға тырыстым. Яғни, сабақ бойынша алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшің алдымен, жаңа технологиялардың бірі – ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану маңызды деп таныдым. Өйткені, мұндай сабақтардан оқушылар жалықпайды, әрі пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артады. Жаңа ақпараттық технология құралдарын сабақтарда пайдаланудың бір жолы электрондық оқулықтар.

Электрондық оқулық – ғылыми – педагогикалық құрал.

Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;

- сабақты иллюстрациялы материалдармен жабдықтауға көмектеседі;

- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әр түрлі деңгейлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді. Осы сабаққа елімізге танымал ұстаз, әдіскер Қанипа Омарғалиқызы Біті-баева (жатқан жері жайлы болсын) құра-стырған «Мұхтар Әуезов туындыларын мектепте оқыту» атты электрондық оқулығын пайдалана отырып, студенттерге таныстыру дұрыс болар деп шештім. Әрине, бұл электронды оқулықтың әлі де кемшін тұстары бар. Дегенмен, пайдалануға болатын тұстары да көбірек. Бұл жерде маған студенттердің осы материалдың өзімен танысып, іс жүзінде қалай қолдануға болатындығын сынап байқаулары маңызды болды.

Келесі кезекте теориялық меңгерілген сабақты практикалық жұмыстармен астастырып үйлестіруге көңіл бөлдім. Мұнда да сабақ жүргізуде жаңа технологиялардың элементтерін қолдануға байланысты студенттерге кеңестер беріліп, ұсыныстар айтылды. Атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылып жүрген әдістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді. Бү-

гінгі өткізілген сабақта студенттер осы технологияның элементтерін пайдаланып көрді. Сәтті шыққаны да, сәтсіз деуі де болған шығар. Солай болған күннің өзінде де байқап, қолданып көрудің де маңызды жақтары бар екендігі сөзсіз. Жақсы нәтиже, жетістік тек іс тәжірибемен келетінін бәріміз білеміз.

Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, Л.В. Занковтар ұсынған «Дамыта оқыту» технологиясының және ойын технологиясының элементтерін қолдану да жақсы нәтиже береді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтылық, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі болуы емес, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық та талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір білім алушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше әрбір білім алушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес арманда рына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Егеменді елімізді дүние жүзі елдерімен терезесі тең болатын дәрежеде өркендететін, негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз екенін ұмытпайық. Олардың бойындағы дарынын, қабілетін дамытуға күш салғанымыз дұрыс болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазіргі кезеңдегі педагогтардың кәсіби құзіреттілігі: проблемалары және даму болашағы. Республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары. 16 қазан 2009 ж. - Б. 403-420.
2. Қазбекова Н.Т. Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану 12 жылдық білім журналы 2006, №1.
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007.

УДК 378.14

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНЫП САБАҚ ЖҮРГІЗУ

Амерханова Л.Б.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – оқыту процесін ақпараттандыру. Қазіргі оқу орындарының

даму болашағы қоғамның даму үрдісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады.

Қоғамда ақпараттар жағдайында үздіксіз білім беру жүйесі мыналарға сүйенеді:

- Білім берудің сапасын арттыру, даму қарқынын күшейту және дербестендіру есебінен қоғам мүшелерінің ой-өрісінің даму деңгейін көтеру;

- өз бетінше білім алу мүмкіндіктерін кеңейту және арнайы білім беру жүйесінде қоғам мүшелерінің өз мамандықтарын қайта өзгерте алатындай жағдай туғызу.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдарды (кино, аудио және видеоқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) қолдану.

Ақпараттық технологияны пайдалану – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқутәрбие үрдісінде студенттердің жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру.

Жұмыстың өзектілігі. Еліміздің экономикасы даму қарқынында көптеген салаларда компьютермен жұмыс істей білетін мамандар қажет етілуде. Осыған орай ақпараттық технологиялар енгізіліп, білім беруде жаңа стандарты жасалды және білім жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы да қабылданды.

Бүгінгі күн талабы білімді компьютерлендірумен тығыз байланысты бағдарламалық жабдықтамалар жасау ісі болып табылады. Ол – кәсіби тұрғыдан қарағанда компьютер құрылғыларынан гөрі күрделірек болып есептеледі. Жұмысымыздың өзекті мәселесі осыдан келіп шығады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты:

- студенттердің білім негіздері туралы түсініктерін тереңдету;

- ақпаратты тарату және қолдана білу арқылы әлемнің қазіргі ғылыми бейнесін қалыптастыру;

- студенттерге ақпараттық процестердің мәнін ашып көрсету;

- қазіргі қоғамның дамуындағы ақпараттық технология мен рөлін айқындау;

- компьютерді оқу процесінде де, кәсіби қызметте де ұтымды пайдалану.

Студенттерді ақпараттық қоғам жағдайында білім жүйесінің өзіндік міндеті:

- Әр түрлі салаларда қолданылатын, ақпараттық технологияларды жасаушы сапасының болуы;

- Нәтижесінде тұтынушының материалды тиімді қолдануы.

Бірақ компьютер мүмкіндіктерін асыра бағалауға болмайды, өйткені ақпарат беру – бұл білім мен мәдениетті беру емес, сондықтан ақпараттық технологиялар педагогтарға тек қосымша тиімді құрал ретінде қызмет атқарады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Осы құрылымда алғашқы маңызды аспект рөлін мұғалім мен студенттің компьютерлік сауаттылығын қамтамасыз етуі, яғни олардың компьютермен және оның сыртқы құрылғыларымен жұмыс істей білу деңгейі, компьютердің жалпы қызмет ету принциптерін түсінуі, осы жүйенің жалпы мүмкіндіктерін ұғынуы саналады.

Практикалық жұмыстарды өткізгенде мұғалім әрбір балаға жеке-жеке көмектесіп, оның алгоритмі мен программасын жедел түсініп, қателерін түзеп қиналған жерінен жол тауып беруі керек. Практикалық және шығармашылық жұмыстар өткізерде студенттерге қажетті кітаптар мен анықтамалардың болуымен қатар ИНТЕРНЕТпен байланысы бар балалардың болғанына көп көңіл бөлінеді. Осы аудиторияда, үйде слайд, презентациялар жасау да олардың зеректілігімен, ой өрісін кеңейте түсуде зор үлесін қосады. Сол мүмкіндіктерді ескере отырып, ақпараттық білім беру технологияларын оқыту үдерісінде тиімді пайдалану, өз кезегінде, шет тілін оқытудың қарқынын арттыруға бейнелік және коммуникативтік көмегін тигізеді.

Тәжірибе жүзінде студенттерге «Үйден оқыту» пәні бойынша шет ел жазушыларының шығармаларын оқыту бағдарламасы алынды. Ақпараттық технологиялардың көмегімен бейне суреттер көрсетіп, есте сақтауын жеңілдетеміз.

Шет ел жазушылары: М. Твен, С. Ле-

акок, Э. Хэмингуей, О. Генри, Д. Лондонның әлемге әйгілі шығармаларын тез меңгеруімізге болатынына көзіміз жетеді:

"The scholarship" from "Green years" by A.J. Cronin шығармасын бірінші сабақта өткіздік. Бейне суреттер көрсетіліп, мәтіндегі жаңа сөздерді дыбыстап айтамыз, естиміз:

Scholarship – студент еңбек ақысы,

to be defeated – қарсыласын жеңу,

it will not affect our friendship – біздің достығымызға кедергі келтірмейді. Практикалық жұмыс (Practical work): кімнің сөзі екенін сәйкестендіру - Who said it?

"I'm trying for it too" – Gavin

"One of us must win if" – Robert Sh.

Бастауышқа қойылатын сұраққа жауап беру (грамматикалық): Who…

1) was going fishing with Gavin? – Robert

2) met early in the morning? – Gavin

Келесі сөз тіркестерінің ағылшын эквиваленттерін табу:

1) терең дем алу – deep breath

2) үнсіз қуаныш – silent joy

Home work: етістіктердің формаларын сәйкестендіру, мәтінді қысқаша мазмұндау (summary this text):

1) be, 2) was \ were, 3) been, 4) being.

Бұл технологияны тек колледжде емес, сонымен қатар мектептегі жоғарғы сыныптарда жүргізуге болады және бала жоғарғы орынға түскенде осы жазушылар, шығармалары жөнінде хабарлар болады.

Осы мәтіндерді өткенде аудио таспалар көмегімен жаңа сөздерді, ағылшын әуені арқылы жаңа тақырыпты мұғалім түсіндіргенде балаға көп көмегі тиеді. Өйткені жай қағаздағы мәтіннен гөрі оның: көзбен көру, есту, дыбыстап қайталау қабілеттері қатар дамып, белсенділігін, ынтасын арттырып отыратынына тәжірибе жүзінде көз жеткіздік. Жас жеткіншектердің техникалық және бейнелік қабілеттерін біріктіре алатын ізденістік тәрбие етек алып келе жатқанда, олар жаңа ғылым мен техниканы игере отырып, осылармен қатарластыра өз жеке қасиеттерін де жемісті түрде дамыта алады. Соңғы кездерде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырып, құжаттарды да эстетикалық тұрғыдан безендіре алатын жақтарын жетілдіруге мүмкіндік пайда болып жатыр.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары:

- методологиясын жетілдіру мен стратегиялық мазмұнын таңдау;
- әдістері мен формаларын ұйымдастыру;
- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту;
- оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;
- студенттердің интеллектуалдық потенциалын дамытуға бағыттау;
- өз бетімен білім алу біліктілігін қалыптастыру;
- тестілік, диагностикалық бақылау әдістері мен студенттердің білім деңгейін бағалау.

Болашақта Қазақстанда барлық білім беру жүйесін ақпараттандыру телекоммуникациялық желілерді жасау және дамытумен ұштасады. Ал білім беру жүйесінің негізгі міндеттері біртұтас телекоммуникациялық желіні құру және дамыту арқылы шешіледі.

Компьютерлік оқыту белгілі мөлшерде программалық оқытудың аналогы, ол курста оқытылатын пәндердің мүмкіндігін кеңейтеді және оған қосымша өте икемді оқыту жүйесі бола алады. Сондықтан да, біз теориялық негізін құрайтын мына принциптерді бөліп көрсетеміз:

а) материалды кішкентай, өзара өте тығыз байланысқан;

ә) программаланған тексті оқуда студенттердің белсенді әрекеті;

б) студенттердің әрбір жауабын бірден бағалап отыру;

в) программалық текстерді эмпирикалық тексеру.

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық - коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек», - деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады.

Бұл компьютердің кәдімгі бақылау құралдарына қарағандағы мынандай артықшылықтарына байланысты болып отыр:

1) Ол оқу материалдарын балаларға беру жолдарын кеңейтеді. Түрлі түстерді, графиканы, мультипликацияны, дыбысты, бейнелеу техникасының басқа да мүмкіндіктерін пайдалану оқытудың қызықты әрі нақты ортасын ұйымдастыра алады.

2) Компьютер балалардың оқуға деген ынтасын туғызады. Қиындығы әртүрлі шет тілінің дыбыстарын шығаруды, тыңдап дұрыс айтуды, мұғалім көп сөйлемей, жылдам реттеу мүмкіндігі оқуға деген қызығушылықты арттырады.

3) Оқу материалдарын тек беріп қана қоймай, жауаптарын қабылдап, оны талдап, балалардың талаптарын да есепке алуға мүмкіндік туғызады.

4) Жұмыс барысында студенттер жіберген қателерді топтастырып, олармен тұрақты кері байланыс жасауға болады. Бұрынғы оқыту түрінің негізгі кемшіліктерінің бірі мұғалімнің оқу процесінің негізгі бір кезеңдерін бақылауға алу қиындығы еді. Сыныппен жұмыс істеу кезінде педагогтің әр баланың қалай жаңа сөзді түсінгенін бақылауы қиын болатын. Ал дер кезінде байқалмаған қателер оқылып отырған тақырыпты игеруді басқа жолға салып, кейіннен оны қалыпқа келтіру қиын болады.

Жаңа ақпараттық технологияның жылдан-жылға кең құлаш жайып дамуы адам қызметінің барлық салаларына енуіне орай, жас ұрпақты компьютерлік техниканы пайдалану үшін даярлауда, олардың компьютерге деген оң көзқарасын қалыптастырумен қатар, - студенттердің сабақта және сабақтан тыс оқу қызметін компьютер арқылы ұйымдастыру «Қазақстан – 2050» бағдарламасында көрсетілгендей көкейкесті мәселелердің бірі. Бұл мәселе бойынша тәжірибелер жинақталуда. Қазірден бастап балаларды кішкентайынан өздерін қоршаған ортамен жан-жақты таныстыру, олардың логикалық ой-өрісін шығармашылық жағынан дамыту, сөйлеу және жүріс-тұрыс мәдениеттілігін арттыру, оларды «компьютер әлеміне» баулу бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Осы мәселелердің әр түрлі жолдары қарастырылып, басқа шет мемлекеттердің іс-тәжірибелерін оқып, үйрене отырып:

1. Бастауыш мектепте оқытылатын сабақтарда компьютерлерді жиі пайдалану;

2. Мектептерде балаларға арналған шет тілі үйірмелерін ұйымдастыру арқылы жүргізу;

3. Жоғары оқу орындарында жүйелі түрде шет тілі пәнін оқыту.

Ал жоғарыдағы көрсетілген әдістердің барлығы біріктірілсе, жас жеткіншектердің компьютерлік сауатты, әрі компьютерлік мәдениетті болып өсуіне жол ашады.

Болашақ мұғалімдерге үлкен ақпараттық білім алқабына жол көрсетіп, студенттердің жоғары белсенді дүниетанымын және өзіндік жұмыс аясын кеңейтеді, оқыту үрдісін саралауға, жан-жақты ақпараттандыруға, білім мазмұнын ізгілендіруге көмектеседі.

Сонымен, менің жұмыс тәжірибем мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1) компьютерлік оқыту бағдарламалары арқылы, логика негіздерін үйрету жолдарымен балаларды шет тіліне ертерек араластыру шарт;

2) компьютерлерді барлық пәндерде пайдалануға шақыру және солай ұйымдастыруға тырысу керек;

3) барлық сабақтарда компьютерді пайдаланатындай дәрежеде кадрларды дайындау жұмысын жүргізу қажет;

4) оқу орындарында қажет бөлмелерді компьютерлермен жабдықтауға жағдай туғызылуы тиіс;

5) студенттердің білім сапасын көтерудегі ақпараттық технологияның зор үлесінің бар болуы.

Қазақстанда оқыту ісін ақпараттандыру - білім беру сапасын көтереді, студенттердің әдістемелік өсу деңгейін қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Информатика» - журналы: 2004 ж.
2. Бөрібаев Б., Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.
3. Ағылшын тілі мектепте. 2009 №5. 2010 №1.
4. Білім заңы. - Алматы, 2007.
5. Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру. Қазақстан мектебі, №2, 2000.

УДК 796.078

МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮРДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Касенова Ш.И.

Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күн мектеп алдында тұрған басты міндет - өзіндік айтар ой - пікірі бар, жоғары сапалы білімі бар,белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, ой - пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі - модульдік оқыту.

Мақсаты: Модульдік оқыту технологиясын қолдана отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын, таным – белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

- Модульдік оқыту технологиясының білім сапасына әсерін анықтап көрсету;
- Қоршаған ортадағы жүріп жатқан құбылыстарды химиялық таным- түсініктер арқылы ойлай білуге үйрету, химиялық тілді дамыту;
- Оқыту барысында қоршаған орта, т ірі табиғат туралы қызығушылық тудыру;
- Химиялық білім - біліктерді және химия ғылымының жетістіктерін күнделікті өмірде пайдалануды насихаттау.

Оқу материалдарын меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар:

- Ғылым негіздерін, маңызды деректер, ұғымдар, химиялық заңдар мен теориялар және химиялық символиканы зерделеу;
- Химиялық құбылыстарды бақылауға және түсіндіруге біліктілігін дамыту;
- Заттар мен лабораториялық құрал – жабдықтарды пайдалан білу, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, қарапайым тәжірибелерді жасау білігін қалыптастыру;
- Химияның қоғамдағы маңызын, адамзат алдында тұрған сан-салалы ауқымды мәселелерді шешудегі ізгілікті рөлінің артуын ашып көрсету;
- Оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру;

Диагностикалық құралдар: бақылау, тест, жобалар жасау, реферат жасау, талдау, сауалнама, болжам жасау, тәжірибе жинақтау.

Күтілетін нәтиже:

- Келешекте оқушылар кәсіби білім алу үшін алдын ала даярлықтан өтеді;
- Қосымша материалдармен танысуға мүмкіндік алады;
- Адам, қоршаған орта туралы дүниетанымдық көзқарастары дами түседі.

Болжамы: Модульдік оқыту технологиясы тиімді ұйымдастырылса, онда оқушылардың білімге деген қажеттіліктері, қызығушылығы мен қабілеттілігі, түрлі модульдік оқуды таңдау құзыреттілігі жоғарғы деңгейде қалыптастырылады.

Модульдік оқыту - білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Ал «модуль» дегеніміз - іс-әрекеттің мақсатты, бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы.

Модуль - оқу мазмұны мен технологияны біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланыстырушы.

Оқу модулі, негізінен, үш құрылымды бөліктен: кіріспе, сөйлесу бөлімі

және қорытынды бөлімнен тұрады.

Әр оқу модульінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Зерттеулер нәтижесі 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің неғұрлым тиімді екенін көрсетті.

Оқу модулінің өзгешелігі - жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат - міндеттерімен таныстырады. Содан соң мұғалім осы оқу модулінің барлық уақыттарына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді.

Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен, оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіде қарай кезең - кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінің тағы бір ерекшелігі бар. Зерттеу көрсеткеніндей, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте 13-тен 24 ретке дейін қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Оқу бөлімінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір - біріне көмегі, бірін - бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынын келсе, енді қорытынды бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс.

Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, зертханалық жұмыстар немесе эксперименттік есептер оқу пәнінің ерекшелігіне орай, оқу модулінің қорытынды бөлімінде беріледі.

Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз - өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден - бір технология. «Металлдар» тарауын мынадай модульге бөлдім.

1-тарау. Металлдар 1 модуль (7 сағат)

Бөлімі	Сағат саны	Сабақтың мазмұны	Уақыты
Кіріспе	1	§28 «Металдардың адам өміріндегі маңызы»; §29 «Металдардың периодтық жүйедегі орны»; Әр оқушыға жеке - жеке тапсырма	45 мин
	2	§30 «Металдардың физикалық қасиеттері»; §31 «Табиғаттағы металдар» Әр оқушыға жеке - жеке тапсырма	45 мин
	3	§32 «Металдардың жемірілуі, күресі шаралары» §33 «Табиғаттағы металдар» §34 «Металдардың қосылыстары» Әр оқушыға жеке - жеке тапсырма	45 мин
Сөйлесу	4	«Қарлы кесек» ойыны	45 мин
	5	«Бақытты сәт» ойыны	45 мин
Қорытынды	6	Тест	45 мин
	7	Бақылау жұмысы	45 мин

Бұл білім сапасын, танымдық деңгейін арттыруда тиімді. Оның нәтижесі төмендегідей.



Модульдік оқытуда интерактивті тақтаны пайдалану өте тиімді. Өйткені, қажетті сызбаларды, электронды оқулықты, зертханалық тәжірибелерді керек болған жағдайларда пайдалануға мүмкіндік береді. Оқушылар модульдік оқыту технологиясымен өткен сабақтар туралы ой – пікірлерін былай дейді:

- МОТ берген сабақтар маған өте ұнайды, әсіресе, сөйлесу сабақтары
- Сыныпта бір - бірімізбен пікір алмасу ұнайды, әртүрлі ойындармен қызықты өтеді
- Әр тақырыпты сөйлесуде бірнеше рет талдаймыз, жақсы түсінемін;

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі:

1) қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі;

2) оқушылардың әрбір сабақта іс - әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым – қатынас негізінде танымдық іс - әрекетін ұйымдастыру;

3) барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу.

Оқушыларға осы жағдайларда көмек көрсетеді:

1) өз ойларын толық жеткізе алмағанда;

2) материалды мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруін қалағанда;

3) нақты фактілерге мән бермегенде;

4) білімді жинақтауға мән бермегенде.

Қорыта келгенде, жаңа педагогикалық технологияларды химия сабағында өтілген тақырыптарға сәйкестендіре, сабақтастыра отырып, жақсы нәтижелерге жеттім.

Оған дәлел - біріншіден, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты.

Екіншіден, әр оқушы өзіне тән қарқынмен, өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізе отырып, сабақта қойылған мақсатқа жету үшін қажетті қабілеттерін, білік – дағдыларын қалыптастырды.

Сондай - ақ, оқушылар өз шығармашылық қабілеттерін ұштаумен бірге, өткен жылдарға қарағанда олимпиада жетістіктерін де жоғары дәрежеде көрсете білді. Сөз соңында бүгінгі күн талабына сай нақты, терең білім беруде жаңа технологиялар бірден - бір ұстаз сүйенер тұтқа дегім келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030» Жолдау
2. Қазақстан Республикасының Білім Заңы
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2006, 4-5 б.
4. Кәсіби даму мектебі //Алматы, Верена 2007, 93-97 б.
5. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы - педагогикалық технология көзі. – Алматы, 2001. - 75 б.
6. Құдайбергенова К.С. Құзырлық табиғаты - тұлғаның өзіндік дамуында. – Алматы, 2006. – 88 б.
7. Білімдегі жаңалықтар // 2007, №4 26-28 б.
8. Биология, география, химия №4,5. 2002.

УДК 378.004

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ - УСЛОВИЕ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА

Селиванова Л.Ф.

Целью изучения математики является повышение общего кругозора, культуры мышления, формирование научного мировоззрения.

Однако результаты проведения ежегодных мониторингов выявляют проблему снижения уровня знаний, умений и навыков, интереса студентов к математике. Это приводит к необходимости индивидуализации обучения математике, одной из форм которой являются интерактивные методы обучения.

В настоящее время на рынке образовательных услуг лидируют те учреждения образования, которые могут обеспечить высокий уровень профессиональной подготовки специалистов в соответствии с требованиями настоящего времени. Достижение такого уровня невозможно с помощью лишь традиционных методов обучения и организации учебной деятельности. С позиций современных требований центр тяжести в обучении сегодня переносится на развитие личности, ее умение самостоятельно пополнять знания и совершенствовать квалификацию. Этот факт предопределяет высокие требования к образовательно-педагогической сфере. Главная задача в этом процессе - повышение профессионализма выпускаемых специалистов.

Совершенствование учебно - воспитательного процесса в современном колледже сегодня включает не только изменение содержания изучаемых дисциплин, но и изменение подходов к методикам преподавания, расширение арсенала методических приемов, активизацию деятельности обучающихся в ходе занятия, приближение изучаемых тем к реальной жизни через рассмотрение ситуаций и поисков путей решения наиболее острых общественных проблем. Важно, чтобы студент не был пассивным объектом воздействия, а мог самостоятельно найти нужную информацию, обменяться мнением по определенной теме со своими сверстниками, участвовать в дискуссии, находить аргументы, выполнять разнообразные роли. Поэтому необходимо выявить наиболее оптимальные формы обучения, методы и приемы, используемые на занятиях для повышения профессиональной подготовки, расширения кругозора студентов и их общей культуры.

В настоящее время многие методические инновации связаны с применением интерактивных методов обучения, стимулирующих и развивающих познавательную деятельность студентов, их способность к самостоятельному творческому, профессиональному мышлению. В связи с этим особую актуальность и интерес представляет изучение возможности применения в учебном процессе современного колледжа именно интерактивных методов обучения.

Главными характеристиками выпускника учреждения, обеспечивающего получение среднего специального образования, являются компетентность и профессионализм, что требует особого подхода к стратегии и тактики обучения в колледже. Успешность учебной деятельности зависит не только от того, что усваивается, но и от того, как усваивается: индивидуально или коллективно, в авторитарных или гуманистических условиях, с опорой на внимание, восприятие, память или на весь личностный потенциал человека, с помощью репродуктивных или активных методов обучения.

В современном колледже деятельность преподавателя должна быть направлена на разработку и использование таких форм, содержания, приемов и средств обучения, которые способствуют повышению интереса, самостоятельности, творческой активности студента в усвоении знаний, формированию умений, навыков, их практическому применению, а также формированию способностей к самостоятельному, творческому, профессиональному мышлению.

Учебный процесс, опирающийся на использование интерактивных методов обучения, организуется с учетом включенности в процесс познания всех студентов группы без исключения. Совместная деятельность означает, что каждый вносит свой особый индивидуальный вклад, в ходе работы идет обмен знаниями, идеями, способами деятельности. Организуются индивидуальная, парная и групповая работа, используется проектная работа, ролевые игры, осуществляется работа с документами и различными источниками информации.

Интерактивные методы основаны на принципах взаимодействия, активности обучаемых, опоре на групповой опыт, обязательной обратной связи. Создается среда образовательного общения, которая характеризуется открытостью, взаимодействием участников, равенством их аргументов, накоплением совместного знания, возможность взаимной оценки и контроля.

Интерактивное обучение подразумевает вполне конкретные и прогнозируемые цели. Одна из таких целей состоит в создании комфортных условий обучения, при

которых обучающийся чувствует свою успешность, свою интеллектуальную состоятельность, что делает продуктивным сам процесс обучения.

По сравнению с традиционными, интерактивные методы в большей мере соответствуют природе педагогического процесса, моделируют конструктивное и продуктивное педагогическое взаимодействие.

Ключевым понятием, определяющим смысл интерактивных методов, является понятие «взаимодействие» - непосредственная межличностная коммуникация, важнейшей особенностью которой признается способность человека «принимать роль другого», представлять, как его воспринимает партнер по общению или группа, и соответственно интерпретировать ситуацию и конструировать собственные действия. Педагогическое взаимодействие - процесс совместной деятельности педагога и студентов, атрибутами которого являются: пространственное и временное соприсутствие участников, создающее возможность личного контакта между ними; наличие общей цели, предвосхищаемого результата деятельности, отвечающего интересам всех и способствующего реализации потребностей каждого; планирование, контроль, коррекция и координация действий; разделение единого процесса сотрудничества, общей деятельности между участниками; возникновение межличностных отношений. Педагогическое взаимодействие - это обмен деятельностями между педагогом и обучающимися, в котором деятельность одного обусловливает деятельность другого.

Интерактивные методы - это усиленное педагогическое взаимодействие, взаимовлияние участников педагогического процесса через призму собственной индивидуальности, личного опыта жизнедеятельности. Это процесс интенсивной межсубъектной коммуникации педагога и студентов (педагог - субъект своей профессиональной деятельности ставит в позицию субъекта образовательной деятельности - студента). Интерактивное педагогическое взаимодействие характеризуется высокой степенью интенсивности общения его участников, их коммуникации, обмена деятельностями, сменой и разнообразием их видов, форм и приемов, целенаправленной рефлексией участниками своей деятельности и состоявшегося взаимодействия. Интерактивное педагогическое взаимодействие, реализация интерактивных педагогических методов направлены на изменение, совершенствование моделей поведения и деятельности участников педагогического процесса.

Структурообразующим признаком интерактивных методов обучения является взаимодействие студента с имеющимся у него собственным опытом жизнедеятельности, углубленная и всесторонняя работа с этим опытом. Опыт студента является в интерактивном обучении главным источником учебного познания.

При реализации интерактивных методов доминирует в отличие от объяснительно-иллюстративных методов не деятельность преподавателя (преподавание), а деятельность студента (учение). Активность преподавателя уступает место активности студентов, его задачей становится создание условий для их инициативы в познавательной деятельности. Преподаватель отказывается от роли простого транслятора готовых знаний и выполняет функцию одного из источников информации и помощника в работе, организующего самостоятельную познавательную деятельность студентов по продуцированию знаний об окружающей действительности, побуждающего к поиску, исследованию явлений и процессов, самостоятельному решению проблем.

Определяющим признаком интерактивного обучения является проявление активности студентами и сочетание, взаимосвязь физической (передвижение по аудитории, смена рабочего места, рисование, осуществление записей и т.д.), социальной (обмен мнениями, смыслами, отстаивание своей точки зрения и т.д.) и познавательной активности (осознание себя как источника опыта, поиск решения проблем и т.д.) одновременно.

Активности (интерактивности) студентов способствует и сочетание в интерактивных методах общих организационных форм педагогического взаимодействия: фронтальной, групповой, парной и индивидуальной. Практически каждый инте-

рактивный метод предполагает взаимосвязь и сочетание фронтальной (со всеми студентами), а также групповой (выполняемой в творческих группах), парной (выполняемой в парах) и индивидуальной работы студентов.

Интерактивное педагогическое взаимодействие является альтернативой традиционному педагогическому воздействию. Приоритетами интерактивного педагогического процесса являются такие характеристики, как процессуальность, деятельность, общение, диалог, возможность самовыражения для участников, смыслотворчество, рефлексия и др. Традиционное же педагогическое воздействие как атрибут авторитарно-императивного, личностно отчужденного педагогического, процесса направлено, прежде всего, на формальное выполнение обязательной учебной программы.

Интерактивные методы обучения - способы целенаправленного усиленного межсубъектного взаимодействия педагога и студентов по созданию оптимальных условий своего развития. Такое взаимодействие характеризуется высокой степенью интенсивности общения его участников, их коммуникации, обмена деятельностями, сменой и разнообразием их видов, форм и приемов, целенаправленной рефлексией участниками своей деятельности и состоявшегося взаимодействия.

Учебный процесс, опирающийся на использование интерактивных методов обучения, предполагает включенность в процесс познания всех студентов группы: организуются индивидуальная, парная и групповая работа, в ходе которой идет обмен знаниями, идеями, способами деятельности. Создается среда образовательного общения, которая характеризуется открытостью, взаимодействием участников, равенством их аргументов, накоплением совместного знания, возможность взаимной оценки и контроля.

Принципы интерактивных методов обучения: взаимодействие, активность обучаемых, опора на групповой опыт, обязательная обратная связь.

Признаки и инструменты интерактивных методов обучения, антропологическая направленность, полилог, диалог, мыследеятельность, смыслотворчество, межсубъектные отношения, свобода выбора учащихся и педагога, ситуация успеха, позитивность, оптимистичность оценивания, вариативность, рефлексивность.

Интерактивные методы обучения обладают обучающими, развивающими и воспитательными возможностями, которые могут реализоваться одновременно. Обеспечение в процессе обучения условий для реализации интерактивных методов обучения является важным показателем эффективности учебно-воспитательного процесса, так как позволяет в единстве осуществлять обучение, развитие и воспитание студентов колледжа.

Различные виды интерактивных методов обучения обладают неодинаковыми возможностями. Составление, решение и анализ практических ситуаций, составление и решение кроссвордов, занимательных заданий по дисциплинам профессионального компонента позволяет развивать свойства интеллектуальной сферы: гибкость ума, навыки нестандартного мышления, сообразительность, внимание, воображение, умение формулировать вопросы, умение анализировать. Соревновательные игры обладают возможностью совершенствования свойств как в интеллектуальной сфере: гибкости ума, внимания, сообразительности, умении быстро находить ответ как в нестандартной ситуации, так и в эмоциональной: умения контролировать свои эмоции, уверенности в себе. Дискуссии, диспуты, ролевые игры способствуют развитию таких свойств интеллектуальной сферы, как умение вычленять проблему, подбирать аргументы, кратко и точно формулировать и излагать свою позицию, вырабатывают положительные коммуникативные умения, критическое мышление и способность его выражения; в эмоциональной сфере – умение контролировать эмоции, уверенности в себе, адекватной самооценки и т.п.

Таким образом, реализация в педагогическом процессе колледжа интерактивных методов обучения способствует:

- повышению успеваемости студентов колледжа и их интереса к будущей профессиональной деятельности,
- формированию и развитию у студентов коммуникативных навыков и уме-

ний, эмоциональных контактов между ними,

- формированию и развитию аналитических способностей,

- формированию ответственного отношения к собственным поступкам (способность критически мыслить; умение делать обоснованные выводы; умение решить проблемы и разрешить конфликты; умение принимать решение и нести ответственность за них).

- формированию и развитию навыков планирования (способность прогнозировать и проектировать свое будущее).

В целях повышения уровня профессиональной подготовки студентов современного колледжа технология интерактивного обучения может быть реализована преподавателями дисциплин профессионального компонента на одном или нескольких этапах занятия, может являться технологической характеристикой отдельного занятия, серии занятий или всех занятий по дисциплине профессионального компонента. Однако применение интерактивных методов обучения при организации педагогического взаимодействия со студентами не должно являться для педагога колледжа самоцелью. Каждый преподаватель должен осуществлять целенаправленный, обоснованный выбор соответствующего метода обучения или их сочетание (традиционные, интерактивные и др.) для решения конкретных дидактических задач, учитывая особенности профессионального обучения.

Использование на занятиях интерактивных методов обучения может положительно повлиять на успешность усвоения учебного материала и повышение интереса к будущей профессиональной деятельности.

Как и традиционная форма обучения, так и использование интерактивных методов обучения в педагогическом процессе в целом обеспечивают средний уровень успеваемости студентов. Однако, если систематически использовать на уроках интерактивные методы обучения, то следует ожидать повышение уровня профессиональной подготовки студентов, так как применение интерактивных методов обучения способствует развитию их интеллектуальной и эмоциональной сферы.

Использование интерактивных методов в педагогическом процессе побуждает педагога к постоянному творчеству, совершенствованию, профессиональному и личностному росту и позволяет качественно изменить организуемое педагогическое взаимодействие, сделать его привлекательным для студента, укрепить их положительную мотивацию в учении, в создании условий своего развития. Результат реализации в педагогическом процессе колледжа интерактивных методов обучения - повышение уровня профессиональной подготовки студентов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Арутюнов Ю.С. О классификации методов активного обучения / Ю.С. Арутюнов, Н.В. Борисова, С.Г. Колесниченко и др. // Междуведом. Школа-семинар/ тезисы докладов, Латвийский Государственный университет имени П. Стучка. - Рига, 1983.
2. Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения. - Мн.: Тетра Системс, 2011.
3. Кашлев С.С. Технология интерактивного обучения. - Мн.: Белорусский верасень, 2005.
4. Кашлев С.С. Методы рефлексивной деятельности // Народная асвета. - 2003.
5. Кашлев, С.С. Интегрированные интерактивные методы // Народная асвета. - 2004.
6. Кларин, М.В. Интерактивное обучение - инструмент освоения нового опыта // Педагогика. - 2000. - №7.
7. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий. - СП.: КАРО, 2002.
8. Обучаем иначе. Стратегия активного обучения / Е.К. Григальчик, Д.И. Губаревич, Ч.И. Губаревич, С.В. Петрусев. - Мн., 2003.
9. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии: активное обучение: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - Гриф УМО. - М., 2009.
10. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации и эффективного управления УВП: методический материал. - М., 2005.
11. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М., 1998.

УДК 37.015.3

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Бақытбекқызы Б., Дюсенбаева А.Т.

Бүгінгі студент - ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімнің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары: конструктивтік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» - кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген.

«Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді». Кәсіби білімді маманның құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру.

Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім кабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Құзіреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы

әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Еліміздің болашағы, көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема - әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық - педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Ол үшін болашақ мұғалімдерді даярлауға жоғары оқу орындары төмендегідей жұмыстар атқаруға тиісті:

1. Болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;

2. Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау, білім саласын басқарудың жаңа формалары мен әдістерін пайдалана отырып жоғары білім беру жүйесін жаңарту;

3. Дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;

4. Білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесінен дамыта оқыту жүйесіне көшу. Оқыту үрдісінде оқушы шығармашылығына негізделген оқыту әдістерін пайдалануға түбегейлі көшу;

Жалпы білім беретін мектептерде бүгін белең алып отырған кемшіліктері баршылық:

• білім сапасының төмендігі;

• білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы;

• директивалық құжаттар көптеп шығарылғанымен оның мардымсыздығы;

• оқушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы;

• оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің болмауы.

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңалықтар енгізу төмендегідей жолмен көрсетуге болады:

Білім беру		**Ақпарат - таңдыру**		**Насихаттау**		**Игеру**
Жұмысты жетілдіру, Жаңалықтар іздестіру	А	Ақпарат жаңалықтарын меңгеру	Ә	Оқыту, игеру	Б	Пайдалану

Білім берудегі инновациялық технологиялар



Оқытуды оңтайландыру тәсілдерінің жүйесі

Оқытуды оңтайландыру деп оқушылар мен мұғалімнің уақыт шығынын аз жұмсап, білім алудың, тәрбиелеудің және дамытудың қорытындыларын ең үлкен мүмкіндігінше жеткізетін оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру жүйесін айтады.

Оқытуды оңтайландырудың әдістемелік негізі, оқу процесін басқарудың диалектикалық - материалистік жүйесімен әдіс - амалын таба біліп, оның нақты жағдайлардағы ең жақсы нұсқаларын таңдау. Бұндай таңдаулар нақты шындықтың әдістемелік сапалылығына жүгінеді. Мұғалім оқытудың заңдылықтары мен принциптеріне сүйеніп, нақты педагогикалық жағдайларды және ғылым негіздерін талдауды үйреніп, оқу процесінің қорытындылық және үнемділік тұрғысынан ең жақсы нұсқасын таңдайды.

Оқытудың жан - жақты ең жақсы нұсқасын негіздеуді, тек қана бүтіндей жүйені әдіс - амалдар қолданумен іске асады. Оңтайландыру еңбекті ғылыми ұйымдастырудың маңызды принципі болып табылады. Мұғалім оқу процесін, оңтайландыру ептілігін меңгермеген болса, онда педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың сыртқы белгілерімен ғана шектеліп қалады. Олар - приборлар орналасуын жақсарту, техникалық құралдарды қолдану, дидактикалық материалдарды жетілдіру. Міне, сондықтан да мұғалім еңбегінің ғылыми ұйымдастырылуы оңтайландырусыз мүмкін емес.

Оқытудың оңтайлы нұсқаларын құрастыру кезінде оқыту технологиясының негізгі принциптері есепке алынады. Оқыту "жақындағы даму қарқынына" қалыптасуы керек, оқушылардың дара ерекшеліктерін ескеріп ұйымдастырылуы, бірақ оларға бейімделумен емес, ал оқушылардың жаңа іс - әрекеті мен жаңа даму деңгейлерін жоспарлау жолымен іске асуы керек. Оқыту мен білім беру, іс - әрекетті және операцияларды меңгерумен шектеліп қалмай, оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастыруға басты мән беріп, оның өзін ұстау қасиеттерін дамыту. Дамытушы мен тәрбиелеуші тиімділіктерді барлығы бере бермейді, тек оқу іс-әрекетін қалыптастырумен іске асады. Оқытуды жоспарлауда оқушылардың уақытпен және үдемелі қарқындылық пен оқу жұмысына қабілетті тәуелділігі туралы мектептің гигиеналық зерттеу қорытындысын есепке алу керек. Сонымен қатар, мектепте оқитын оқушылардың әрбір жастарына және сыныбына берілетін, сынып және үй жұмыстарын орындауға кететін уақыт шығындарын мөлшерлейтін гигиеналардың қорытындыларын негізге алу керек.

Жаңа технологияны білім саласында пайдаланудың маңыздылығы

Ертеңгі келер күннің бүгіннен гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдірет күш тек білім. Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы, білім мазмұнын жаңа оқулықтар арқылы жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңін жетік білетін, сырын меңгерген адамдарды дайындайтын мұғалім. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін мұғалім өзі оқытатын пәндердің ғылыми әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қолы жетеді. Қазіргі таңда әлемдік оқу процесінің өзегі жаңа технологиялар мектеп практикасына енгізілген.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру сапасындағы проблема - әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру оларды жүзеге асыратын мұғалімдерді даярлау.

Қандайда бір мамандарды даярлау қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі жәйт. Олай болатыны қоғамның әлеуметтік экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты оған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

1) Болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;

2) Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми әдістемелік базасын жасау, білім беру жүйесін жақсарту;

3) Дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;

4) Білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесін дамыта оқыту жүйесіне көшу.

Оқыту үрдісінде оқушы шығармашылығына негізделген оқыту әдістерін пайдалануға түбегейлі көшу.

Жалпы білім беретін мектептерде бүгін белең алып отырған кемшіліктер баршылық:

- білім сапасының төмендігі;
- білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқытудың нәтижесі болмауы;
- директивалық құжаттар көптеп шығарылғанымен оның мардымсыздығы;
- оқушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы;
- оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуіне жол ашу.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған басты міндеттемелердің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру.

Еліміздегі тәуелсіздіктің әсері қоғам дамуының барлық салаларын қамтып, әлемдегі жаңа мазмұнды озық тәжірибелерге негізделген оқу-тәрбие үрдісінің қалыптасуына ықпал етті.

Әрбір өсіп келе жатқан ұрпаққа тәлім-тәрбие беру, олардың рухани жаңарып жандануына тірек те, тетік те болатын мектеп екендігі бәрімізге белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Актобе. РИПК СО, 1999.
2. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - № 33-34
3. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1994.
4. Қазақстан Республикасында орта білімнің дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1997, 34 б.
5. Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қар-

қынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі. – 1998. - №11-12, 24-35 б.
6. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. - №3, 4, 1999.
7. Основы дидактики. / Под ред. Б.Т. Есипова. – М.,-1967.
8. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития (Книга 1). – Алматы: Научно-издательский центр “Ғылым”, 2001.
9. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы / баптары бойынша түсіндірмелерімен және оны жүзеге асыру негізіндегі құжаттар. – Астана, 2000.
10. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы, 1991.

УДК 371.212.2

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Саданова Ж.К.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интелектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Себебі ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет.

Сондықтан, қазіргі кезеңде мектептің негізгі жұмыстарын баланың жан-жақты дамуы мен қалыптасуына, олардың белсенділіктерін, жауапкершіліктерін арттыруға, мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға, озат тәжірибені жинақтауға, ғылыми негізде білімді тәжірибемен ұштастыру қажет.

Жалпы осы мәселе төңірегінде ғасырлар бойы жинақталған көптеген зерттеулер бар. Дегенмен бұл мәселе өз шешімін тапты, енді оның нақты жолдары мен әдіс-тәсілдері бар деп айта алмаймыз. Себебі дарындылық жан-жақты, түбегейлі зерттелгенімен ары қарай дамып, тоқтаусыз өзгеріп отыратын категория десек те болады. Дарындылық – адам бойындағы тума қасиет деп есептеледі. Талантты, дарынды балалар жөнінде 1975 жылы дүниежүзілік Кеңес құрылды. Көптеген елдерде дарынды балаларды әлеуметтік, психологиялық жағынан қолдау мақсатында арнайы бағдарламалар жасақталды. Осы мәселені зерттеуге педагогика мен психология ғылымының ғалымдары ат салысты. Бір-бірін толықтырып отыратын бұл ғылымдардың нәтижелерін қазіргі таңдағы білім беру мен оқыту, тәрбиелеу үрдістерінде байқауға болады десек те болады.

Өркениетті қоғамда дарынды балаларды бөлектеп оқыту XX ғасырдың 50-60 жылдарында басталып, оқытудың саралап, даралап білім беру принципіне көшкені мәлім. Көптеген шет елдердің білім беру жүйесінде қазір жоғары деңгейде жүргізілуде. Қазақстан Республикасында бұл мәселенің көптеген шешімдерінің бірі ретінде «Дарын» орталықтары ұйымдастырылып жүр. Мұндай орталықтардың жетіп жатқан жетістіктері де ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже беріп отыр десек те болады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек мектеп жасындағы балалардың 20 пайызы осы топқа жатқызылады екен. Біз дарынды деп белгілі бір қабілеті көпшіліктің орташа қабілетінен ерекшеленетіндерді айтып жүрміз. Өмір сүретін орта, берілетін тәрбие осы ерекшеліктің одан әрі дамуына көмектеседі немесе оны мүлдем жоқ қылады. Мәселен, саусағынан бал тамған зергердің табиғи алмазды бриллиантқа айналдырғаны сияқты, қолайлы ахуал, тамаша кәсіби ұстаздық кез келген қабілетті оқушыны дарынға айналдыра алады. Міне, осы бір айдай анық мәселе педагогика мен психологияда көптеген қиыншылықтардан өтіп, өз жолын енді тауып келеді.

Әлбетте, дарындылықтың тұқым қуалайтындығы, ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігі сөзсіз. Дарындылықты немесе ерекше қабілеттілікті балалық шақта жалпы, универсалдық тұрғыдан қарастырған жөн. Ал уақыт өтісімен, тұлғаның есеюімен бұл қабілет өзінің арнаулы қырларын көрсетеді, пәндік дәрежеге, мазмұнға ие болады.

Дарынды балалар мектеп бағдарламасын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық жұмысқа арнайды. Сурет салады, өлең жазады. Дарын өкілдерінің қуат – қабілетінің шарықтайтын шегі болады. Мұндайда олардың санасы барынша өткірленіп, мейлінше айқындалады, байқампаздығы онан сайын арта түседі.

Әрине адам өмірге өзіндік нышанмен, табиғи қасиеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы нышан мен туа біткен қасиеттерді дамытатын – ұйымдастырылған оқыту мен тәрбие үрдісі деп ойлаймыз.

«Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады.

Бала бойындағы ерекше қасиеттерді, оған жақын жасы үлкендер дұрыс жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер сияқты болып қалып қоюы мүмкін», - дейді американдық ғалымдар.

Жалпы білім беретін орта мектептерде оқушыларға білім берудің тиімді жолдарын іздестіру, жаңа технологиясын ойластыру қазіргі заманның көкейкесті мәселесіне айналған.

Баланың шығармашылық, ізденгіштік қабілеттерін дамыту өте ерте кезден бастап қолға алуды қажет етеді. Шығармашылық үшін икемді жас – орта буын. Бұл жастың ерекшелігі ойлау процесінің өзіндік ерекше стилі қалыптасады, түрлі болжамдар, ой, қиял, сезім шапшаңдығы көркем шешім таба алады. Бұл жастағы балалардың жан дүниесі нәзік, қаламы тез төселеді.

Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің әлемдік тәжірибелері, ғылыми бағыттары ескеріліп, негізгі төмендегі идеялар басшылыққа алынады:

- дарынды балаларды әлеуметтік және құқықтық қорғаудың ізгілігі мен бұқаралығы;
- дарынды балаларды іріктеу және олармен жұмыс істеуде биологиялық және әлеуметтік факторларды ескеру;
- дарынды балалармен үздіксіз, жүйелі жұмыс жүргізу;
- дарынды балаларды іріктеу үшін диагностикалық әдістердің жиынтығын қолдану;
- жеке тұлғаның дарындылық деңгейінің қалыптасуына орай оқу мен оларды одан әрі жетілдіруде арнайы жасақталған бағдарламалардың сәйкестігі;
- дарынды балалар мен оқытатын мұғалімдерді арнайы дайындау;
- инновациялық технологиялар мен әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- дарынды балалармен жұмыс істейтін жеке бағдарламалар дайындау.

Дарынды оқушылардың білімге деген талпынысы басқа оқушылардан өзгеше болып келеді. Дарынды оқушылар білім мазмұнын тез әрі терең түсініп, оған талдау жасай біледі. Дарынды оқушылармен жұмыс істеу үшін психолог мұғалімдер, сынып жетекшілері, тәрбиешілер арнайы дайындықтан өтуі қажет.

Дарынды балаларға арналған бағдарламада мынадай ерекшеліктер бар:

- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар;
- жүйелі бағдарламада (кезеңдермен);
- мектептің жалпы бағдарламаны толықтыратын бөлшегі;
- бағдарлама жеке-жеке және үзіліссіз жүргізіледі.

Мұғалімдер мен ата-аналарды педагогикалық-психологиялық білімін жетілдіру жөнінде теориялық, практикалық семинарлар жүйелі түрде өткізіліп отыруы тиіс.

Көбінде балалық шақта байқалатын табиғи нышандардың ойдағыдай қиысып келуінен туындайтын қабілеттің жоғары түрі дарындылық деп аталады. Қабілеттің осы түрінің сыры ғылымда әлі толық зерттелмеген. Дегенмен, дарындылық жоғары жүйке қызметінің тума типімен (мида жүйке байланыстарының шапшаң қозғалысқа түсе алуы, аса икемділікпен өзгергіштігі, сезім мүшелерінің ойдағыдай жетілуі т.б.) байланыста болып келетіндігі анықталып отыр.

Дарынды бала (ғылымда бұларды вундеркиндтер) мәселесі жөнінде әлемдік психологияда жазылған еңбектерде жинақталған нақты деректер аз емес. Өкінішке орай, оларды іздестіріп тауып алу, сондай-ақ, оқытып-тәрбиелеу жағы қазақ жұрты бүгінге дейін жөнді көңіл бөлінбей келе жатқан мәселе. Қазақ мектептерінің жағдайында осы жайттың ойдағыдай жүзеге асуына оралғы болатын факторлар да жеткілікті. Соның бірі көптеген мұғалімдер мен тәрбиешілердің психологиялық, педагогикалық білім жүйелерінің саяздығы, олардың жұмыс басшылығы, қабілетті шәкірттермен дербес жұмыс жүргізуге уақыт бөлмеу т.б. Осы айтылғандар әр ауыл мен мектептен ұшырасып қалатыны белгілі.

Ерекше қабілетті балаларға қамқорлық жасалып жатқан қазіргі кезеңде республикамыздағы көптеген колледждер мен лицейлер негізінен дарынды балалар үшін ашылған оқу орны әрине, мұндай оқушылар ел болашағы, оның интеллектін (ақыл-ой) қуатының баға жетпес резерві. Сондықтан да жер-жерден бұларды іздеп табу аса мәнді де адамгершілікті іс. Оларды

баулып, қамқорлыққа алу – баршамызға ортақ, халықтық шара, өйткені таланттар қай кезде де қандай қоғамның болса да іздесе таптырмайтын ұлттық рухани байлығы.

Дарындылық – адамның ой-өрісінің деңгейі мен өзіндік іс- әрекеттің ерекше өрістеуіне себепкер болатын адамның жан-жақты дамуының қайнар көзі, арнаулы қабілеттердің ойдағыдай дамуының нәтижесі.

Ерекше зейінділік, жинақылық, күрделі ақыл-ой жұмысына әрқашан да әзір тұру еңбекке ұмтылудың табандылыққа ұласуы, демалыспен есептеспей, қажымай – талмай еңбектену – дарынды балалардың басты ерекшеліктері. Бойкүйездік пен жалқаулыққа бой алдырмай, қолайсыз жағдайда да жұмыс істей алу, әр істі соңына жеткізбей тынбайтын табандылық, ауыр еңбектен ләззат алу, әр нәрсені талдау мен жинақтай алуға ерекше икемділік, таным аясының кеңдігі, ойлау белсенділігінің аса тұрақтылығы - ерекше балалардың өзін - өзі басқара алу қабілетінің басты көрсеткіші болып табылады.

Әр жерден оқта-текте кездесіп қалатын дарынды балаларды ұстаздық қырағылықпен көре біліп, оны арнаулы оқу орындарында оқытып-тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс. Үйде де, түзде де дарынды баламен жұмыс жүргізетін тәлімгердің жан-жақты білімді, әсіресе, бала жанын жазбай танитын сезімтал психолог болуы керек.

Дарындылық – ең алдымен сана мен жүйкенің сапалық көрінісі. Ол өзіне танымдылық, ерік-жігерлік, жеке дамулық ерекшеліктерді білдіреді. Сондықтан табиғаттың бұл дара құбылысын тани білу тек жүйелілік деңгейде, өзін қоршаған ортамен тығыз байланыста, ерекшеліктерін екшеуде жас мөлшері, қабылдау деңгейі көлемінде жүзеге асырылуы керек.

Дарындылық дегеніміз – үш байланыстың үйлесімділігі: жоғары ақыл-ой, креативтілік және нәтижеге жетудегі ынталылық. Осы үш қасиеттің біреуі болмаса адам дарын ретінде қалыптаспайды. Ақыл-ойдың жетіспеуінен адам жақсы нәтижеге жете алмайды. Нәтижеге жетем деген ынтасы болмаса нәтиже де болмайды. Ал креативті қасиеті нашар болса, ондай адам тек орындаушылық қасиетпен шектеледі. Адам сүйіспеншілікпен, жанымен қалап істеген ісін үнемі дамытып отырады. Бала өз қалауымен бастаған ісін жетілдірсе, дамыта ұйымдастырса, ол – шығармашылық, яғни дарынды баламен жұмыс істеуде алдымен нәтижеге жету ынтасын қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету өте маңызды. Дарындылықты анықтау үшін әр түрлі деректерді, бақылау бағалау нәтижелерін, тест, трекинг әдістерін қолдануға болады. Дарынды балаларды анықтау үшін пән мұғалімдері балаларды сабақ үстінде, әр түрлі істермен айналысу барысында бақылау, ата-анасымен әңгімелесу, жолдастарымен әңгімелесу арқылы, тест, тренинг қорытындысына қарай анықтайды.

Әр пән мұғалімдері әрбір оқушыға арналған педагогикалық-психологиялық карта жүргізіп, осы картаны толтыру барысында диагностикалық жұмыстар жүргізіп, әрбір оқушының зейінін, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, интеллектуалды, шығармашылық жұмысқа бейімділігі бағаланады. Осы зерттеу жұмыстары қабілетті және дарынды оқушыларды іріктеп топтастыруға ықпалын тигізеді. Сонымен қатар оқушы дарындылығын, ізденімпаздығын тудыруда оқушылардың ғылыми зерттеушілік қабілетін арттырудың маңызы өте зор.

Жалпы, дарындылықты анықтау, дамыту аса шеберлікті қажет етеді. Бақылауда асығыстық жасауға болмайды. Зерттелетін объектіні айқын белгілеу үшін белгілі педагогикалық-психологиялық әдістер қолданылады. Қай әдісті алсақ та бала табиғатын ұқпаған кісі, оны қанша әуре-легенмен еш нәтиже шығара алмайды. Яғни, мұғалім үшін бала жанын түсіну үлкен өнер, ол дәрігердің адам денесін, ұстаның ағаш және темірді білгеніндей өте қажет. Оқушыны алдымен қабілетіне қарап сыныптан шартты түрде даралаймыз. Бұл даралауда құпиялылық сақталады. Ол оқушының зерттеу объектісінде тұрғанын өзі және сыныптастары білмеу керек, яғни, бақылау табиғи түрде жүргізілуі керек. Оның сыныпта тапсырмаларды орындауға белсенділігі, ұтқыр жауаптары, жаңа сабақты жылдам меңгеруі, үй тапсырмасын орындаудағы тиянақтылық, қайталау сұрақтарына мүдірмеуі, т.с.с. есепке алынады. Зерттеу жүйелі жүргізуді талап етеді. Ба-

қылау немесе байқау әдісі арқылы бала ерекшеліктеріне, жалпы әрекеттеріне бақылау жүргізіледі. Әдіс шарттары:

1) байқау, ұзақ мерзім жүргізіледі;

2) мақсатқа жетуге айқын көрсеткіштер жинақтау, мысалы, мысалы жаттығуды орындауда неге мән береді;

3) бақылау құралдарының жеткілікті болуы және оның дер кезінде қағазға түсуі.

Сонымен қатар бала дарындылығын анықтауда әңгімелесу әдісін қолдануға болады. Мұнда алдын-ала жоспарланған сұрақтарымен қатар жанама сұрақтар рөлі ерекше. Әңгіме желісі кезінде оқушыны үнемі мәселені шешуге әкеп соқтырып отыру керек.

Ал дарынды балалардың потенциалды мүмкіндіктерін анықтауда тесттер қолданылады. Тестті топқа және жеке оқушыға жүргізуге болады. Осы кезде баланың есте сақтауы (аз уақыт аралығында сөзді есте сақтауы. Айтылатын сөздер тізбегі балаға таныс болуы тиіс. Аралығы жарты секунд. Жауапты балмен қорытындылайды) мен көзбен шолып анализ-синтез жасауы (балаларға 4 суреттен беріледі. Осылардың ішінен артық сурет сызылып тасталады. Баланың бейнемен таныстығы да ескеріледі. Балдық жүйемен бағаланады), көзбен салыстыруы (бірінші баған 2-ге бөлінеді. Оның біреуіне өзара сәйкестігі бар екі сурет салынып, сұрақ белгісі қойылады. Мысалы, тауық. Ал екінші бағанда мүмкін болатын суреттер тұрады. Мысалы, үйрек, әтеш, балапан, күшік. Бала сұрақ орнына қойылатын суретті іздейді. Мұндай салыстыруларды әр түрлі тақырыптардан алған дұрыс), сөзден тікелей анализ-синтез жасауы (4-5 сөз айтылады. Осылардың ішінен басқалармен сәйкестігі жоғын алып тастау керек), салыстыруы (бірінші екі сөз айтылады. Мысалы, сағат-уақыт, екінші бір сөз айтылады. Мысалы, градусник-? Содан кейін мүмкін сөздер тізбегі беріледі. Мысалы, сырқат, әйнек, төсек, температура, дәрігер), ойлауы (5-тен кейін қандай сан тұруы керек? 1, 3, 5... ? 4, 6, 7. Немесе ауызша айтылған сөздер ішінен ұзынын немесе қысқасын табу керек. Бірақ, айтылған сөздерде 2-3 әріпке айырмашылық болсын), пікіріндегі дәлдік, толықтық, жүйелілік (сұраққа жауап беруінде немесе әңгімелесу кезінде әрбір сөйлемге мән беруі, орынды пайдалануы, сөйлемді толық құруы) ескеріледі.

Жеке ерекшеліктері анықталып болған соң оларды дамыту жұмыстары басталады. Яғни, баланың мүмкіндігін толықтыру, жүйелеу, ғылыми негіздеуге жоспар құрылады.

Дарынды балалармен жұмыс жүйесіндегі негізгі тұлға – мұғалім. Мұғалім баланың ата-анасымен бірге оның дарынын алғаш байқаушы, дамытушы. Балаға білімін тереңдетуде, өз бетімен білімін көтеруге ақыл-кеңестерін береді, көмектеседі, көп жағдайда оқушының болашақ кәсіптік тағдыры мұғалімге байланысты деуге болады. Қазіргі кезде дарынды балаларды анықтауға, қолдауға, дамытуға көп мән беріліп отырғанына қарамастан мұғалімдерді дарынды балалармен жұмыс істеуге дайындау мәселелері қарастырылмаған. Мектептерде мұғалімдердің бұл мәселеде тәжірибелері аз, тіпті жоқ деуге болады. Ғылыми әдістемелік әдебиеттер өте аз. Сондықтан әр мұғалімнің дарындылықты анықтау, дамыту, зерттеуде өз көзқарас астары қалыптасқан.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей арнайы дайындықтан өтпеген мұғалімдерге тән кейбір педагогикалық-психологиялық жағдайлар:

- Мұғалімдер дарынды балалардың ішкі дүниесіне үңілмейді, немқұрайлы қарайды.

- Тіпті кейбір дарынды баланы жақтырмайды, себебі ол мұғалім беделіне қауіп төндіреді.

- Олардың ерекшеліктерін, диагностикалау әдістерін білмегендіктен дарындылықты анықтауда төмен көрсеткіштер көрсетеді.

- Дарынды балаларға көңіл аударғанымен, жұмысты ұйымдастыру әдістерін білмейді, тапсырманың санын көбейту тактикасын қолданады.

Бастауыш мектептерде дарынды балаларды оқыту барысында мұғалімдер заман талабына сай оқушыларды жан-жақты тұлға ретінде дамыта отырып оқыту ісі ерекше орын алуы қажет. Білім берудегі жаңа технологияларды өз тәжірибелерінде пайдалана отырып, білім сапасын жақсы деңгейде көтеру өзекті мәселе. Мектептерде «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғы-

сынан ойлау», «Тәй-тәй», Ж. Қараевтың деңгейлер оқыту, М. Жанпейісованың модульдік оқыту, Ш.А. Амонашвилидің адамгершілік – ізгілік педагогикасы, дамыта оқыту педагогикасы, т.б. технологиялар мен жобаларды кеңінен пайдалану қажет. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы кіші мектеп оқушыларының білім алуға деген ынтасын, қызығушылығын арттыруға болады.

Егер мұғалімдер дарынды балаларды анықтауда үлкен жауапкершіліктерін сезініп, болашақ елдің қамы үшін талмай, таянбай еңбек етсе, ерекше қабілетке ие балаларға үлкен мән берін, жүйелі жұмыс атқарса еліміздің ертеңі, шығармашыл, белсенді, креативті тұлға, дарынды, талантты ұрпақ тәрбиелеу ісі өз кезегінде оң шешімін табады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байдильданова Б. Дарындылықты дамытудағы мұғалімнің рөлі // Бастауыш мектеп, 2010. - №10. – Б. 11-13.
2. Адешова К. И. Дарынды балалармен жұмыс // Бастауыш мектеп, 2012. - №10. – Б. 57.
3. Қыдырова Н. Б. Дарынды балалармен жұмыс // Бастауыш мектеп, 2012. - №10. – Б. 66.
4. Иманғалиева А. Дарынды дамыту – ұстаз парызы // Қазақстан мектебі, 2001. - № 2. – Б. 59-61.
5. Жұмашев Қ. Дарынды тану және оқыту мәселелері // Қазақстан мектебі, 2002. - №1, 2. – Б. 23-27.
6. Губаева М. Қабілетті оқушыны дарындағы жеткізейік // Қазақстан мектебі, 2003. - №1. - Б. 48-49

УДК 372.874

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗГІ

Қилыбаева Г.К.

Қазақстан Республикасы Орта білімді қалыптастыру тұжырымдамасында: «шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Өйткені, адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да. Ол өзін-өзі шынайы болмысына бастайтын жол іздеуі керек. Адам өзін-өзі жетілдіруге де, сонымен қатар жоюға да қабілетті болады. Адам өз болмысын танып ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады», - деп көрсеткен.

Бастауыш мектепте бейнелеу өнері пәнін оқыту Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы орталық атқару органдары жыл сайын шығаратын ғылым негіздерін алдағы оқу жылында оқыту туралы нормативтік құжатқа сәйкес жүзеге асырылады. Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін оқытудың басты мақсаты – оқушыларды әдемілікке, сауатты сурет салуға үйрету, негізгі түстерді ажырату, өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің гүлдене түсуі өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін,еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін талап етеді.

Осыған орай Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңару жағдайы – бүгінгі таңда халықтың дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап,зерделеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбие, мол тәжірибе негізінде жас өспірімдерді тәрбиелеу қажеттігін тудырды. Сондай қажеттіліктің бірі – халықтың қолөнері, оның ішінде ою-өрнек

өнерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін қазіргі ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалана білу болып табылады.

Бейнелеу өнері әлемнің барлық халықтарына тән ертеден келе жатқан халықтық мұра болып саналады. Сонымен бірге әрбір ұлттың өз тұрмыс-салтына орай өзіндік қолтаңбасы бар екендігі де даусыз. Яғни, кез келген халықтың ою-өрнек өнерін, қол өнерін зерттей отырып, оның байырғы тұрмысы мен шаруашылығын, дүниетанымын анықтау мүмкіндігіне де ие бола аламыз.

Бұл саладағы зерттеу жұмыстары жүз жылдан аса уақыттан бері жүргізіліп келе жатқандығы мәлім. Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал жабдықтар да кіреді. Бейнелеу өнері нақыштары – қолды жаттықтыруға, суретшінің ойын, қиялын ұштауға таптырмайтын құрал - әдіс. Ою-өрнек суретшінің қолының икеміне әсем қимылдауын, сызықтың әдемі де айқышты болып сызылуын қалыптастырады.

Балаларды суретке үйретудің әдістемелік құралдарында әлі күнге дейін өрнек салуға оны дұрыс танып білуге онша көп мән берілмей келген. Әдістемелік құралдардың көбінде бірінші орынға долбар (набросок) салуды мақсат етіп қояды. Ал ою-өрнек Орта Азия мен Қазақстан халықтары үшін ең негізгі безендіру құралы болып саналған. Сонымен қатар сурет өнері, қолөнері дамыған Шығыс елдерінде ең алдымен ою-өрнекке, оның салу жолдарына көп көңіл бөлінген. Бейнелеу өнері қазақ елінде кеңінен өркендеді, екінің бірі оюшы, он саусағынан өнер тамған шебер болды. Әжелеріміз киіз басып, сырмақ сырғанда, сәндік кілемдерді безендіргенде жасының ұлғайғандығы, күш қуатының кемігендігінде қарамастан, өрнек нақыштарын композициялық шешімі мен түс жарасымдығын дәл, нақты, әсем етіп орындай білген. Қазіргі кездің өзінде қолы шебер ата-әжелеріміздің жасаған өнер туындыларына таңғалмай тұра алмайсың.

Қазақтың жеңіл тәсілдегі бейнелеуді дәптер бетіне түсіруден бұрын, тақтаға әр балаға салғызып, қолын жаттықтыра отырып үйрету қажет. Содан соң акварельмен не түсті бояу қарындашпен салуды бастау қажет. Әр оқушының суретке деген қызығушылығын, ою-өрнекке деген қызығушылығын арттыру үшін жеке тұлғаны дамыту үшін, үнемі салған, жасаған еңбегін мадақтап отыру міндет.

Бастауыш сыныптан бастап оқушы жаңа білім алады. Әр нәрсеге зейін қоя отырып, оларды бір-бірінен ажырата алады. Орта және жоғары сыныптарда білімді игерудің нәтижелі болуы бастауыш мектептердегі білім негіздеріне байланысты екендігін дәлелдеудің қажеті жоқ сияқты.

Білім негізі – бастауыш сыныпта. Ертеңгі ел тізгінін, ел қолына алар азаматтар бүгін мектеп қабырғасында. Оларды саналы, білімді өркениетке лайықты азамат етіп шығару, ұстаз алдындағы өрелі міндет.

Осындай мектептің алдында тұрған міндеттерді шешуге бастауыш сыныптардың қосатын үлестері көп, яғни бастауыш сынып оқушыларының табиғи материалдармен жұмыс істеу арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру және дамыту бүгінгі уақытта заман талабы. Сондықтан аталмыш тақырыптарды өзекті деп танып алдымызға төмендегідей мақсат қойдық.

Бейнелеу өнері пәнінің беделін көтеру үшін мына мәселелер жүзеге асырылады:

- қазақ халқының қолөнер туындыларының шығу тарихы мен жасалу технологиясын зерттеу;
- тәжірибе жүзінде меңгеру;
- халық қолөнерін зерттей отырып, оқу-тәрбие үрдісінде оларды тиімді пайдалану, оқыту әдістемесін құру;
- оқушыға ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы ұлттық санасын қалыптастыру;
- қолөнердің бала тәрбиесіндегі қажеттілігін, тәрбиелік маңыздылығын айқындау;
- ата кәсіпті қайта дамыту, ата мұраны қалыптастыру, мәдени дамуымызға үлес қосу;
- қолөнер туындыларын көрме арқылы көрсету;
- сыныптан тыс еңбек тәрбиесін ұйымдастыру;
- өнерге дарынды және талантты оқушыларды тарту және олармен жеке дара жұмыстар жүргізу;
- баланы кәсіби еңбек түрінде және өнертануға баулу;

- өз білімімді күнделікті жетілдіру;
- шығармашылық еңбекті жүйелеу мен оны белсенді түрде тұрақты түрде жүргізу;
- жұмыс барысында әдістелік ғылыми іс-шаралар ұйымдастырып есеп беру;
- бейнелеу өнеріне талдау жасау;
- бейнелеу өнеріне өмір талабына сай, мектеп формасына, оқу жоспарына сәйкес жүргізу;
- педагогикалық ізденіспен еңбек ету;
- Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуындағы мәдени дамуына үлес қосу.

Бұл маңызды мәселелер жылдар бойы өз шешімін дер кезінде тауып, өмір арнасының ең негізгі объектісі – мектеп өміріне қызмет жасауда.

Оқушыларды еңбекке оқыту мен тәрбиелеуде алға қойған мақсаттары:

- баланың бейнелеу өнеріне қабілеттілігін дамытып, жетілдіру, еңбекті сүюге баулу;
- баланы бейнелеу өнеріне машықтандыру арқылы іске икемділігін, іскерлік пен шеберлікті қалыптастыру;
- бейнелеу өнеріне табысты шығармашылықпен орындауға, ерікті түрде еңбек етуге үйрету, еңбекке қызығушылықтарын арттыру;
- баланың өзін-өзі тану қабілетін жетілдіру және оған ықпал жасау;
- баланың ұлттық санасын қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу;
- білім тәжірибе негізінде еңбекті сапалы, өнімді етіп жасауға және кәсіби еңбек түрі мен өнертануға баулу;
- ата-мұраны қалыптастыру және дамыту;
- баланың білім деңгейін, іскерлік дағдыны игеру дәрежесін және толықтылығы мен тереңдігін, сапалығын жақсарту, оқыту жүйесін жетілдіру;
- оқытудың негізгі ұстанымдарын анықтау және басшылыққа алу;
- балаға білім алу үшін оңтайлы жағдай туғызу;
- баланы жалқаулықтан сақтау;
- бала еңбегін ынталандыру және насихаттау;
- мұғалім мен оқушының ара-қатынасын неғұрлым жақсы жолға қойып, өзара сенім туғызу;
- балаға бақылау жасау;
- жұмыс орнының гигиеналық тазалығын сақтау;
- мектеп ережесін орындауға талап қою;
- әр оқушыға жеке әдіспен амал қолдану.

Осы мәселелерді толық жүзеге асыру арқылы ғана көп жетістіктерге жетеміз.

Ең бастысы мектептегі бейнелеу өнеріне арқылы болашақ мамандығына икемделіп бағдары да қалыптасуы мүмкін. Сонда да олар ертеңгі күні өз ісінің шеберлері атана алатыны сөзсіз. Тек бір ғана еңбек тәрбиесімен шектеліп қана қоймай, адамгершілік, эстетикалық, экономикалы тәрбиелердің де өзара байланысты болғаны абзал. Себебі өз мамандығын шебер меңгерген қандай маман болсын, қазіргі заман талабына сай экономикалық сауатты болып, адамдар арасында қызуқанды қарымқатынас орната алмаса өзі еңбек ететін ұжымында ілгері сүйрей алмайтыны түсінікті.

Оқушыларға сапалы білім берудің негізі – оқытудың әдістемесінде және оны дұрыс ұйымдастыруда.

Бейнелеу өнері сабағының маңызды мәселелерін шешу мақсатындағы әдістемелер:

- оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жүйелеу;
- еңбекті мақсаткерлікке бейімдеу;
- педагогикалық ізденіс;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары және зерттеу жұмыстарының ұстанымдары. Олар:

1) қолөнер туындысының жасалу технологиясы, шығу тарихы, этнографиялық мәні, т.б.;

2) зертханалық әдістер, зертхана жұмыстары;

3) диагностика;

4) талдау.

- сыныптан тыс жұмыстар;
- шығармашылық есептер, семинар өткізу;
- ашық сабақтар, айлық өткізу, көрме ұйымдастыру;
- авторлық курстар;
- кабинет жабдықтау жұмыстары;
- оқушы еңбектерін көрсету (бейнефильм, көрме, альбом, ынталандыру, газет-

терге жариялау т.б.).

Оқушыларды бейнелеу өнеріне тәрбиелеу және оқытудағы ең негізгі ой пікірім - баланың толық білім алуына ықпал жасау. Баланың рухани және денесінің үйлесімді дамуына ой мен дене еңбегін байланыстыру. Ілім мен тәжірибені байланыстыра отырып, баланың ой-өрісін жанжақты дамыта отырып, тиянақты ғылыми негізде білім беру.

Сонымен қатар мазмұнында тоқу, өру т.б. тәсілдерін меңгертетін материалдар, табиғи материалдардан әртүрлі бұйымдар жасаудан техникалық негізін үйретететін және оқушылардың өзін-өзіне қызмет ету жұмыстары қамтылады.

Бұл жұмыстар оқушылардың ұлттық санасын оятып, ата-баба мұрасын қолданып, түсінуге ұмтылады. Оқушылар басқа пәндерден алған іскерлігін еңбек сабағында тәжірибе жүзінде пайдаланылады. Өз кезегінде елес, образ, түсінік – технологиялық сөздің нақты қоры басқа сабақтардың қорыту негізінде үрдісі болады .

Қазіргі білім мазмұнына жаңартуына байланысты халықтың қолданбалы қолөнерін еңбек сабағына енгізе отырып, ол туралы оқушыларға бірінші сыныптан бастап түсінік қалыптастыруды қажет етеді. Алғашқы еңбек дағдылары тұрақты да сенімді болып өзгешеленеді. Сондықтан да алғашқы сабақтан бастап, оқушыларға жұмыс істеу әрекеті тапсырманы дұрыс орындау, жұмыс орнын таза, мұқият ұстауға жұмсалатын материалды үнемдеуге көзделеді.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында баланы еңбекке баулу жүйелі білім берудің тәрбиелеудің дамытудың негізгі бір бөлігі болып табылғаны мен мектеп бағдарламасы мен оқулықтарына барлық жетістіктерін енгізу мүмкін емес. Сол себепті оқушылардың бастауыш сыныптардан бастап-ақ сапалы оқыту және өздігінен білім алуға деген талпыныс негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Осыған орай мектеп табалдырығын аттаған оқушы ғылым негіздерінің жаңалықтарынан хабардар болады. Кейін сабақта үйірме жұмыстарында, білімі мен іскерлігін одан әрі дамытуға тиіс. Бұл өскелең өмір талабы.

Бастауыш саты оқушының білімге деген көзқарасын қалыптастырып, тәрбие процесінің қуатты жүретін кезеңі. Үйірме жұмысының бағдарламасы да белгілі.

Оқыту мен тәрбие үрдісінде белгілі бір өнер туындысын дүниеге әкелу керек. Бірінші оқушыларға теориялық білім беру керек. Теорияға мына төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1) заттың жасалу технологиясы;

2) заттың жасалу операциялары;

3) затты жасауға арналған құралдар және оларды қолдану әдістері;

Екінші теория негізінде алған білімін тәрбиеге енгізу (тәжірибелік еңбек).

1) қол еңбекпен шұғылдану;

2) өз бетімен еңбекпен шұғылдану;

3) жұмысты табысты шығармашылықпен орындау;

4) адамдағы талант пен дарынның байқалуы;

Үшінші мәселе білім мен тәрбиенің ғылымилығы. Оның ұстанымдары мыналар:

1) заттың шығу тарихы;

2) жас ұрпақтың беретін тәрбиесі және оның маңызы, тәрбиелік мәні;

3) өнертануы;

4) жалпы тәрбиенің нәтижелілігі мен тиімділігі.

Жас ұрпақты еңбекке даярлау, оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің келешегін анықтау бүгінгі күннің талабы.

Еңбекке оқытудың мазмұнына оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру мақсатында ұлт дәстүрін, мәдениетін, халықтың қолданбалы өнері мен кәсіпшілігін енгіздім.

Дарын баланың бойындағы сана белсенділігі мен таным белсенділігі тума қабілет. Ол қабілет мектепте саналудан ғылыми салалардан білім алу арқылы және тәжірибелі ұстаздардың көмегі арқылы ашылады.

Қабілет ата-аналарынан да беріледі. Сол қабілетті ата-аналары мен ұстаздары ары қарай дамытып, оны ары қарай жетілдіруге міндетті. Бала бойындағы дарын өзіне қажет өнермен қамтамасыз етілмей, жұмыстары жетілмей қалса, онда қабілеті жабық күйінде қалуы да мүмкін.

Осыған орай, ұлттық өнеріміздің дамуына өз үлестерін қосқан алдынғы буын ағалар, қылқалам шеберлері Ә. Қастеев, О.

Таңсықбаев, А. Толыбаев, М. Өскенбаев, М. Жалкин, З. Қадыров сияқты есімдер бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларын толықтыра түсті.

Олардың ізбасарлары ретінде Х. Наурызбаева, А. Ғалымбаева, Г. Исмаилова, Қ. Мәмбеев, С. Романов, М. Кенбаев, К. Шаяхметов т.б. маман суретшілерді атап өтуге болады.

Психолог–ғалымдар Я.С. Выготский, Я.В. Занков, Д.В. Эльконин, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың психологиялық және педогогикалық еңбектерінде баланы жан-жақты дамыта оқытудың бір жолы - өнер екендігі дәлелденген.

Бейнелеу өнерімен айналысу – оқушының жеке тұлғасын дамытуға арналған маңызды құрал. Бұл балалардың қызығушылық көлемін кеңейтуге, олардың эстетикалық мұқтаждықтарын тәрбиелеуге, олардың ойларын, шығармашылық қиялын, есте сақтау қабілетін, шынайылыққа және эстетикалық қарым – қатынасын дамытуға көмектеседі.

Бейнелеу өнері пәнін оқыту оқушылардың көркем эстетикалық талғамын, яғни көру, сезу, түсіну арқылы оларға эстетикалық білім және тәрбие беру мақсатын көздейді.

Осы негізде Ґазақстан Республикасы көлеміндегі ғалым зерттеушілер К. Ақышев, Х. Арғынбаев, Е. Асылханов, Т. Басенов, Ж. Балкенов, Ә. Қамақов, Б. Әлімхамбетов, С. Қасиманов, М. Қадырбаева, С. Жолдасбекова, О. Сатханов, Қ. Жеделов т.б. еңбектерінде өнер арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселелерінің теориялыґ негіздері ашылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вишнякова Н.Ф. Креативная психопедагогика: Монография. – Ч.1. – Минск, 1995. -240 с.
2. Аболин Л.М. Образовательное пространство нового типа: принципы, способы, внутренняя организация / Л.М. Аболин, Л.Ф. Блинова. – Казань: Карпол, 1997. – 155 с.
3. Айдарова З. Бастауыш мектеп оқушысының шығармашылық қабілетін дамыту // Бастауыш мектеп. – 2003. - № 10. – 3-4 бет.

УДК 37.09

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕХОДА К КОМПЕТЕНТНОСТНОЙ МОДЕЛИ ОБУЧЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Вильде В.В.

В течение последних лет казахстанская школа готовится к переходу на принципиально новое обучение, и этот шаг является важным для вхождения в мировое образовательное пространство. Согласно Концепции среднего образования Республики Казахстан, основным критерием отбора педагогических технологий является равноправие субъектов обучения, активная роль обучающихся в учебном процессе.

Переход на модель данного образования не значит лишь увеличение продолжительности периода обучения в средней школе, он заключается в изменении содержания, улучшении качества и предоставлении не только знаний, но и компетенций, а также умения применить их в жизни.

Таким образом, одной из главных целей современного образования видится развитие личности ребёнка на основе развития компетентностей.

Поэтому формирование ключевых компетентностей сегодня становится главной целью обучения, так как даст возможность ученику повысить свои учебные достижения и решает вопросы адаптации младшего школьника в обществе.

Прежде чем перейти к вопросу о компетентностной модели обучения младших школьников, нам нужно познакомиться с понятием «компетенция».

Баяндина С.Ж. предлагает своё определение: «... Компетентность - это готовность к выполнению определённых функций, а компетентностный подход в образо-

вании есть не что иное, как целевая ориентация учебного процесса на формирование определенных компетенций. Компетенция - готовность человека к мобилизации знаний, умений и внешних ресурсов для эффективной деятельности в конкретной жизненной ситуации неопределённости» (1).

Впервые идея формирования ключевых компетентностей в учебном процессе была выдвинута экспертами Совета Европы, в «Европейском проекте» по вопросам образования. Компетенции широкого спектра использования, обладающие определенной универсальностью, получили название ключевых.

Ключевые компетентности – наиболее общие (универсальные) способности и умения, позволяющие человеку понимать ситуацию и достигать результатов в личной и профессиональной жизни в условиях возрастающих динамизма современного общества.

Важным компонентом компетентностей является опыт – интеграция в единое целое усвоенных человеком отдельных действий, способов и приемов решения задач.

Совет Европы определил 5 ключевых компетенций, которыми должны быть оснащены молодые европейцы:

1. Политические и социальные компетентности – способность брать на себя ответственность, участвовать в принятии групповых решений, разрешать конфликты ненасильственно, участвовать в принятии групповых решений, разрешать конфликты ненасильственно, участвовать в поддержании и улучшении демократических институтов.

2. Компетентности, связанные с жизнью в многокультурном обществе, или межкультурные компетенции - толерантность, принятие различий между людьми, уважение других, способность жить с представителями иных культур, языков и религий.

3. Компетентности, относящиеся к владению устной и письменной коммуникацией, которые особенно важны для работы и социальной жизни, с акцентом на то, что людям, не владеющим ими, угрожает социальная изоляция (в этом же контексте владение более чем одним языком).

4. Компетентности, связанные с возрастанием информатизации общества, - владение информационными технологиями, понимание их применения, способности к критическому суждению в отношении информации, распространяемой масс-медийными средствами и рекламой.

5. Способность учиться на протяжении жизни как основа непрерывного обучения в контексте как личной профессиональной, так и социальной жизни.

Наряду с западными, существуют разнообразные классификации, в составе которых представлены ценностно - смысловая, общекультурная, учебно - познавательная, информационная, коммуникативная, социально-трудовая компетенции и компетенция личностного самосовершенствования. Наиболее убедительная классификация представлена в работах А.В. Хуторского и его последователей:

1. Средства мировоззренческой ориентировки (ценностно-смысловая компетентность);

2. Знания и умения в определенной сфере (учебно-познавательная, информационная, коммуникативная, социально - трудовая компетентности);

3. Круг вопросов, по которым следует быть осведомленным (общекультурная компетентность);

4. Основание для освоения способов физического, духовного и интеллектуального саморазвития (компетентность личностного самосовершенствования).

При этом образовательные компетенции дифференцируются А.В. Хуторским по тем же уровням, что и содержание образования:

- ключевые (реализуемые на метапредметном, общем для всех предметов содержании);

- общепредметные (реализуемые на содержании, интегративном для совокупности предметов, образовательной области);

- предметные (формируемые в рамках отдельных предметов) (3).

Подробнее остановимся на изучении ключевых компетентностей. Перечень ключевых компетентностей зависит от тех ценностей, которые считаются значимыми

на данном этапе развития социума. Тем не менее, можно выделить ядро (минимум) ключевых компетенций, которые в меньшей степени зависят от конъюнктуры и ориентированы на долгосрочную перспективу. В это ядро обязательно будет входить коммуникативная компетенция, без которой невозможна социализация индивида. Следовательно, одна из задач современной школы – формирование коммуникативной компетенции школьников на протяжении всех лет обучения и средствами всех учебных предметов.

Ключевые компетентности определяют реализацию специальных компетентностей и конкретных компетентностей. Одни и те же ключевые компетентности обеспечивают продуктивность различных видов деятельности. Компетентность не может быть изолирована от конкретных условий ее реализации и должна постоянно совершенствоваться. Различают множество типов компетентностей, направленных на решение теоретических и практических задач. Казахстанский Госстандарт использует ключевые компетентности как образовательные результаты выпускника начальной школы, и выделяет их три (2):

- компетентность разрешения проблем (самоменеджмент);
- информационная компетентность;
- коммуникативная компетентность.

Здесь важно не только совпадение, но и взаимосвязь ключевых компетентностей, взаимосвязь компетентностей показана в рис. 1.

Безусловно, эта схема не отражает всего многообразия компетентностей и отношений между ними. Содержание ключевых компетентностей может пересекаться. Например, в ситуации, когда носителем информации является человек, одновременно активизируются информационная и коммуникативная компетенция. Взаимосвязь ключевых компетентностей мы можем проследить на рис. 1.

Рис. 1. Взаимосвязь ключевых компетентностей

Эти ключевые компетентности представляют собой совокупность компетентностей, включающей в себя элементы логической, методологической, общеучебной деятельности, соотнесенной с реальными познаваемыми объектами. Сюда входят знания и умения учащихся, такие, как: целеполагания, планирования, анализа, рефлексии, самооценки учебно - познавательной деятельности. Ученик овладевает креативными навыками продуктивной деятельности: добыванием знаний непосредственно из реальности, владением приемами действий в нестандартных ситуациях, эвристическими методами решения проблем. Рассмотрим более подробно ключевые компоненты данных компетентностей в виде схемы на рис. 2.

Рис. 2. Компоненты ключевых компетентностей младшего школьника

В рамках этих компетентностей определяются требования соответствующей функциональной грамотности: умение отличать факты от домыслов, владение измерительными навыками, использование вероятностных, статистических и иных методов познания.

Их усвоение обеспечивает функциональную грамотность, а она, в свою очередь – социализацию, потенциальную эффективность и профессиональной деятельности.

